Несмотря на высокую привлекательность сферы информационных технологий, преподавание информатики также сталкивается с рядом факторов, снижающих интерес учащихся. Среди них – восприятие предмета как излишне абстрактного и оторванного от реальной жизни, однообразная подача материала, отсутствие индивидуализации учебного

процесса и слабая демонстрация практической значимости информатики. Кроме того, страх совершить ошибку при работе с техникой может подавлять инициативу и снижать уверенность. Преодоление подобных барьеров требует от учителя гибкости, творческого подхода и постоянного поиска эффективных методов вовлечения школьников в увлекательный и практически значимый мир информатики. [2]

Одним из наиболее действенных способов повышения мотивации к обучению является использование активных методов обучения, которые вовлекают школьников в процесс познания через практическую деятельность. Такие подходы стимулируют интерес, развивают инициативу и делают уроки более насыщенными и увлекательными.

Геймификация — эффективный метод, позволяющий внедрять игровые элементы в учебный процесс. Она превращает рутинные задания в увлекательные состязания, повышая вовлечённость учащихся. Использование цифровых сервисов, таких как *Kahoot!, Quizizz* и *Mentimeter*, позволяет организовать интерактивные викторины с ограничением по времени, начислением баллов за правильные ответы и выводом рейтинга в реальном времени. Элемент соревнования мотивирует учеников, а обсуждение ошибок способствует лучшему усвоению материала.

Проблемное обучение предполагает постановку перед учащимися реальных жизненных задач, решение которых требует анализа, поиска информации и применения знаний. Такой подход формирует уверенность в собственных силах. Например, при изучении алгоритмов можно предложить учащимся составить пошаговую инструкцию по чистке зубов в виде блок-схемы. Это позволяет не только логически структурировать действия, но и осознанно проанализировать процесс.

Исследовательская деятельность способствует развитию критического мышления и любознательности. Небольшие самостоятельные исследования, например, изучение принципов работы поисковых систем (Google, Yandex и др.), позволяют учащимся познакомиться с такими понятиями, как индексация, ранжирование и алгоритмы поиска. Проведение экспериментов с поисковыми запросами помогает понять, как формируются результаты и как на них влияют ключевые слова.

Проектная деятельность открывает возможность для практического применения знаний. Разработка собственных IT-проектов не только развивает навыки программирования и системного мышления, но и даёт школьникам чувство удовлетворения от достигнутого результата, усиливая мотивацию к дальнейшему обучению.

Таким образом, внедрение активных методов обучения формирует у учащихся важнейшие навыки: самостоятельность, критическое мышление и творческий подход к решению задач, что делает процесс изучения информатики более осмысленным и увлекательным.

Важную роль в формировании устойчивого интереса к учебе играет создание благоприятной образовательной среды. Интерактивность и визуализация при помощи мультимедийных средств делают процесс обучения более ярким и доступным для восприятия. Такие подходы способствуют глубокому пониманию учебного материала и повышают вовлечённость учащихся. Например, использование онлайн-симуляторов, таких как *Cisco Packet Tracer*, позволяет школьникам безопасно осваивать принципы настройки сетевого оборудования в виртуальной среде, что делает обучение более практикоориентированным и увлекательным.

Персонализированный подход учитывает индивидуальные особенности и уровень подготовки каждого ученика, повышая релевантность и комфорт учебного процесса. Это способствует росту уверенности и внутренней мотивации. Не менее важны положительная обратная связь и система поощрения, которые создают ощущение поддержки и признания, побуждая учеников к дальнейшим усилиям.

Атмосфера сотрудничества и уважительного общения способствует возникновению диалогов, дискуссий и совместной работы. Такое взаимодействие стимулирует интерес к предмету и усиливает желание активно участвовать в образовательном процессе. Подобная среда не только улучшает усвоение знаний, но и формирует позитивное отношение к обучению в целом.

В заключение, можно отметить, что повышение мотивации на уроках информатики требует комплексного подхода. Это включает в себя использование активных методов обучения, создание продуктивной образовательной среды, а также демонстрацию практической значимости предмета в контексте реальной жизни.

Список литературы:

1. Мотивация учения. Причины снижения, https://shcool5.edusite.ru/p52aa1.html

2. Снижение и потеря мотивации к обучению, ЦППР, 2022 г., https://le-astana.kz/psihologicheskaya-sluzhba/586-snizhenie-i-poterja-motivacii-k-obucheniju-osnovnye-faktory-i-prichiny.html

3. Литвинов В.А., О повышении мотивации к обучению информатики, 2015, https://cyberleninka.ru/article/n/o-povyshenii-motivatsii-k-obucheniyu-informatike

ГЕЙМИКАЦИЯ ЖӘНЕ ВИРТУАЛДЫ ШЫНДЫҚ (VR): ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Жансүгірова Айнұр Ақылесқызы

Ақтөбе қаласы № 52негізгі мектебінің математика-информатика пәнінің мұғалімі

Цифрландыру дәуірінде білім беру жүйесі түбегейлі өзгерістерге ұшырап, оқыту әдістері мен тәсілдеріне жаңа талаптар қойылуда. Әлемдік технологиялық үрдістердің дамуы оқушының білім алу тәсілін, мұғалімнің сабақ беру стилін, тіпті мектептің жалпы құрылымын жаңартуға себеп болуда. Мұндай жағдайда білім беру үдерісінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану қажеттігі туындайды. Солардың ішінде геймификация (ойын элементтерін білімге енгізу) мен виртуалды шындық (Virtual Reality – VR) технологиялары ерекше маңызға ие. Информатика пәні – бұл технологияларды тереңінен игеріп, қолдануға ең бейім пәндердің бірі. Бұл баяндамада аталған әдістердің білім беру саласындағы орны, оларды информатика пәнінде қолданудың теориялық және практикалық мүмкіндіктері жан-жақты талданады.

Геймификация – білім беру үдерісіне ойын дизайны элементтерін енгізу арқылы оқушының танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған тәсіл. Бұл әдіс оқытуды қызықты әрі динамикалық етеді. Информатика сабағында геймификацияны қолдану барысында ұпай жинау, деңгейлерден өту, марапат жүйесін енгізу сияқты элементтер оқушылардың сабаққа белсенді қатысуына ықпал етеді. Оқушылар тапсырмаларды ойын түрінде қабылдай отырып, олардың мазмұнын тереңірек түсінуге тырысады.

Практикалық тұрғыда мұғалім CodeCombat, Scratch, Tynker сияқты онлайн платформаларды пайдалана отырып, бағдарламалау негіздерін оқушыларға ойын арқылы түсіндіре алады. Мысалы, оқушы ойын кейіпкерін код арқылы басқару арқылы алгоритм құруды меңгереді. Мұндай тәсіл бағдарламалау тілдерін меңгеруде қиындық көретін оқушылар үшін тиімді, себебі тапсырмалар біртіндеп күрделеніп, мотивацияны сақтауға мүмкіндік береді.

Ойын элементтері тек бағдарлама жазуды үйрету ғана емес, сонымен қатар логикалық ойлау, командалық жұмыс, шешім қабылдау дағдыларын да дамытуға көмектеседі. Сабақта ойынның сюжеттік желісін құру арқылы оқушыларды нақты мақсаттарға бағыттап, олардың қызығушылығын үздіксіз арттыруға болады.

Виртуалды шындық – шынайы әлемге ұқсас, бірақ цифрлық түрде жасалған кеңістік. Мұндай технологияны білім беру үдерісінде қолдану күрделі ақпаратты визуализациялап, оны нақты өмірмен байланыстыра отырып түсіндіруге жағдай жасайды. Информатика пәні үшін бұл ерекше маңызды, себебі бұл пәнде көптеген теориялық ұғымдарды көрнекі түрде көрсету қажеттілігі туындайды. Мысалы, VR көмегімен оқушылар компьютердің ішкі құрылымын үш өлшемді модель арқылы көре алады. Процессор, жедел жады, желілік карта секілді компоненттердің жұмыс істеу логикасын тек мәтін немесе сурет арқылы емес, виртуалды

кеңістікте жан-жақты бақылауға болады. Бұл оқушының кеңістіктік ойлау қабілетін дамыта отырып, күрделі ұғымдарды жақсы меңгеруге мүмкіндік береді.

VR құрылғылары ретінде Google Cardboard, Oculus Rift, HTC Vive сияқты құралдарды қолдануға болады. Қазіргі таңда мектептерде қолжетімді әрі бюджеттік VR шешімдер де бар. Мұғалімдер оқушыларға арналған дайын контентті немесе өздері құрастырған 3D әлемді пайдалану арқылы тиімді сабақтар жүргізе алады.

Геймификация мен VR технологияларын біріктіре қолдану – білім беру саласындағы озық тәжірибелердің бірі. Бұл технологиялар үйлесімді түрде қолданылған кезде оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артып қана қоймай, олардың зерттеушілік, шығармашылық қабілеттері де дамиды. Информатика пәні аясында оқушылар виртуалды әлемде белгілі бір алгоритм құру арқылы кейіпкердің іс-әрекетін басқаруы, тіпті бағдарламалық өнім жасап шығуы мүмкін. Мұндай оқыту формасы нақты тәжірибеге негізделген және жобалық оқыту әдістерімен де тиімді ұштасады. Геймификация мен виртуалды шындық элементтерін қолдану үшін дайын платформалар мен құралдар кеңінен қолданылады. Мысалы, "Minecraft Education Edition" арқылы оқушылар виртуалды әлемде логикалық құрылымдар мен алгоритмдерді құруға машықтанады. Бұл платформа – шығармашылық ойлауды дамытуда таптырмас құрал.

"CoSpaces Edu" платформасында оқушылар VR әлемін өздері жобалап, сценарий жазып, объектілерге әрекеттер мен кодтар арқылы командалар бере алады. Бұл бағдарламалау тілдерін үйретуде, анимация және үш өлшемді графика салаларын түсіндіруде ерекше тиімді. Сонымен қатар, "Google Expeditions" арқылы оқушылар компьютерлік жүйелер, желі инфрақұрылымы, ақпараттық қауіпсіздік туралы тақырыптарды виртуалды саяхат ретінде зерттей алады. Мұғалім бұл құралды сабақ құрылымына бейімдеп, нақты мақсаттарға бағыттай отырып қолдануы тиіс.

Геймификация және VR технологиялары оқытуды дараландыруға және инклюзивті білім беруге қолайлы жағдай жасайды. Оқушылар өз қарқынымен жұмыс істей алады, тапсырмаларды жеке бейімдеуге болады. Әсіресе ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар үшін мұндай технологиялар оқытуда тең мүмкіндік ұсынуға көмектеседі. Мысалы, көру қабілеті шектеулі оқушылар үшін дыбыстық сүйемелдеу, ал есту қабілеті төмен оқушылар үшін визуалды нұсқаулықтар қолдануға болады. Бұл оқыту үрдісін әрбір оқушының қажеттілігіне қарай бейімдеуге мүмкіндік береді.

Білім берудің жаңа кезеңі – бұл тек цифрлық құралдарды қолдану ғана емес, сонымен қатар оқытудың мазмұны мен әдістерін түбегейлі қайта құру кезеңі. Информатика сабағында геймификация мен виртуалды шындық технологияларын қолдану – осы үдерістің нақты көрінісі. Бұл технологиялар тек пән мазмұнын меңгеруді жеңілдетіп қана қоймай, оқушылардың зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерін дамытып, жаңа білімді игеруіне ынталандырады. Сонымен қатар, олар білім алуды өмірмен байланыстыруға, оқытуды дараландыру мен инклюзияны жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Заманауи мұғалім осындай құралдарды меңгеріп, оларды сабағына тиімді кірістіре отырып, болашақ цифрлық қоғамның белсенді әрі білімді азаматтарын тәрбиелеуге үлес қосуы тиіс.

Геймификация мен виртуалды шындық – бұл тек уақытша тренд емес, ол – болашақтың білім беру форматы. Осы технологияларды тиімді қолдану арқылы информатика пәні оқушылар үшін қызықты, мағыналы әрі нәтижелі бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жолдасбекова Г. «Цифрлық технологиялар және білім беру». – Нұр-Сұлтан, 2021.

2. Azuma, R. (1997). *A Survey of Augmented Reality*. Presence: Teleoperators and Virtual Environments.

3. Жүсіпов М. «Информатика пәнінде AR/VR технологияларын қолдану». – «Білім беру технологиялары» журналы, 2022.

СОВРЕМЕННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ОБРАЗОВАНИИ

Жарикова Менслу Наушевна
КГУ «Средняя школа №35 имени Халела Досмухамедулы»
Педагог – исследователь, учитель математики
г. Актобе, Республика Казахстан

Аннотация

Современные технологии оказывают значительное влияние на развитие системы образования, меняя традиционные подходы к обучению и преподаванию. В данной статье рассматриваются ключевые цифровые инструменты и инновации, используемые в образовательной среде: электронное обучение, искусственный интеллект, виртуальная и дополненная реальность, облачные сервисы и геймификация. Анализируются преимущества внедрения технологий, а также вызовы, с которыми сталкиваются образовательные учреждения. Делается вывод о необходимости комплексной цифровой трансформации образования для обеспечения его доступности, эффективности и персонализации.

Ключевые слова.

Информационные технологии, искусственный интеллект, персонализация, эффективность усвоения информации.

Понятие «**технология обучения**» получило широкое распространение в педагогике и частных методиках, особенно в последние несколько десятилетий. По-видимому, зарождение этого понятия в педагогике связано с развитием техногенной цивилизации и относится к началу XX века, когда в странах Европы и США само понятие «технология» и связанные с ним проблемы стали предметом специального изучения. В настоящее время учебно-воспитательный процесс нуждается в современных методах передачи ежедневно растущего потока информации, в пригодной для ее восприятия, переработки и усвоения форме. Техника проникает во все области науки и, в том числе, в повседневную педагогическую практику. Поэтому внедрение технических средств и технологий обучения в систему обязательного образования, обеспечивающего воспитание масс, относится к жизненно важным вопросам нашей эпохи. Развитие науки показывает, что самая главная цель непрерывного, быстрого и интенсивного введения в практику научных и технических знаний заключается в преобразовании условий жизни.

Почти все специалисты сходятся во мнении о существенной роли средств новых информационных технологий, открывающих большие возможности в плане обновления организации процесса обучения. Информационные технологии стали неотъемлемой частью всех сфер жизни, и образование не является исключением. Цифровизация образовательного процесса позволяет повысить его гибкость, доступность и эффективность. В условиях стремительного развития технологий и растущих требований к качеству подготовки специалистов возникает необходимость переосмысления традиционных методов обучения. Сегодня ученики и студенты всё чаще взаимодействуют с образовательным контентом через экраны устройств, используют интерактивные платформы, участвуют в онлайн-курсах и осваивают новые профессии дистанционно.

Цель данной статьи — рассмотреть ключевые современные технологии, применяемые в образовании, их влияние на учебный процесс, а также возможные трудности и перспективы интеграции цифровых решений в образовательную среду. Одним из главных направлений цифровой трансформации является развитие электронного обучения. Онлайн-платформы, такие как Coursera, Khan Academy, EdX, Stepik, «Фоксфорд» позволяют пользователям получать образование в удобном формате, независимо от места проживания. Дистанционное обучение стало особенно востребованным в период пандемии, продемонстрировав высокий потенциал этой формы образования.

ИИ используется для анализа образовательных данных и создания индивидуальных траекторий обучения. Адаптивные системы позволяют подстраивать учебный материал под

уровень знаний конкретного учащегося, повышая его мотивацию и эффективность усвоения информации. Примеры таких решений включают платформы Knewton и Smart Sparrow, а также алгоритмы рекомендаций в системах управления обучением (LMS). Виртуальная (VR) и дополненная реальность (AR) открывают новые возможности в преподавании точных и естественных наук, медицины, истории и географии. Благодаря им учащиеся могут «погружаться» в виртуальные лаборатории, исследовать анатомию человека или посещать музеи, не покидая класса. Такие технологии усиливают визуальное восприятие и вовлечённость. Применение игровых методов в обучении способствует повышению интереса к предмету. Мобильные приложения, такие как Duolingo, Photomath, Quizlet, позволяют учиться в любое время и в любом месте. Использование данных мобильных приложений дает возможность обучающимся самостоятельно разобраться в трудных задачах, пошагово разобрать сложные примеры. Геймификация особенно эффективна при работе с детьми и подростками, для которых игровые механики являются привычными. Игры помогают разнообразить этапы урока от изучения новой темы, закрепления знаний, до проверки уровня подготовленности по теме и разделу. Используя ИИ можно создать огромное количество познавательных, обучающих игр.

Преимущества внедрения технологий

1. **Индивидуализация обучения.** Современные технологии позволяют учитывать особенности и потребности каждого учащегося, формируя персонализированные траектории.
2. **Гибкость и доступность.** Онлайн-курсы и цифровые ресурсы делают образование доступным для жителей отдалённых регионов и людей с ограниченными возможностями.
3. **Интерактивность.** Визуальные, аудио- и мультимедийные элементы способствуют лучшему усвоению материала.
4. **Развитие цифровой грамотности.** Работа с новыми технологиями развивает важные навыки, востребованные на современном рынке труда.

Несмотря на очевидные преимущества, внедрение технологий в образование сопряжено с рядом проблем:

- **Цифровое неравенство.** Не все учащиеся имеют доступ к современным устройствам и стабильному интернету. К сожалению, в удаленных от областных центров районах интернет не всегда доступен в необходимых объемах.
- **Недостаточная подготовка педагогов.** Учителям и преподавателям необходимо осваивать новые инструменты, что требует времени и ресурсов. На курсах повышения квалификации учителям необходимо изучать новые технологии.
- **Проблемы кибербезопасности.** При использовании онлайн-сервисов возникает риск утечки персональных данных.
- **Снижение уровня социализации.** Дистанционные формы обучения могут привести к дефициту живого общения и снижению коммуникативных навыков.

Цифровизация образования — неотъемлемый элемент современной реальности. Она открывает широкие возможности для создания более эффективной, гибкой и доступной системы обучения. Однако успешная интеграция технологий требует системного подхода, вложений в инфраструктуру, подготовку кадров и решение социальных и этических вопросов. Будущее образования — за гармоничным сочетанием традиционных и инновационных методов, направленным на развитие личности и формирование компетенций XXI века.

Список литературы

1. Сименс, Г. (2005). Коннективизм: теория обучения для цифровой эпохи.
2. Андерсон, Т. и Дрон, Дж. (2011). Три поколения педагогики дистанционного образования.
3. Холина Т. И. Современные образовательные технологии. — М.: Просвещение, 2020.
4. Образование в эпоху цифровой трансформации: сборник статей. — М., 2022.
5. Панов, В. И. Цифровая трансформация образования: возможности и риски // Вестник образования, 2021.

ЭЛЕКТРОНДЫ ОҚУЛЫҚТАР МЕН ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМАЛАРДЫҢ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕГІ РӨЛІ

Жиеналиева Нурслу Тлектесовна
Арал индустриалды-техникалық колледжінің ағылшын тілі пәнінің оқытушысы
Қызылорда облысы Арал қаласы, Қазақстан

АҢДАТПА

Бұл баяндамада Қазақстандағы білім беру жүйесінде электронды оқулықтар мен цифрлық платформалардың атқаратын рөлі қарастырылады. Білім беру үдерісіне заманауи технологияларды енгізудің тиімділігі, цифрлы ресурстардың білім алушылар мен оқытушылар үшін маңызы нақты мысалдармен талданады. Атап айтқанда, ағылшын тілі пәнінде интерактивті жаттығулар, мультимедиялық материалдар мен онлайн платформалардың қолжетімділігі білім сапасын арттыруға ықпал ететіні көрсетіледі. Сонымен қатар, цифрлық құралдардың оқытудағы жеке тәсілді жүзеге асыруға, кері байланыс орнатуға және оқыту тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретіні баяндалады.

АННОТАЦИЯ

В данной работе рассматривается роль электронных учебников и цифровых платформ в системе образования Казахстана. Анализируются современные тенденции внедрения цифровых технологий в учебный процесс, а также преимущества использования таких ресурсов как для обучающихся, так и для преподавателей. На примере предмета «английский язык» показано, как интерактивные упражнения и мультимедийные материалы способствуют улучшению качества образования. Особое внимание уделяется возможностям персонализированного обучения и обратной связи через цифровые платформы..

ABSTRACT

This paper explores the role of electronic textbooks and digital platforms in Kazakhstan’s education system. It analyzes the current trends in implementing modern technologies into the learning process and highlights the effectiveness of such tools for both learners and instructors. Using English language teaching as an example, the paper illustrates how interactive tasks and multimedia content enhance learning quality. The use of digital tools is shown to support personalized learning paths, real-time feedback, and improved teaching outcomes.

Кілт сөздер: электронды оқулықтар, цифрлық платформалар, білім беру технологиялары, ағылшын тілі, цифрландыру, интерактивті оқыту, BilimLand, Moodle, оқытушы, білім алушы.

Қазақстандағы білім беру жүйесінің дамуы қазіргі уақытта ақпараттық және цифрлық технологиялардың енгізілуімен тығыз байланысты. Электронды оқулықтар мен цифрлық платформалардың білім беру процесіне ықпалы күннен-күнге артып келеді. Бұл жаңа құралдар білім алушыларға оқу материалдарын кең ауқымда, интерактивті түрде ұсынуға мүмкіндік беріп, оқытушыларға оқу процесін тиімді басқару мен бақылау жасауға жағдай жасайды. Қазақстанда білім алушылардың цифрлық сауаттылығын арттыру және білім беру жүйесін модернизациялау мақсатында электронды оқулықтар мен цифрлық платформалар белсенді түрде қолданылуда. Бұл құралдар оқу процесін жеңілдетіп қана қоймай, білім сапасын жақсартуға, оқытуды жекелендіруге, сондай-ақ оқытушы мен білім алушы арасында тиімді қарым-қатынас орнатуға септігін тигізеді. Осы баяндамада электронды оқулықтар мен цифрлық платформалардың Қазақстандағы білім беру жүйесіндегі рөлі, олардың тиімділігі және оқу процесін трансформациялаудағы маңыздылығы талқыланатын болады.

Білім беруді цифрландыру: жалпы көрініс

Цифрландыру – бұл тек жаңа технологияларды енгізу ғана емес, білім беру жүйесінің мазмұны мен әдіс-тәсілдеріне түбегейлі өзгерістер енгізу процесі. Қазіргі уақытта білім алушылардың оқу процесінде цифрлық ресурстарды пайдалануы міндетті болуда. Бұл өз

кезегінде білім беру жүйесінің икемділігі мен қолжетімділігін арттырып, оқытушылардың жұмысының тиімділігін қамтамасыз етеді.

Электронды оқулықтардың білім беру процесіндегі рөлі:

Электронды оқулықтар дәстүрлі баспа оқулықтарына қарағанда бірқатар артықшылықтарға ие. Олар:

Интерактивтілік: Электронды оқулықтарда білім алушылар тек оқу материалдарын оқып қана қоймай, сондай-ақ сұрақ-жауап жүйелері, тапсырмалар мен жаттығулар арқылы өз білімін тексере алады. Мысалы, ағылшын тілін үйренуде, электронды оқулықтардағы грамматикалық жаттығулар мен сөздік қорды пысықтайтын интерактивті тесттер білім алушының оқу материалын терең меңгеруіне ықпал етеді.

Көптілділік және қолжетімділік: Электронды оқулықтар түрлі тілдерде қолжетімді болып, әртүрлі білім алушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыра алады. Ағылшын тілі пәнін мысалға алсақ, білім алушыға тіл үйрену барысында әр түрлі деңгейдегі жаттығулар мен тапсырмалар ұсынылып, олар оқытушының бақылауымен онлайн форматта орындалады.

Оқу материалының үздіксіз жаңартылуы: Электронды оқулықтар жаңартылып, өзгертілген ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігін береді. Мысалы, ағылшын тіліндегі жаңа сөздер, фразеологизмдер мен олардың қолдану аясындағы жаңалықтар бірден енгізіледі.

Цифрлық платформалардың білім беру үдерісіндегі рөлі:

Цифрлық платформалар оқытушы мен білім алушы арасындағы өзара әрекетті күшейтетін маңызды құрал болып табылады. Бұл платформалар білім алушыларға жеке оқу траекториясын жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, олар оқу процесінің барлық кезеңдерінде:

Мазмұнды ұсыну және бағалау: Цифрлық платформаларда білім алушыға арналған жеке кабинет және оқу материалдары ұсынылады. Мұнда тапсырмалар, тесттер, видеосабақтар мен электронды оқулықтар бар. Мысалы, Moodle немесе Google Classroom платформалары арқылы білім алушы ағылшын тіліне қатысты түрлі тапсырмаларды орындап, өз нәтижелерін бірден көре алады.

Кері байланыс: Платформалар білім алушы мен оқытушы арасында тікелей кері байланыс орнатуға мүмкіндік береді. Оқытушы тапсырмаларды автоматты түрде бағалап, білім алушының жетістіктері туралы бірден ақпарат бере алады. Бұл өз кезегінде білім алушының оқуға деген ынтасын арттырады.

Жеке білім беру траекториясы: Цифрлық платформалар әр білім алушының оқу деңгейін, жетістіктерін және әлсіз тұстарын анықтап, оқытушыға білім алушының жеке даму жоспарын жасауға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл, әсіресе ағылшын тілі пәнінде, әр білім алушының жеке қажеттіліктеріне негізделген білім беру бағдарламаларын құруға мүмкіндік береді.

«Электронды оқулықтар қағаз оқулықтардың орнын алмастырмайды, дәстүрлі оқулықтарға қосымша оқу материалдары ретінде пайдаланылады. Электронды оқулықтардың артықшылығы – мультимедиялық, интерактивті контенті мен функцияларында. Өз кезегінде, оларды оқу үдерісінде пайдалану педагогтердің сабақты тартымды өткізуіне көмектеседі. Осылайша, оқушылардың білім алуға деген қызығушылығын арттыру көзделіп отыр. Электронды оқулықтардың бейне, аудио контенті болуына байланысты, оларды электронды түрде пайдалану маңызды. Осыған орай электронды оқулықтар қағаз оқулық түрінде басылымға шығарылмайтынын еске саламыз. Бүгінде электронды оқулықтар 9 платформада орналастырылған және бұл оқу үдерісінде жергілікті атқарушы органдардың осы платформаларға жазылуы негізінде жүзеге асады», деп хабарлады комитет мамандары.

Оқулықтарды әзірлеу және оларды басып шығару дамыған елдердегідей бәсекелестік ортаға берілген. Осыған байланысты, оқу басылымдарын дайындау мен басып шығаруға, сондай-ақ электронды оқулықтарды әзірлеуге мемлекеттік бюджеттен қаражат көзделмеген. Оны баспалар, әзірлеушілер жүзеге асырады. Ал оқу басылымдарын сатып алуға, оның ішінде электронды оқулықтарға жазылуға арналған қаражат жергілікті бюджеттен жұмсалады.

Электронды оқулықтарды «Алматыкітап», «Атамұра», «Мектеп», «Арман-ПВ», «Келешек-2030», «Астана-кітап», «Express Publishing», «Oxford U.P.», «Көкжиек-горизонт», «Edustream», «Назарбаев зияткерлік мектептері» баспалары, сондай-ақ «Жаңа білім беру технологиялары»

және «Педагогикалық технологиялар және білім беруді ақпараттандыру орталығы» IT компания-лары әзірлеген.

Ағылшын тілін оқытуда электронды оқулықтар мен цифрлық платформалардың артықшылықтары:

Ағылшын тілі пәні – бұл тілдік дағдыларды (ауызша сөйлеу, жазу, тыңдау, оқу) дамытуда ерекше мәні бар пән. Цифрлық технологиялар осы дағдыларды тиімді дамытуға мүмкіндік береді:

Ауызша сөйлеуді дамыту: Цифрлық платформалар мен электронды оқулықтарда білім алушылар өз беттерімен тыңдау және сөйлеу дағдыларын жаттықтыра алады. Мысалы, ағылшын тіліндегі аудио және бейнемазмұнды тыңдай отырып, олар сөйлеу тіліне қатысты нақты жағдайларда қолданылатын сөздерді үйренеді.

Грамматикалық дағдыларды пысықтау: Электронды оқулықтар мен платформаларда грамматика бойынша түрлі интерактивті жаттығулар ұсынылып, білім алушының теориялық білімін практикада қолдануға мүмкіндік береді. Мысалы, ағылшын тіліндегі сөйлем құрылымдарын дұрыс қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар оқытушының тапсырмасымен жүзеге асады.

Өздігінен оқу және ізденіс: Цифрлық платформалар білім алушыларға өздігінен оқу үшін түрлі ресурстар ұсынады, соның ішінде сөздік қорын кеңейту, грамматикалық ережелерді меңгеру және тыңдау дағдыларын жетілдіру үшін интерактивті жаттығулар бар.

Қазақстандағы білім беру процесінде электронды оқулықтар мен цифрлық платформалар білім сапасын арттыруға, оқу процесін тиімді ұйымдастыруға және білім алушылардың білім алу әдісін оңтайландыруға елеулі ықпал етуде. Мысалы, BilimLand сияқты онлайн платформалар білім алушыларға ағылшын тілін үйрену үшін түрлі интерактивті жаттығулар мен бейнемазмұн ұсына отырып, оқытудың қызықты әрі қолжетімді болуына мүмкіндік береді. Осылайша, электронды оқулықтар мен цифрлық платформалар білім беру жүйесін жаңғыртып, Қазақстандағы білім алушылардың оқу сапасын және білімге қолжетімділігін арттыруда маңызды рөл атқарады.

Электронды оқулықтар мен цифрлық платформалар білім беру процесін трансформациялаудың негізгі құралы болып табылады. Олар білім алушыларға оқу материалдарын түрлі интерактивті тәсілдермен ұсынуға мүмкіндік береді, ал оқытушылардың жұмысы автоматтандырылған бағалау және кері байланыс жүйелері арқылы жеңілдейді. Ағылшын тілін оқытуда бұл құралдар білім алушылардың тіл үйрену дағдыларын дамытуда ерекше маңызға ие. Қазіргі уақытта Қазақстанда цифрлық платформаларды және электронды оқулықтарды білім беру процесіне енгізу қарқынды түрде жүзеге асуда, бұл білім беру сапасының артуына ықпал етеді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Әбдіғаппарова, Г. Б., Жүнісова, Л. Н. Цифрлық білім беру: электронды оқулықтарды пайдаланудың тиімділігі // Білім берудегі инновациялық технологиялар. – 2021. – №3(17). – Б. 45–50.

2. Төлеуова, А. А. Электронды оқулықтарды білім беру процесінде қолдану тәжірибесі // Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы. – 2020. – №2(72). – Б. 22–27.

3. Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББҰ. Цифрлық оқытудың стратегиялары. – Астана: НЗМ баспасы, 2022. – 28 б.

РАЗВИТИЕ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Жубатканова Миргуль Женсикбаевна,
Актюбинская область, г.Хромтау КГУ «Хромтауская школа-гимназия №7»,
учитель русского языка и литературы

Аннотация. В статье рассматриваются теоретические и практические аспекты развития критического мышления на уроках русского языка и литературы. Подчёркивается значение этих дисциплин в формировании у обучающихся навыков анализа, аргументации, интерпретации и самостоятельного суждения. Раскрываются возможности литературного и лингвистического материала для формирования критического отношения к информации, развития логического мышления и речевой культуры. Приведены эффективные методы и приёмы, способствующие активизации мыслительной деятельности учащихся. Особое внимание уделяется роли учителя как наставника и модератора мыслительного процесса. Статья адресована педагогам-филологам, методистам и всем заинтересованным в совершенствовании образовательного процесса.

Ключевые слова: критическое мышление, русский язык, литература, анализ текста, аргументация, интерпретация, школьное образование, методы обучения, развитие речи, культура мышления, дискуссия, урок литературы, лингвистический анализ, творческое мышление, педагогические технологии.

В современном мире информационного изобилия и бурного технологического прогресса особое значение приобретает умение мыслить критически. Сегодня недостаточно просто обладать знаниями — необходимо уметь анализировать информацию, выявлять логические связи, аргументировать свою точку зрения и принимать взвешенные решения. В связи с этим в системе образования происходит смещение акцентов с пассивного усвоения информации на развитие интеллектуальных и мыслительных навыков. Одним из ключевых инструментов этого процесса становится критическое мышление.

Что такое критическое мышление? Критическое мышление — это целенаправленный, логичный, осознанный способ мышления, направленный на анализ информации, оценку аргументов, выявление логических связей и формулирование обоснованных выводов. Это мышление, которое задаёт вопросы, не принимает информацию «на веру» и стремится к объективному пониманию действительности.

К основным компонентам критического мышления относятся:

- Умение анализировать и интерпретировать информацию;
- Способность оценивать доводы, выявлять логические ошибки и манипуляции;
- Навык аргументированного отстаивания собственного мнения;
- Готовность рассматривать различные точки зрения;
- Развитое воображение и творческий подход к решению проблем.

Литература как пространство для размышлений и анализа. Уроки литературы представляют собой уникальную платформу для развития критического мышления. В художественных текстах заключены богатые смыслы, философские вопросы, нравственные дилеммы и культурные контексты, требующие осмысления.

1. Анализ художественного текста. Чтение и обсуждение литературных произведений требует от ученика внимательного отношения к деталям, символике, подтексту. Анализ поступков героев, их мотивов и моральных выборов помогает формировать личностную рефлексию и этическое суждение.

2. Интерпретация и аргументация. Каждый литературный текст допускает множество трактовок. На уроке литературы важно не только понять содержание произведения, но и предложить собственную интерпретацию, обосновать её с опорой на текст. Такой подход развивает умение строить логическую аргументацию, формулировать тезис и подбирать доказательства.

3. Сравнительный анализ. Сравнение персонажей, произведений, литературных направлений и исторических эпох требует от учащихся способности устанавливать связи между разными культурными явлениями, делать обобщения и выводы.

4. Дискуссии и дебаты. Организация обсуждений, ролевых игр, дебатов по проблемным вопросам, поднятым в литературе, стимулирует развитие навыков диалога, умения слушать, анализировать чужую позицию и корректно высказывать собственную.

Русский язык как инструмент логического мышления. На первый взгляд может показаться, что уроки русского языка — это прежде всего грамматика, орфография и пунктуация. Однако на практике они предоставляют богатые возможности для развития логического, критического и творческого мышления.

1. Лингвистический анализ текста. Разбор структуры высказывания, его смысловых и стилистических компонентов помогает учащимся глубже понимать смысл сказанного или написанного, видеть манипулятивные приёмы, речевые и логические ошибки.

2. Аргументация в сочинениях и изложениях. При написании сочинения ученик должен ясно и логично выразить мысль, сформулировать тезис, привести аргументы и сделать вывод. Всё это — основа критического мышления в письменной форме.

3. Работа с медиатекстами. Анализ текстов СМИ, рекламы, блогов позволяет выявить скрытые смыслы, оценить достоверность информации, распознать подмену понятий или логические ошибки. Это формирует у школьников информационную грамотность и навыки фактчекинга.

4. Развитие речевой культуры. Грамотная устная и письменная речь — это не только знание правил, но и умение ясно, логично и убедительно формулировать мысли. Это напрямую связано с умением мыслить критически.

Методы и приёмы развития критического мышления. Существует множество эффективных методик, которые учитель может применять на уроках для активизации мыслительной деятельности учащихся:

- Метод «Шесть шляп мышления» (Эдвард де Боно) — позволяет рассматривать проблему с разных точек зрения: логической, эмоциональной, креативной, критической и др.
- Интеллект-карты (mind maps) — помогают систематизировать информацию, устанавливать связи между понятиями.
- Критическое чтение текста — включает постановку вопросов к содержанию, анализ авторской позиции, выявление подтекста.
- Метод Сократа (сократический диалог) — обучает задаванию продуманных вопросов, поиску причин, формулировке логических аргументов.
- SWOT-анализ персонажа или ситуации — позволяет структурировать характеристику литературного героя по сильным и слабым сторонам, возможностям и угрозам.
- Метод кейс-стади (анализ ситуации) — развитие навыков принятия решений на основе анализа конкретных жизненных или литературных случаев.

Роль учителя. Учитель русского языка и литературы играет ключевую роль в формировании у учащихся критического мышления. Он должен не только передавать знания, но и:

- стимулировать самостоятельное мышление;
- создавать проблемные ситуации, побуждающие к размышлению;
- формировать культуру дискуссии и аргументации;
- поощрять поиск альтернативных решений и нестандартных подходов.

Важно, чтобы учитель сам обладал навыками критического мышления и служил примером для учеников в умении рассуждать, анализировать и аргументировать.

Развитие критического мышления — это не модный тренд, а жизненно важная необходимость для успешной социализации личности в XXI веке. Уроки русского языка и литературы обладают всем необходимым потенциалом для того, чтобы этот процесс стал осознанным, системным и результативным. Они не только формируют языковую и

литературную грамотность, но и учат понимать мир, осмысленно воспринимать информацию и мыслить независимо.

Использованная литература

1. Аскарова А. А. «Развитие критического мышления на уроках русского языка и литературы». BilimPortal. 2021. С. 1–10.

2. Байгалиев А. А. «Технологии развития критического мышления на уроках русской литературы». Білім айнасы. 2022. С. 12–18. Б

3. Бекова Л. С. «Развитие критического мышления на уроках русского языка и литературы». RCDO.KZ. 2021. С. 5–15.

4. Зубарева А. К. «Развитие навыков критического мышления на уроках русского языка и литературы через использование инновационных технологий». Казахстанский педагогический журнал «Мектеп». 2021. С. 20

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Жумабаева Зульфия Алматовна
Бейнеу ауданы «Опорный жалпы білім беретін мектеп»
КММ бастауыш сынып мұғалімі

XXI ғасыр – жаңа технология мен ақпараттандыру ғасыры. Тәуелсіз Қазақстан да сол ғасырға нық қадам басты. Ел өмірінің барлық саласы цифрлық жүйеге көшті. Ендігі кезекте еліміздің ертеңі болар бүгінгі жас ұрпақ компьютердің қыр-сырын терең меңгеруі тиіс.

Оқытудағы заманауи білім беру ресурстары пән бойынша типтік оқу бағдарламасына сәйкес нақты оқу тақырыбына арналған дидактикалық материалдар болып табылады. Білім саласын цифрландыру барлық қызметіне ақпараттық технологияны енгізу және ұлттық модельді қалыптастыру - қазақстандық білім беруді сапалы деңгейге көтерудің алғы шарты.

Жаңашыл қоғамды ақпараттандыру үрдістері және олармен тығыз байланыстағы білім беру жүйесінің барлық формаларын ақпараттандыру үрдістері жаңа ақпараттық және коммуникациялық технологияларын меңгеру және жапай тарату үрдістерімен сипатталады. Мұндай технологиялар қашықтан оқыту және ашық білім берудің жаңа жүйелерінде оқытушы мен оқып үйренушінің арасында қарым-қатынас орнату және мағлұмат алмасу үшін белсенді қолданылады. Жаңашыл оқытушы ақпараттық және коммуникациялық технологиялар төңірегіндегі білімдерді игеріп қана қоймай, сондай-ақ оларды өзінің кәсіби іс-әрекетінде пайдалана алатын маман болуы тиіс.Технология түсінігі практикалық есептерді шешу үшін ғылыми және инженерлік білімдерді пайдалану мағынасын білдіреді. Олай болса ақпараттық технология ретінде білімнің ақпараттық ресурсқа айналу үрдісін алуға болады. Ақпараттық технологияның мақсаты кейіннен оны талдау үшін және соның негізінде қандай да бір әрекеттерді орындау туралы шешім қабылдау үшін ақпарат өндіру болып табылады.

Бастауыш сынып – баланың білім негіздерін қалыптастырудың маңызды кезеңі. Осы деңгейдегі білім беру сапасы оқушының болашақта жетістікке жетуіне негіз болады. Заманауи білім беру ресурстары мен технологиялары бастауыш сыныптардағы оқыту үдерісін жаңаша ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Бұл баяндамада бастауыш сыныптарда қолданылатын заманауи білім беру ресурстарының тиімділігі талқыланады.

1. Заманауи білім беру ресурстарының түрлері.

Электронды оқулықтар: Мазмұны жағынан бай және түрлі медиаконтентпен толықтырылған, интерактивті құралдар.

Сандық платформалар: BilimLand, Kundelik, Microsoft Teams, Google Classroom сияқты платформалар оқытуды оңтайландыруға көмектеседі.

Интерактивті тақталар мен құрылғылар: Сабақ барысында көрнекі материалдарды қолдануға мүмкіндік береді.

Мобильді қосымшалар: Оқушылардың білімін бекіту және шығармашылық қабілетін арттыруға арналған ойындар мен жаттығулар.

2. Тиімділігін арттырудың жолдары.

Жеке оқыту әдісі: Заманауи технологиялар әр оқушының жеке ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді.

Ойын арқылы оқыту: Интерактивті құралдар арқылы қызықты әрі нәтижелі оқыту тәсілдері қолданылады.

Оқу мотивациясын арттыру: Білім беру ресурстары оқу процесін оқушылар үшін тартымды әрі қызықты етеді.

Уақытты үнемдеу: Мұғалімдер мен оқушыларға дайын контентті пайдалануға жағдай жасайды.

3. Артықшылықтары мен мәселелері.

Артықшылықтары:

Ақпаратқа қолжетімділік;

Оқушының білімін визуализациялау мүмкіндігі;

Шығармашылық қабілеттерді дамыту.

Мәселелері:

Барлық мектептерде техникалық құралдардың жеткіліксіздігі;

Оқушылардың экран алдында ұзақ уақыт өткізуіне байланысты денсаулыққа кері әсер ету мүмкіндігі.

2.1. Бастауыш мектепте сандық білім беру ресурстарын қолданудың тиімділігі

«Цифрлық Қазақстан» атты мемлекеттік бағдарламада білім беру жүйесіде тыс қалмады. Заманауи технологияларды пайдалану — заман талабы. XXI ғасыр — озық технологиялар ғасыры болғандықтан білім беру жүйесінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану заман талабына айналып отыр. Мектеп оқушылары үшін озық технологияларды сабақ кезінде дұрыс пайдалану бұл мұғалім шеберлігіне байланысты. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын ғана емес, оның жеке бас тұлғасын, білім алу арқылы азамат ретінде дамуын қойып отыр.

Бүгінгі таңда білім беру саласында сандық технологияларды қолдану үлкен маңызға ие болып отыр. Сандық білім беру ресурстары оқу процесін тиімді ұйымдастыруға, оқушылардың білім деңгейін арттыруға және олардың пәнге деген қызығушылығын оятуға мүмкіндік береді. Әсіресе бастауыш мектепте, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай қызықты және интерактивті тәсілдер арқылы білім беру аса маңызды.

Сандық білім беру ресурстарының артықшылықтары:

1. Оқу процесін интерактивті ету.

Сандық ресурстар оқушыларға оқу материалын визуалды, аудио және анимациялық құралдар арқылы қабылдауға мүмкіндік береді. Мысалы, интерактивті тақталар, электрондық оқулықтар, бейнесабақтар және білім беру ойындары балалардың оқуға деген қызығушылығын арттырады.

2. Жекелеген оқушылардың қажеттіліктерін ескеру.

Сандық білім беру ресурстарын әртүрлі деңгейдегі оқушылардың білім алу қажеттіліктеріне сәйкес бейімделеді. Кейбір ресурстар өзіндік бақылау тапсырмаларын ұсынып, оқушылардың жеке қарқынымен жұмыс жасауына мүмкіндік береді.

3. Оқу материалының қолжетімділігі.

Электрондық ресурстар кез келген уақытта және кез келген жерде қолдануға қолайлы. Бұл оқушылардың өз бетінше білім алуына жағдай жасайды.

4. Уақытты үнемдеу.

Сандық технологиялар мұғалімдерге сабақ жоспарын құру, бағалау, оқушылардың үлгерімін талдау және кері байланыс беру процесін жеңілдетеді.

Тиімділігін арттыру жолдары:

1. Сандық білім беру ресурстарын таңдау және бейімдеу.

Мұғалімдер қолданатын ресурстар оқушылардың жас ерекшеліктеріне, пән мазмұнына және оқыту мақсаттарына сәйкес болуы керек.

2. Оқыту әдістемесіне интеграциялау.

Сандық ресурстарды тек қосымша құрал ретінде емес, оқыту әдістемесінің ажырамас бөлігі ретінде қолдану маңызды. Мысалы, сабақ барысында Сандық білім беру ресурстары арқылы жаңа тақырыпты түсіндіру, қайталау немесе практикалық тапсырмаларды орындау ұсынылады.

3. Мұғалімдердің біліктілігін арттыру.

Мұғалімдер Сандық білім беру ресурстарын тиімді пайдалану үшін арнайы оқытылуы тиіс. Бұл олардың жаңа технологияларды меңгеруіне және сабақта қолдануына мүмкіндік береді.

4. Оқушылардың цифрлық сауаттылығын дамыту.

Балаларға сандық ресурстарды дұрыс пайдалану, ақпаратты іздеу және бағалау қабілетін дамытуға назар аудару қажет.

2.2. Оқушыларды цифрлық технологиялар арқылы шығармашылыққа бейімдеу.

Цифрлық технологиялар оқушылардың пәнге деген қызығушылығымен қатар функционалдық сауаттылығын арттырары сөзсіз. Бастауыш сынып пәндеріне сандық білім берудің ресурстарын пайдалануға болады. Бастауыш сынып сабағында сандық ресурстардың көмегімен әр тақырыпқа әр түрлі тапсырмалар: тест сұрақтары, квест ойындары, аннаграммалар, видеороликтер, 3д суреттерді құрастыру және бағалау процессінде осы ресурстар көмегімен жасаса оқушы уақытты тиімді пайдаланады, әрі пәнге деген қызығушылығы оянады. Әр тапсырманы оқушы оқулықтың көмегімен орындап, оны дәптерге түсіріп жұмыс жасау арқылы оқушының аудиальды, визуальды қабілеттері қатар жұмыс жасайды.

Қазіргі заманауи сандық білім беру ресурстарының түрлері 1 суретте көрсетілген.

Сандық білім беру ресурстарын пайдалану оқушылардың жеке дербес қызметін жүзеге асыруы үшін, өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастыруға, өзін-өзі жетілдіруге қолайлы жағдайлар тудыра алады. Мысалы:

Flippity Random Name Picker мүмкіндігі: сабақ барысында уақытты үнемдеу барысында бұл нұсқаулық арқылы оқушыларды автоматты түрде жұпқа,топқа бөлуге болады.

Kahoot-білім беру жобаларына арналған қосымша. Оның көмегімен тест, сұрау, оқу ойынын немесе білім марафонын жасауға болады. Қолданба үстел нұсқасында да, смартфондарда да жұмыс істейді. Оқушылармен тығыз қарым — қатынас орнатуға, сонымен жаңа материалды тереңдете түсу үшін *Kahoot* қосымшасын кең көлемде қолдануға болады.

LearningApps.org (https://learningapps.org/) - бұл интерактивті модульдер немесе жаттығулар арқылы оқыту үдерісін қолдауға немесе өткен материалды бекітуге арналған ақысыз қызмет.

Wordwall (https://wordwall.net/ru) - интерактивті және баспа материалдарын жасауға арналған көп функционалды оқу ресурсы. Үлгілердің көпшілігі интерактивті және баспа нұсқасында қол жетімді.

«Wordwall» білім беру платформасы - онлайн немесе онлайн сабақтарға интерактивті материалдар жасауға арналған құрастырушы. **Wordwall** - интерактивті және баспа материалдарын жасауға арналған көп функционалды оқу ресурсы. Тапсырмалар барысында адасқан әріптер, сәйкестендіру, спиннер шеңбері арқылы оқушылармен сұраққа жауап алуға болады.

Бастауыш сыныпта ЖИ ті(жасанды интеллект) пайдалануға болатын ЖИ тің түрлерімен бөліскім келеді.

GAMMA.AP – бұл интеллект барлық тақырыпта қазақша презентацияны 20-30 секундта орындайды. Диаграмма мен кескіндемелері мен суреттерімен әдемі дизайнды құрастырып береді.

https://gamma.app/

3.Қорытынды:

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті-ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту

міндеттерін көздейді. Бұл міндеттерді шешу үшін, әрбір білім беру мекемедегі ұжымның, әрбір мұғалімнің күнделікті ізденісі арқылы, барлық жаңалықтар мен қайта құру, өзгерістерге батыл жол ашарлық жаңа практикаға, жаңа қарым-қатынасқа өту қажеттігі туындайды. Осы жайттарды ескере отырып қазіргідей жаһандану дәуірінде сабақ үдерісінде жаңа инновациялық технологияларды қолдана отырып сабақ өткізу оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Заманауи білім беру ресурстары бастауыш сынып оқушыларына сапалы білім алуға, қызығушылықтарын оятуға және шығармашылық қабілеттерін дамытуға үлкен мүмкіндік береді. Дегенмен, мұндай ресурстарды тиімді пайдалану үшін мектептердің техникалық жабдықталуы мен мұғалімдердің біліктілігін арттыру маңызды. Заманауи технологияларды дәстүрлі оқыту әдістерімен үйлестіру арқылы ғана білім беру процесін сапалы деңгейге көтеруге болады. Мен бүгінгі баяндамамды Конфуцийдің «Маған айтып берсең - ұмытып қаламын, көрсетсең - есімде сақтаймын, өзіме жасатсаң үйренемін» деген осы сөзімен қорытындылаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Мұхамбетжанова С. Ақпараттық технология және қашықтықтан оқыту. - Алматы: Атамұра, 2015. – 152 б.

Сарманова С. Орта мектепте ақпараттық технологияны қолдану // Қазақстан мектебі. – 2014, № 5, б. -10-11

Қасымова Р. Мультимедиалық технологиялардың тиімділігі // Информатика негіздері, 2024, №5, б. -4-6

Бөрібаев Б, Балапанов Е. Жаңа ақпараттық технологиялар. – Алматы, 2001.ж.

5.Информационные технологии. – Москва, 2023.ж.

ПРОСТЫЕ ПРАВИЛА ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ПОВЕДЕНИЯ В БЫТУ

Жумадилова Раушан Бестаевна
Ясли-сад №44 «Ертаргын» Отдела образования города Тараза
Управления образования акимата Жамбылской области
Воспитатель, педагог-исследователь
г.Тараз , Казахстан

Аннотация: Статья посвящена вопросам экологического воспитания дошкольников в контексте формирования экологической культуры через бытовое поведение. Представлены простые и доступные правила экологически грамотного поведения, которые могут быть интегрированы в повседневную жизнь детей. Описаны основные направления работы с детьми дошкольного возраста, методы формирования экологических привычек, значимость взаимодействия с родителями. Раскрыта роль воспитателя в развитии осознанного отношения к природным ресурсам.

Ключевые слова: экологическое воспитание, бытовое поведение, экологические привычки, ресурсы, экологическая культура.

Современный мир сталкивается с серьёзными экологическими проблемами: загрязнение окружающей среды, изменение климата, рост объёмов отходов, истощение природных ресурсов. Решение этих проблем невозможно без изменения поведения людей в повседневной жизни. Именно поэтому вопрос формирования экологической культуры с раннего возраста приобретает особую актуальность.

Повседневные действия человека — использование воды и электроэнергии, обращение с отходами, отношение к вещам и природе — составляют основу экологического поведения. Привитие ребёнку элементарных, но значимых экологических привычек в быту закладывает фундамент осознанного отношения к окружающей среде.

Для дошкольников экологическое поведение должно быть понятным и наглядным. Простые действия, такие как выключение света, закрытие крана, сортировка мусора, использование вещей повторно, бережное отношение к игрушкам и книгам, становятся первыми шагами к формированию экологически ответственного мышления.

В ходе игровой деятельности в детском саду дети знакомятся с основными принципами **экологического поведения**, такими как **бережное отношение к воде и энергии, раздельный сбор отходов, вторичное использование вещей, сокращение потребления пластика и забота о природе**.

Для эффективного усвоения экологических правил в работе с дошкольниками используются основные методы обучения:

- **Интерактивная деятельность и экологические игры**;
- **Проектную и исследовательскую деятельность**;
- **Практические задания по внедрению экологических привычек в быту**;
- **Творческие мастер-классы по переработке и вторичному использованию материалов**.

Мною была разработана авторская программа «Простые правила экологического поведения в быту» специально для воспитателей предшкольных групп и направлена на формирование у детей элементарных экологических навыков через игру, наблюдение, практическую деятельность и взаимодействие с родителями.

Этот методический материал станет полезным инструментом для педагогов, которые стремятся интегрировать экологическое воспитание в повседневную жизнь детей и помочь им стать сознательными и заботливыми жителями планеты.

Цель: формировать у дошкольников осознанного и ответственного отношения к окружающему миру через знакомство с простыми и доступными экологическими правилами.

Задачи: - Формировать у детей представлений о природе и её значении в жизни человека.

- Развивать бережное отношение к природным ресурсам (вода, воздух, свет, тепло).

- Воспитать экологически грамотное поведение в повседневной жизни.

-Развивать навыки раздельного сбора мусора и понимания важности переработки отходов.

− Приобщать родителей к процессу экологического воспитания детей.

Актуальность программы: Экологическое воспитание детей дошкольного возраста играет ключевую роль в формировании ответственного отношения к окружающему миру. В современных условиях ухудшения экологической обстановки важно с раннего возраста прививать детям основы экологической культуры и осознанного поведения в быту. Дошкольники активно познают окружающий мир, и именно в этот период закладываются базовые модели поведения, в том числе и экологически ориентированные.

Новизна программы

- **Практико-ориентированный подход**: программа содержит игровые и экспериментальные методики, направленные на вовлечение детей в процесс познания основ экологичного образа жизни.
- **Интеграция с повседневной жизнью**: задания и упражнения ориентированы на реальные бытовые ситуации, что помогает детям легко применять полученные знания.
- **Работа с родителями**: включение родителей в образовательный процесс через консультации, домашние задания и семейные проекты.
- **Использование современных методик**: программа сочетает элементы экологической игры, исследования и творческой деятельности.

Научность программы

Программа разработана на основе современных педагогических и психологических исследований в области экологического воспитания детей дошкольного возраста. В её основу легли труды отечественных и зарубежных педагогов, изучающих вопросы формирования экологического сознания и культуры у детей.

Методологическая основа программы включает:

•Теорию деятельностного подхода (Л.С. Выготский, Д.Б. Эльконин, А.Н. Леонтьев).

•Концепцию экологического воспитания (Н.Н. Кондратьева, А.М. Рыжова).

•Исследования в области экологической педагогики и психологии (И.Д. Зверев, В.И. Вернадский).

Особенности программы: Возрастная адаптация: все материалы разработаны с учётом возрастных особенностей детей 5–6 лет.

Игровая подача материала: основной упор сделан на сюжетно-ролевые игры, экологические квесты и сказочные истории, через которые дети знакомятся с экологическими правилами.

Формирование привычек: задания на закрепление способствуют развитию устойчивых экологических привычек в повседневной жизни.

Вовлечение родителей: предусмотрены мероприятия, направленные на совместную деятельность родителей и детей по вопросам экологического воспитания.

Методы и формы работы: Программа основана на принципах активного обучения, что позволяет детям не только слушать и запоминать, но и участвовать в практических занятиях, экспериментах и играх. Среди методов работы:

Игровые формы обучения (экологические сказки, квесты, ролевые игры).

Наблюдение за природой (мини-исследования, опыты, экскурсии).

Практическая деятельность (посадка растений, изготовление поделок из вторсырья).

Творческие задания (рисунки, поделки, проекты на экологическую тематику).

Совместные мероприятия с родителями (экологические акции, семейные проекты).

Применение данной программы позволит детям развить экологическое мышление и осознанное отношение к окружающей среде, сформировать полезные бытовые привычки (выключать свет, экономить воду, сортировать мусор) и заложить основу для дальнейшего экологического образования.

Воспитатели, используя эту программу, смогут создать в группе экологически ориентированную образовательную среду, привлекая детей и их семьи к осознанию важности бережного отношения к природе.

Программа проста в использовании и интеграции в повседневный учебный процесс, а её реализация поможет сделать экологическое воспитание неотъемлемой частью дошкольного образования.

Ожидаемые результаты:

По итогам реализации программы у детей формируются:

Осознанное отношение к природным ресурсам (вода, свет, тепло, воздух).

Базовые навыки раздельного сбора мусора и бережного обращения с вещами.

Понимание значимости вторичного использования вещей и переработки отходов.

Навыки ухода за растениями и бережного отношения к животным.

Эмоциональная вовлеченность в природоохранную деятельность через творчество и игру.

У родителей:

Повышение уровня осведомлённости в вопросах экологического воспитания.

Готовность поддерживать и поощрять экологичные привычки ребёнка в быту.

Участие в совместных экологических мероприятиях и проектах.

Способы проверки результатов:

Наблюдение за детьми в процессе выполнения заданий и бытовых ситуаций.

Анкетирование родителей на предмет изменений в экологическом поведении ребёнка.

Экологические игры и викторины, направленные на проверку усвоенных знаний.

Проектная деятельность (дети совместно с родителями представляют мини-проекты на экологические темы).

Фото- и видеоотчеты семейных экологических практик.

Простые правила экологического поведения в быту — это первый шаг на пути к устойчивому и осознанному образу жизни. Заложенные в дошкольном возрасте экологические установки могут стать основой для ответственного поведения во взрослой жизни.

Образовательные учреждения, педагоги и родители должны действовать сообща, создавая условия для воспитания детей, способных беречь природу и заботиться о будущем планеты.

Список литературы:

1. Гребенников И. В. Экологическое воспитание дошкольников. — СПб.: Детство-Пресс, 2010.

2. Сластёнин В. А. Педагогика: инновационные технологии. — М.: Академия, 2013.

3. Трофимова Н. Н. Игры и занятия по экологии для дошкольников. — СПб.: Детство-Пресс, 2011.

4. Чижова А. В. Экологическое развитие детей 5–7 лет. — СПб.: Речь, 2015.

5. Шваб И. В. Экоуроки для дошкольников. — Екатеринбург: У-Фактория, 2017.

6. Яковлева Е. В. Методы и приёмы экологического воспитания детей. — СПб.: Легион, 2018.

РАЗВИТИЕ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ УЧАЩИХСЯ КАК ФАКТОР ФОРМИРОВАНИЯ ИХ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ

Жуманова Райхан Сагантаевна
Специализированная школа-интернат для одаренных детей
имени Күляш Байсеитовой КазНУИ
учитель биологии и химии
г.Астана, Казахстан

Аннотация. В статье рассматриваются эффективные способы развития функциональной грамотности школьников на уроках химии в контексте стратегических приоритетов Министерства просвещения РК. Анализируются проблемно-ориентированные кейсы, экологические задания и виртуальные лаборатории, позволяющие сместить фокус с воспроизведения фактов на критическое осмысление и практическое применение знаний. Показано, что междисциплинарные STEAM-проекты и цифровые инструменты, интегрированные с региональным контекстом, повышают мотивацию учащихся и формируют навыки анализа данных и аргументации. Обоснована необходимость оценивать не итоговый ответ, а качество рассуждений и выводов, что соответствует целям подготовки молодёжи к вызовам XXI века.

Ключевые слова: функциональная грамотность, химическое образование, проблемно-ориентированное обучение, виртуальные лаборатории, STEAM-проекты.

В стратегическом плане развития Министерства просвещения Республики Казахстан на 2023–2027 гг. одной из ключевых целей системы среднего образования провозглашено повышение функциональной грамотности (ФГ) школьников (приказ № 59, 02.03.2023). Требование к развитию данной компетенции закреплено и в Государственном общеобязательном стандарте образования (приказ № 348, 03.08.2022), где ФГ рассматривается как интегративный результат освоения учебных программ. Несмотря на это, школьный курс химии традиционно смещал акцент на воспроизведение фактов и алгоритмов, что делает актуальным поиск методов, преобразующих урок в пространство формирования критического мышления и умения применять знания в реальных ситуациях.

Международный дискурс задаёт высокую планку: за последние два десятилетия программа PISA стала неотъемлемой частью дебатов о модернизации содержания образования и педагогических практик во всём мире (Meyer, 2013: 9). Исследование фокусируется на оценке именно функциональной грамотности — готовности пятнадцатилетних подростков использовать усвоенные знания для решения жизненных задач (OECD, 2000: 8; OECD, 2019b: 11). Обладатель ФГ способен обучаться на протяжении всей жизни и полноценно участвовать в общественной жизни (Добрякова, 2020: 37).

Функциональная грамотность — это умение применять знания для решения нестандартных задач (OECD, 2019). На уроках химии она формируется через осмысленное использование понятий «вещество», «строение» и «реакция», умение анализировать экспериментальные данные и графики, а также понимание того, как химические процессы проявляются в быту и промышленности родного региона.

Современные исследования подчёркивают, что функциональная грамотность является приоритетом образовательных систем и включает навыки критического мышления, владение родным языком и готовность к обучению в течение всей жизни (Попкова О.С. & Сергеева Н.О., 2024; Gnatyshina E.V. и др., 2023). Критическое мышление рассматривается как центральный механизм развития ФГ; для его формирования в педагогических вузах предложены разнообразные методы и техники (Gnatyshina E.V. и др., 2023).

По мере перехода к профессиональному образованию понятие ФГ расширяется: оно охватывает решение профильных задач и применение знаний в профессиональной деятельности (Касаткина Н.С., 2024). Здесь выделяется способность будущих педагогов творчески переосмысливать информацию и генерировать инновационные решения — креативное мышление признаётся существенной составляющей ФГ (Касаткина Н.С., 2024). Формирование функциональной грамотности студентов рассматривается как стратегическая задача, направленная на удовлетворение социальных запросов и повышение конкурентоспособности выпускников (Юздова Л.П. и др., 2021).

Аналитический обзор методов

Метод	Существенный вклад в ФГ	Пример из практики школ Астаны
Проблемно-ориентированные кейсы	Побуждают к постановке вопросов «почему?» и «что будет, если?», формируют навыки аргументации	Кейс «Чем заменить сульфатные шампуни?» — анализ состава косметики, обоснование выбора ПАВ
Экологические задания местного контекста	Развивают способность применять химические знания к оценке окружающей среды	Проект «Очистка воды Ишима» — подбор коагулянтов, обсуждение влияния pH
Интерпретация лабораторных данных	Формирует навык чтения таблиц, графиков, выявления закономерностей	Определение содержания нитрат-ионов в овощах: сопоставление спектрофотометрических результатов с нормами СанПиН
Междисциплинарные STEAM-проекты	Объединяют химию, математику и ИКТ, развивая системное мышление	Создание биопластика из крахмала: расчёт массовой доли глицерина, тест на биоразложение
Цифровые симуляторы и виртуальные лаборатории (BilimLand, PhET)	Дают безопасную среду для эксперимента, обучают планированию исследования	Виртуальный тетр-анализ: варьирование объёма титранта и мгновенное построение кривых нейтрализации

Проблемно-ориентированные кейсы

Кейс-метод на уроке химии эффективен, когда ситуация опирается на знакомый учащимся бытовой или региональный контекст. Так, исследуя вопрос выбора антинакипинового средства для чайников в общежитии, школьники:

1. анализируют химическую природу накипи ($CaCO_3$, $MgCO_3$);
2. сравнивают эффективность лимонной и уксусной кислот;

3. принимают решение на основе критерия «цена–экологичность–безопасность». Учитель задаёт направляющие вопросы, но не даёт готового алгоритма, тем самым развивая у подростков самостоятельность и критичность.

Лабораторная интерпретация без «сухих цифр»

Демонстрационный эксперимент может стать аналитическим, если задать ученикам роль «экспертов-толкователей». Например, при термическом разложении гидрокарбоната натрия школьники:

- фиксируют массу до/после нагрева,
- строят график зависимости массы от времени,
- выводят уравнение реакции, объясняя потерю CO_2.

В фокусе — не точность чисел, а объяснение тренда и корректность выводов.

STEAM и проектная синергия

Проект «Биопластик для фреш-кафе» объединяет химию (поликонденсация), технологию (формование плёнки) и предпринимательство (расчёт себестоимости). Такой формат развивает умение переводить химические знания в продукт, востребованный обществом.

Цифровые инструменты

Виртуальные лаборатории компенсируют ограниченное оборудование сельских школ. Учитель задаёт сценарий: «Определите оптимальное соотношение реагентов для максимального выхода продукта», а симулятор позволяет варьировать параметры. Учащиеся делают скрин-шоты графиков, сопровождают их комментариями — формируется культура доказательного отчёта.

Педагогические условия успешной реализации

Для развития функциональной грамотности важно, чтобы задания опирались на местные проблемы, например качество воды или переработка твёрдых бытовых отходов. Каждый практикум следует завершать короткой рефлексией: учащиеся совместно отвечают на вопрос, какой именно навык функциональной грамотности они только что отработали. Учителю требуется методическая гибкость, то есть разумное чередование групповой работы и индивидуальных мини-исследований. Качественный результат поддерживают информационные технологии: доступ к планшетам или компьютерам позволяет обрабатывать данные и работать в виртуальных симуляторах. Наконец, оценивается прежде всего сам процесс — ясность аргументации, логика рассуждений и умение верно интерпретировать полученные данные, а не только конечный ответ.

Выводы и рекомендации

Если перестроить уроки химии с механического заучивания реакций на их анализ и практическое применение, предмет открывает широкий простор для развития функциональной грамотности. Наиболее действенными в казахстанских школах оказываются проблемно-ориентированные кейсы, экологические задания и виртуальные лаборатории: они позволяют связать материал с реальными задачами региона и сделать обучение наглядным. Учителю при этом важно задействовать междисциплинарные проекты и цифровые инструменты, ориентируясь на местный контекст и ресурсы. Оценивание следует строить не на подсчёте примеров, а на том, насколько обоснованны аргументы ученика и корректны выводы из полученных данных. Да, такие подходы требуют дополнительной организации, но именно они повышают мотивацию школьников и готовят их к вызовам XXI века, поддерживая стратегические цели образования Республики Казахстан.

Список литературы

1. Министерство просвещения Республики Казахстан. Стратегический план развития системы образования на 2023–2027 гг.: приказ и. о. министра № 59 от 02.03.2023 г. – Астана, 2023. – 64 с.

2. Министерство просвещения Республики Казахстан. Государственный общеобязательный стандарт среднего образования: приказ министра № 348 от 03.08.2022 г. – Астана, 2022. – 88 с.

3. Meyer H.-D. PISA: International Perspectives on Education Policy. – New York: Waxmann, 2013. – 312 p.

4. OECD. PISA 2000 Technical Report. – Paris: OECD Publishing, 2000. – 397 p.

5. OECD. PISA 2018 Assessment and Analytical Framework. – Paris: OECD Publishing, 2019. – 321 p.

6. Добрякова М. А. Функциональная грамотность как показатель качества образования // *Педагогика*. – 2020. – № 7. – С. 35-42.

7. Попкова О. С., Сергеева Н. О. Функциональная грамотность как ключевая компетенция современной школы // *Современные проблемы науки и образования*. – 2024. – № 2. – С. 15-22.

8. Gnatyshina E. V., Krasnyanskaya K. A., Shadnyeva N. S. Developing Critical Thinking Skills in Teacher-Training Universities // *Journal of Social Science Education Research*. – 2023. – Vol. 14(4). – P. 112-129.

9. Касаткина Н. С. Креативное мышление будущих педагогов как элемент функциональной грамотности // *Высшее образование сегодня*. – 2024. – № 3. – С. 68-73.

10. Юздова Л. П., Иванова Е. М., Кулакова С. А. Формирование функциональной грамотности студентов в системе профессионального обучения // *Профессиональное образование в России и за рубежом*. – 2021. – № 4. – С. 52-60.

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ: ЗАМАНАУИ ҚҰРАЛДАР МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Ильясова Азиза Тунғышбекқызы
Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Саржансай жалпы орта білім беретін мектебінің
мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Тәрбие жұмысы білім беру жүйесінің негізгі құрамдас бөлігі ретінде жастардың қалыптасуына, олардың тұлғалық дамуына, әлеуметтік ортаға бейімделуіне үлкен әсер етеді. Заманауи әлемде жас ұрпаққа сапалы білім беру үшін тек қана дәстүрлі оқыту әдістері жеткіліксіз. Оқу мен тәрбие үрдісінде жаңа технологиялардың, инновациялық әдістердің қолданылуы – маңызды әрі қажетті жағдай. Атақты ғалым- Әбу Насыр Әл-Фараби «Тәрбиесіз берілген білім –адамзаттың хас жауы» деп атап көрсеткеніндей жастарға дұрыс бағыт беріп, олардың әлеуетін ашу үшін қазіргі заманның құралдары мен технологияларын пайдалану тәрбие жұмысының тиімділігін арттыра түседі.

Бүгінде еліміздің экономикасының барлық салаларын цифрландыру күн тәртібінің басты тақырыптарының бірі. Осы бағытта басталып жатқан белсенді жұмыстың алғашқы бағыттардың бірі білім беру деп аталады.

Цифрлік сауаттылық - бұл адамның өмірдің барлық салаларында цифрлік технологияларды сенімді, тиімді, сыни және қауіпсіз қолдануға дайындығы және қабілеті. Цифрлік сауаттылық - ақпараттық қоғамдағы қауіпсіздіктің негізі, XXI ғасырдың ең маңызды білімі. Цифрлік сауаттылықты қалыптастыру оқырмандық, математикалық және жаратылыстану сауаттылығымен тең дәрежеде назар аударылуы керек.

Расымен де, адамзат қауымы жыл санап емес, ай санап, тіпті апта мен күн санап цифрландыру заманының сиқырлы әлеміне еніп барады. Цифрландыру технологиялары дегеніміз – бұл бұрын-сонды адамзат бастан кешпеген ғажайып әлемнің жаңа құралдары. Қазіргі күні бұл технологиялар жасақталу үстінде. Олар қазірдің өзінде біз тамсанып айта беретін ақпараттық технологиялардың өзін жолда қалдыра бастады.

Заманауи технологиялар біздің өмірімізге тұрақты түрде енгізілуде, «Цифрлік» тұжырымдамасын тек ғылыми конференцияларда ғана емес, күнделікті өмірде де жиі кездесетін болдық. Кейбір адамдар әлі күнге дейін цифрлау үрдісінің артықшылықтары мен кемшіліктері туралы пікірталастарда. Цифрландыру процесті және өндіріс кезеңдерін толық автоматтандыруды, өнімнің дизайнынан бастап, оны түпкілікті тұтынушыға жеткізумен аяқтауды, сондай-ақ кейіннен өнімге техникалық қызмет көрсетуді білдіреді.

Ғылымның қарқынды дамуы барысында көптеген корпорациялар өндірістің барлық деңгейлерінде жаңа технологияларды қолдана отырып жұмыс істеуге дайын қызметкерлерді

талап етеді және арнайы дағдыларға ие емес қызметкерлер қажеттілігі артта қала беруде. Осы проблемаларды шешу, әрине, білім беру процесін қайта жаңғыртуды талап етуі тиіс.

Цифрландыру тікелей бұрын қол жетімді болмаған жоғары оқу орындары мен мектептер үшін ашылатын цифрлік технологияның оқу құралдарымен байланысты. Олардың ішінде онлайн оқу аса ерекшеленеді.

Қазіргі таңда әлеуметтік желілер мен интернеттің дамуы ақпараттық қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандырып қана қоймай, білім беру мен тәрбие жүйесіне де өз ықпалын тигізді. Мектептер мен колледждерде, жоғары оқу орындарында жаңа ақпараттық технологиялардың қолданылуы тәрбие жұмысына жаңа серпін береді. Вебинарлар, онлайн сабақтар, әлеуметтік желілер арқылы білім беру мен тәрбие беру процесі жеңілдетілді және тиімді бола түсті.

Әлеуметтік педагогика мен психологиядағы жаңа зерттеулер мен ғылыми жетістіктер педагогтардың өз жұмыстарын жаңаша ұйымдастыруына мүмкіндік береді. Мұғалімдер мен тәрбиешілер өз оқушыларының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, түрлі тәсілдерді қолдана алады. Қазіргі таңда жеке тұлғаны дамытуға бағытталған әдіс-тәсілдер көп: ойын терапиясы, жобалау әдісі, зерттеу жұмыстарын жүргізу, кейс-стади және т.б. Осы әдістердің әрқайсысы оқушылардың тұлғалық дамуын, шығармашылық қабілеттерін арттыруға көмектеседі.

Тәрбие жұмысы үшін ерекше маңызға ие болатын педагогикалық технологиялар мен ақпараттық құралдар әртүрлі мақсаттарға бағытталады. Қазіргі кезде педагогтар оқушылармен жұмыс істегенде интерактивті тақталар, электрондық оқулықтар, онлайн ойындар, оқыту видеолары, тренингтер мен семинарлар сияқты заманауи құралдарды қолдануды қолға алып отыр.

Әсіресе, бейнемазмұнды қолдану өте тиімді. Видеоларды қолдану, оқушылардың қызығушылығын арттырып, оларды белсенділікке ынталандырады. Ал, әлеуметтік желілерді тәрбие жұмыстарында пайдалану арқылы тәрбиеші оқушылармен қарым-қатынасын нығайта алады, әртүрлі шараларды бірге ұйымдастырып, сол арқылы балалардың топтық жұмыс дағдыларын дамытуға мүмкіндік алады.

Тәрбие жұмысында қолданылатын тағы бір тиімді әдіс – ойын әдісі. Бала немесе жасөспірімдер психологиясы ойын арқылы дамиды. Ойындар арқылы олар қоршаған ортаны таниды, өздерін басқа адамдармен салыстыра алады, түрлі рөлдерде ойнай отырып әлеуметтік дағдыларын қалыптастырады. Сонымен қатар тренингтер арқылы тәрбиеші оқушыларды өздерін көрсетуге, ұжыммен жұмыс жасауға үйретеді.

Жас ұрпақты тәрбиелеуде әртүрлі тренингтер мен семинарлар да маңызды рөл атқарады. Бұл шаралар оқушылардың эмоциялық күйін жақсартып, олардың өзіндік пікірлерін дамытуға мүмкіндік береді. Тренингтер мен семинарларда балалардың топтық жұмысын ұйымдастыру, жеке тұлға ретінде өздерін дамытуы маңызды.

Мектептер мен колледждерде тәрбие жұмысы тек қана білім мен ғылымды қамтитын емес, сонымен бірге шығармашылық қабілеттерді, әлеуметтік дағдыларды дамытуға бағытталған жұмыстарды да қамтиды. Жаңа инновациялық әдістердің қолданылуы осы бағытты қолдайды.

Қазіргі таңда оқушыларға тәрбие жұмысының әр түрлі әдістерін қолдану арқылы оларды қанағаттанарлық деңгейде дамытуға болады. Интернет-ресурстар, ғылыми зерттеулер мен әдебиеттер арқылы оқушыларға көмек көрсету, олардың ғылыми қызығушылықтарын арттыру, жаңа мәселелер мен тақырыптар бойынша пікірталас ұйымдастыру оқушылардың ойлау қабілетін, сыни ойлау дағдыларын қалыптастырады.

Сонымен қатар, педагогтар мен тәрбиешілердің өздерін үздіксіз дамытатын, жаңалықтарға бейімделетін болуы да өте маңызды. Заманауи әдістерді пайдалану арқылы олар өз жұмысының тиімділігін арттыра алады. Тәрбие жұмысында жетекші рөлді педагогтар атқарады, олар заманауи әдістер мен технологияларды өз жұмысында қолдана отырып, балаларға дұрыс тәрбие мен білім береді.

Қазіргі заманда тәрбие жұмысы тек қана біліммен шектелмейді. Жас ұрпақты тәрбиелеу мен дамыту үшін жаңа технологиялар мен инновациялық әдістердің маңызы өте жоғары. Тәрбие жұмысының тиімділігі мен сапасы заманауи құралдардың дұрыс қолданылуына байланысты.

Ақпараттық құралдар мен педагогикалық әдістерді үйлестіре отырып, біз қоғамға қажетті, шығармашыл, әрі білімді азаматтар тәрбиелей аламыз. Бұл жұмыстың негізгі мақсаты – жастардың сапалы білім мен тәрбие алып, өмірдің қиындықтарына дайын болуын қамтамасыз ету.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІНДЕ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУДА ЦИФРЛЫҚ ПЛАТФОРМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

Ілиясова Мөлдір Таңатқанқызы
Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Жаңақоныс ЖОББ КММ мектебінің
география-биология пәні мұғалімі

Жаратылыстану пәндерін оқытуда цифрлық білім беру ресурстарын қолдану қазіргі білім беру жүйесінің маңызды аспектісі болып табылады. Заман талабына сай, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар оқу процесінде цифрлық құралдардың тиімділігін арттырады. Бұл ресурстар оқушылардың білім алуын іс жүзінде жетілдіруге, оқу материалдарын визуализациялауға, интерактивті тәжірибелер ұйымдастыруға, атап айтқанда, оқу нәтижелерін бағалаудағы тиімділігін арттыруға көмектеседі. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында жаңа технологияларды меңгеру, білім беру сапасын арттыруға ерекше көңіл бөлінеді. Цифрлық ресурстар жаратылыстану пәндерінде оқытудың әдістемесін жаңартып, оқушылардың назарын аударуға, білім сапасын көтеруге ықпал етеді.

Әлемдік бәсекеге қабілетті Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының көптеген елдерінде жоғары технологиялар саласындағы маман-дарды даярлаудың негізі STEM білім беру болып табылады.

Заманауи цифрлық технологияларды дамыту және адам қызметінің барлық салаларын цифрландырудың жылдам қарқынмен өтуіне байланысты «STEM» білім беру маңызды және өзекті мәселе болып табылады.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім беру ұйымдарының цифрлық инфрақұрылымын (сымсыз коммуникациялар, бұлтты технологиялар, микросерверлер, компьютерлер мен перифериялық жабдықтар, жергілікті желі, кеңжолақты интернетке қол жеткізу және т.б.) дамыту жұмы-сы жалғастырылады. Мектептер химия, биология, физика пәндері кабинеттері-мен, STEM-кабинеттермен жарақтандырылады – деп атап көрсетілген[1].

STEM (Science, Technology, Engineering, Mathematics) - ғылым, технологиялар, инженерия және математика ұғымын білдіреді. STEM негізінде бұл түсініктің жаңа нұсқалары пайда болды, солардың ішінде анағұрлым кең таралғаны STEAM (ғылым, технологиялар, инженерия, өнер және математика) және STREM (ғылым, технологиялар, робототехника, инженерия және математика) болды. Қазіргі уақытта STEM әлемдік білім берудің басты трендтерінің бірі болып табылады [2].

STEM – оқытудың біріктірілген тәсілі, оның шеңберінде академиялық ғылыми-техникалық тұжырымдамалар шынайы өмір контексінде зерттеледі. Мұндай тәсілдің мақсаты – мектеп, қоғам, жұмыс және бүкіл әлем арасында STEM-сауаттылықты дамытуға және әлемдік экономикадағы бәсекеге қабілеттілікке ықпал ететін нық байланыстарды орнату (Tsupros, 2009).

STEM жаратылыстану пәндерінің проблемалық сұрақтарын ғылыми тұрғыдан инженерлік жобалау және математикалық сипаттау арқылы білім алуға, сыни ойлау дағдыларын дамытуға, жаңа технологияларды игеруге байланысты болашақ кәсіптің іргетасын қалыптастыруға көмектеседі.

Зертханалық практикум физика, химия, биология т.б. және т.б. басқа пәндерді STEM оқытудың маңызды құрамдас бөлігі болып саналады. STEMзертханаларының мақсаты — теориялық материал бойынша алынған білімді тереңдету, әртүрлі шамаларды өлшеудің әдістемелерімен танысу, әртүрлі құралдардың жұмыстарын зерттеу, тәжірибелік мәліметтерді

жинау және өңдеу технологияларын үйрену, инженерлік графика және дизайн жасау дағдыларын дамыту [3].

Жаратылыстану пәндеріне қатысты **STEM технологиясын** келесі бағыттарда қолданған тиімді болып саналады:

Макроәлемде өтіп жатқан табиғи құбылыстарды зерттеуге; мұнда реалды өмірдегі әртүрлі нысандардың, құрылыстардың, құралдар мен жабдықтардың (ракета, машина, әуе, су кемелері, зауыттар мен фабрикалар үлгілері, кез-келген өндірістің инженерлік технологиясы, физикалық, химиялық, биологиялық құбылыстар) прототиптерін жасап шығару. Оларға STEM технологияның **құрылымдау (конструирование), технологиялық модельдеу**сынды түрлері жатады.

Нақты әлемдегі үдерістерді компьютерлік, ақпараттық-бағдарламалық тұрғыдан жасақталған, STEM технологияларының озық түрлерінің (**математи-калық модельдеу**, **инженерлік графика, дизайн жасау,сандық зертхана-лар)** көмегімен бақылап, зерттеп, қандай-да бір өнімдер жасауға болады.

Сандық зертханалар – жаратылыстану цикліндегі сабақтарда демонстрациялық және зертханалық сабақтарды жүргізу үшін қажетті қондырғылар мен бағдарламалық қамтамасыз ету құралдары. Сандық (компьютерлік) зертхана – әрүрлі физикалық-химиялық шамаларды тіркейтін датчиктер (құрылғылар) мен контейнерден,жеке компьютермен байланыс жасау қабілеті бар өлшеу блогынан тұрады. Мұндай зертханаларды қолдану жұмыс барысындағы көрнекілікті арттырып қана қоймай, зертхана комплектісіне енетін жаңа, сезімтал құралдар арқылы жұмыс нәтижелерін де тез, әрі жоғары дәлдікпен өңдеуге көмек береді, мысалы, химия-биологиядан (жарықталу, ылғалдылық, тыныс алу, оттек концентрациясы, жүрек жиырылуының жиілігі, температура, қышқылдылық және т.б. датчиктер), физика зертханасында (күш, арақашықтық, қысым, температура, ток күші, кернеу, жарықталу, дыбыс, магниттік өріс датчиктері). Сандық зертханаларжабдықтары әмбебап, әртүрлі тәжірибелік қондырғыларға жалғануы мүмкін, өлшеулерді «далалық жағдайда» жүргізуге болады, мұғалім мен оқушылардың уақытын үнемдейді, өлшеу параметрлерін өзгерту мүмкіндіктері арқылы оқушыларды шығармашылыққа жетелейді.

NOVA5000 арнайы портативті компьютері

Мысалы, «Архимед» СЗ оқу- зерттеу іс-әрекетін жүргізуге арналған Fourier Systems компаниясы шығарған арнайы портативті компьютер - NOVA500 –ге негізделген, мұнда Windows CE 5.0 платформасындағы стандартты интерфейс, мәліметтерді тіркегіш құрылғылар және математикалық есептеу-лерге арналған құралдар бар.

Қазіргі таңда "Pasco"зертхана кешендерін пайдаланудың әдістемелік нұсқау-ларықазақ және орыс тілдеріне аударылған.

Spark SLS мәліметтер тіркегіші Sparklink интерфейсі

Демонстрациялық жұмыстарды жүргізу үшін қолданылатын AFS бағдарламалық-ақпараттық кешен көмегімен физика, химия және биологиядан тәжірибелік жұмыстарды жүргізіп, алынған мәліметтерді өңдеуге болады.

3.Қазіргі жаратылыстану білім беру саласында ақпараттық-ком-муникациялық технологияларды кеңінен қолдану оқу экспериментінің жаңа түрін – виртуальды эксперименттің пайда болуына әкелді. Бұл STEM технологиялардың **виртуальды модельдеу** түрі болып саналады.

Виртуальды зертхана – компьютерде химиялық, физикалық, биологиялық т.б. үдерістерді модельдейтін (үлгілейтін), оның шарттары мен жүргізу параметрлерін өзгертуге мүмкіндік беретін компьютерлік бағдарла-ма. Мұндай бағдарлама интерактивті оқытуды іске асыру үшін ерекше жағдай жасайды.

Виртуальды зертханалар әртүрлі үдерістердің жүру шарттары мен белгілерін сапалы деңгейде үлгілеуге мүмкіндік береді. Мысалы, химия пәнінен виртуальды зертханалардың анимациялау бағдарламасы ретінде мыналарды атауға болады: (ИНИС-СОФТ, РБ), ChemLab, Yenka және т.б..Сонымен бірге, химиялық реакциялардың жүру заңдылықтарын сандық деңгейде бейнелейтін виртуальды зертханаларды бөліп атауға болады. Бұл жағдайда сандық өзгерістер

графиктер және сандық кестелер түрінде бейнеленеді. Мұндай түрдегі виртуальды зертханаларға HyperChem, ChemStations, ChemCAD және т.б. жатқызуға болады.Визуализация (бейнелеу) тәсілі бойынша екі өлшемді және үшөлшемді графика және анимациялар пайдаланылатын зертханаларды жіктейді. Бұл әдістер белгілі шетелдік жасалымдарда әртүрлі дәрежеде пайдаланылады. Мысалы, Carnegie Mellon University (АҚШ) жасалынған Virtual Chemistry Laboratory білім беру бағдарламасы Интернет арқылы да, компакт-дискілерде де таратылады.

4.Микроәлемде жүріп жатқан үдерістерді зерттеу. Ол үшін Интернет жүйесіндегі MEL Science қосымшасын пайдалану қажет, ол жаратылыстану ғылымдарын виртуальды өмірде шынайы түрде көрсетіп оқытады. Мысалы, химия пәнінде кез-келген элемент атомын өз қолымен құрып, жасақтауға болады. Бұл қосымша MEL Chemistry VR app деп аталады, ол Google Daydream платформасын қолданушыларға қолжетімді.

Әдебиет:

- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы.
- Г. Ногайбаева. Развитие STEM-образования в мире и Казахстане.
- «Білімді ел-Образованная страна», №20(57) от 25 октября 2016 г.

ИНФОРМАТИКА САБАҚТАРЫНДА- ЗАМАНАУИ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Кабашева Гульмирам Бактыгереевна

Бірік ЖОББМ информатика пәні мұғалімі ЗКО, Казталовский район, с.Ажбай

Кіріспе

Қазіргі заман – цифрлық сауаттылық дәуірі. Информатика пәні тек бағдарламалау негіздерін ғана емес, сонымен қатар цифрлық технологияларды өмірде тиімді қолдану жолдарын да үйретеді. Осыған байланысты сабақ үдерісінде заманауи цифрлық құралдарды, платформаларды, қосымшаларды ұтымды пайдалану – оқу сапасын арттырудың және оқушының қызығушылығын оятудың тиімді тәсілі.

1. Заманауи цифрлық технологиялардың маңыздылығы

Информатика сабағында жаңа технологияларды қолдану:

- Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытады;
- Практикалық дағдыларын қалыптастырады;
- Ғаламдық ақпараттық ресурстармен жұмыс істеуге үйретеді;
- Болашақ IT-маман ретінде кәсіби бағдар береді.

2. Қолданылып жүрген цифрлық технологиялар мен платформалар

✓ **Оқыту платформалары:**

- **Bilimland.kz**, **Twig-bilim.kz** – интерактивті видео, анимация
- **Scratch**, **Code.org** – визуалды бағдарламалау
- **Khan Academy**, **PythonTutor** – кодтау негіздері
- **Google Classroom**, **Moodle** – онлайн сабақтар мен тапсырмалар жүйесі

✓ **Интерактивті құралдар:**

- **Kahoot**, **Quizizz**, **Mentimeter** – тест, викторина жасау
- **Canva**, **Genially**, **Prezi** – презентациялар, анимациялар
- **Padlet**, **Jamboard** – топтық жұмыс, идея карталары

✓ **Бағдарламалау ортасы:**

- **Python**, **Scratch**, **Pascal**, **HTML/CSS**
- Онлайн код редакторлар: **Replit**, **Trinket**, **Visual Studio Code**

3. Тәжірибе тарату: менің іс-тәжірибем

✓ **Сабақ үлгісі:**

Тақырып: "Scratch арқылы дамытушы ойын құру"

Мақсат: Оқушыларға алгоритм, цикл, оқиға негізінде интерактивті жоба жасауға үйрету.

Қолданылған құралдар:

- **Scratch** – оқушылар өз мультфильмін жасап, сахналарды ауыстырды.
- **Padlet** – оқушылар өз жобаларын жариялады.
- **Kahoot** – сабақты бекітуге арналған викторина.

🔻 **Нәтиже:**

Оқушылар өз жобасын қорғап, топпен бірлесе жұмыс істеді. Көптеген оқушы өз қабілетін танытты. Сабаққа деген қызығушылық едәуір артты.

4. Тиімділіктің артықшылықтары

Артықшылық	**Түсініктеме**
💻 Қызығушылық артады	Визуалды, интерактивті әдістер қолданылды
🤝 Коммуникативтілік	Топпен және жұппен жұмыс
🚀 Шығармашылық	Өз жобаларын жасауға мүмкіндік
⏱ Уақыт үнемдеу	Цифрлық тапсырмалар мен автоматты тексеру
📊 Нәтиже бақылауы	Онлайн кері байланыс және рефлексия

🔹 **Scratch**

Құрушысы: MIT (Massachusetts Institute of Technology)

Жасы: 8 жастан бастап

Сипаттамасы:

- Визуалды блокты бағдарламалау тілі.
- Пайдаланушылар түрлі **ойындар**, **анимациялар**, **интерактивті оқиғалар** жасай алады.
- Код жазу орнына **"құрастыру" блоктары** қолданылады (мысалы: "қозғалу", "айт", "егер", т.б.).
- Онлайн қауымдастығы бар: қолданушылар өз жобаларын бөлісе алады.

Артықшылықтары:

- Қарапайым әрі түсінікті интерфейс.
- Жаңадан үйреніп жатқан балалар мен оқушыларға өте ыңғайлы.
- Оқушылар логикалық ойлау, шығармашылық қабілеттерін дамытады.

Сайт: https://scratch.mit.edu

Ф актор	**S cratch**	**Co de.org**

Жас шектеу::і 8 жастан

Тілі : Визуалды

Оқу материалы: Анимация, ойындар жасау

Мұғалімге арналған ресурстар Бар :

Онлайн қауымдастық : Иә

Оқыту нәтижесі ретінде оқушымның Зерде байқауына дайындаған **«Scratch – математика әлемінде» тақырыбындағы** жобасын айтып өткім келеді.

Бұл жоба Scratch бағдарламасында балалардың шығармашылық және есте сақтау қабілеттерін дамытуға арналған ойын құруды қарастырады. Ойын құрып, оны оқып -үйрену үрдісінде қолдану арқылы, балалардың есте сақтау және шығармашылық қабілеттерін дамытудағы рөлі талданады. Балалар кез-келген компьютерде Scratch бағдарламасы болмаса да, қолдана алуы үшін TurboWarp Packager - Конвертация проектов Scratch в HTML, EXE и многое другое сайтында exe файл жасады. Өзінің жобасын 2 сынып оқушыларына тәжірибеден өткізді





кобейту кестеси.html екі рет шертсеңіз ойын терезесі ашылады

Қорытынды

Информатика сабақтарында заманауи цифрлық технологияларды қолдану – бұл оқушыларды болашаққа дайындаудың маңызды тетігі. Мұғалімнің басты міндеті – оқушыны тек біліммен қаруландырып қана қоймай, заманауи цифрлық ортада еркін жұмыс істеуге бағыттау. Өз тәжірибемде цифрлық құралдарды белсенді қолдану – оқушы жетістігіне оң әсер ететінін көрсетіп отыр.

ЖОБА КОНКУРСТАРЫНА ҚАТЫСУДЫҢ НӘТИЖЕЛІЛІГІ

Кайырбаева Асылгуль Бауыржановна
«Абай атындағы ЖОББМ» КММ

Адам баласынан адам баласы ақыл,
ғылым, ар, мінез деген нәрселерден озады.
Абай

Білім алушы дарындылығы оның жоғары жүйке саласының туа біткен қасиетімен тығыз байланысты. Адамға белгілі бір қызметті ойдағыдай атқару мүмкіншілігін қамтамасыз ететін қабілеттердің ерекше қиысу қызметтің сол саласында талант деп атайды. Сонымен талантты адам дегеніміз – жоғарғы білікті шығармашылықпен жұмыс жасайтын адам. Дарынды балаларды іздеу, оларды оқыту мен тәрбиелеу қоғам үшін бүгінгі күні өте қажет, себебі дарынды адам басқаға қарағанда көп пайда әкеледі. Әрбір дарынды адам, еңбекке бейім, ол шығармашылық тапқырлықпен жігерлі еңбек етеді. Сонымен дарынды, таланты бала деп баланың, ата- ананың мектептің үздіксіз еңбегінің жемісін айтуға болады. Белгілі психолог Н.С. Лейтес дарынды баланың негізгі қасиеттері мыналар деп көрсетеді:
— ұқыптылық, жинақтылық, зейіннің тұрақтылығы, еңбек ету қабілетінің жоғарылығы.
— ақыл- ой, логикалық ойлаудың тездігі, кез келген жағдайды талдап салыстыра білу.
— барлық күш- қуатты сарқа жұмсап тынымсыз еңбек етуі
Осы қағидаларды басшылыққа ала отырып кез келген баланың бойындағы қабілетті үздіксіз еңбек мұғалімнің ерінбей жалықпай үлкен ізденіспен жұмыс жасауының нәтижесін жүзеге асыруға болады.

Қабілетті балалармен жеке жұмыстарды ұйымдастыру біздің тәжірибемізде төмендегідей негізгі бағыттарды қамтиды.

1) жан – жақты зерттеу жұмыстарын жүргізу арқылы оқушылардың икемділігін, қабілеттілігін айқындау, оларды топтарға бөлу; 2) оқу үрдісінің барлық сатыларында әр түрлі топтардағы оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің және дамытудың әдістемелік тәсілдерін жасау;

3) Әр алуан мақсатта жеке дидактикалық материалдардың жүйесін құру;

4) Білімді бағалау, бақылау жүйелерін жетілдіру

Осы қасиеттерді мен әр оқушының бойынан қалай анықтауым керек деген сұрақ туындады.Осыған байланысты мен мектепте психологпен ақылдаса отырып, ата-аналардан, күнделікті сабақ өткізетін мұғалімдерден сауалнама ала отырып дарынды оқушыларды іріктеп алдым.

Оқыту мен тәрбиелеу процесінде оқушы шығармашылығын дамытудың қажеттілігі қоғам талабынан туындайды. Қоғам қашан да қабілетті адамға мұқтаж болып келген Қазіргі кезде мамандық атаулының барлығы бейімділікті, ептілікті, шапшандықты, ерекше ой қызметін, мол шығармашылық мүмкіндікті қажет етеді және өзін қоршаған түрлі жағдайларға тез икемделіп қана қоймай, оларды керекті бағытына шығармашылықпен бұра білу қабілеттілігіне икемдейді. Осыған орай, XXI ғасыр мектептерінде жаңа талап, жаңа заманға сай оқушылардың ғылыми қоғамының жұмыстарының жандандыру – үлкен міндет. Ғылыми қоғамның атқаратын жұмыстары оқушылардың ғылым мен техниканың немесе өнердің бір саласын тереңдетіп оқыту арқылы танымдық белсенділіктері мен шығармашылық қабілеттерін дамытуына зор ықпал етеді.Білім алушылардың дарындылық қабілеттерін ашу мақсатында қазақ әдебиеті бағыты бойынша түрлі қызықты тапсырмалар,платформалармен жұмыс жасап келемін.

Оқушыларымның жетістіктерін атап айтар болсам Аудандық «Өлкетану»ғылыми жоба бағыты бойынша Сағынғалиева Нұргүл 1-орын облыстық кезеңнен 1-орын, аудандық «Зерде» ғылыми жобасында Жеңісова Аяжан 3-орын, Аудандық «Мағжан оқулары» Байсалова Асылнұр 1-орын, Облыстық «Мағжан оқулары» 2-орын Аудандық «Зерде» ғылыми жобасынан «қазақ тілі мен әдебиеті»бағыты бойынша Сүлеймен Қарақат алғыс хатпен марапатталды

Оқушымен шығармашылық жұмысты бастамас бұрын мен өзіме төмендегідей талап қойдым:

1. Дарынды баланы анықтауда психологпен бірлескен жұмыс жасау;
2. Ата — анасымен педагог ретінде сөйлесе білу;
3. Дарынды балаларға арнайы бағдарламалар жасау;
4. Дарынды балаға шығармашылықпен жұмыс істеу үшін жаңа, тың тапсырмалар беру, орындалуына талап қою;
5. Жаңа технология элементтерін сабақта пайдалану;
6. Тапсырманың орындалу нәтижесін қадағалау.

Оқушыларды ғылыми жоба жарыстарына дайындауда мынадай мәселелерге ерекше көңіл бөлу қажет:

— Тақырыптың ғылыми құндылылығы;
— Таңдаған тақырыпты ашудағы оқушы еңбегінің сипаты, қосқан үлесі;
— Көрнекілігі мен ұсынылған материалдың сапалылығы;
— Ойын ұтымды, жағымды жеткізе алуы, сөйлеу мәнері, өзін ұстауы, аудиторияны тартуы
-Өз бетімен ізденуге,тың дүниелерге құштарлығын оятуы
— Жұмыстың көркем безендірілуі.

1.Ғылымның әр саласынан дарынды балаларды таңдап алу және олардың шығармашылық қабілеттерін жетілдіру.

2. Оқушылардың өздігінен білімдерін көтеруге, жетілдіруге белсенді әрекет жасау.

3.Оқушы өзі таңдаған ғылым саласы бойынша өз бетінше білім – дағдыларын жетілдіру барысында жұмыс жүргізе алу.

4. Оқушылардың ғылыми – шығармашылық тобының жұмысы оқушылардың оқу үрдісін жетілдіруде және мамандық таңдауда көмегі бар.

1.Ғылыми жұмыстың әдіснамасы.

Қазіргі заманғы ғылым – еңбек іс- әрекетін адамның ойлауы мен психикалық және дене күштерінің ынталануын талап ететін бір түрі болып табылады. Ғылым іс – әрекеттің ең бір қиын да, күрделі, көп ақпараттық білімді, білік дағдыны талап ететін бір саласы болып есептеледі. Қазіргі зерттеуші — ғалымның алдында кез келген ғылыми мәселені шешетін дұрыс бапты анықтау міндеті тұр. Мұндай бапты беталды іздеу көп уақыт пен күшті талап етеді, бұның өзі де көбінесе дұрыс шешімге әкелмейді. Сонымен қатар, қазіргі уақытта дұрыс сұрақты қоя білу, оған жауапты анықтау қажеттілігімен ғана шектелмей, ғылыми еңбектің жемісін пайдалану

нәтижелерін көре білу керек. Ғылыми жұмыстың нәтижелілігі көп жағдайда таңдалған әдіснамаға байланысты.

Ғылыми әдіснаманың үш деңгейі бар:

1.Философиялық

2. Жалпы ғылыми

2. Нақты ғылымдылық.

Бұлардың арасында айқын шекара жоқ, себебі олар бір – бірін алмастырып, толықтырып жатады.

Ғылыми әдіснаманың ең бір басты бөлігі – салада жаңалық ашу. Ғылыми әдіснаманың бірінші және ең нағыз талаптарының бірі – кәсіби білім деңгейін үнемі және жоспарлы түрде арттыру. Бұл мақсатқа жету үшін, мектеп қабырғасынан бастап ғылыми пәндерден өз біліктілігін көтеріп, жан – жақты білімді тұлға болуға ұмтылу.

Ғылыми жұмыстың тиімділігі көп жағдайда адам ой-өрісінің кеңдігіне, білімділігіне, жалпы ақпараттық мәдениетіне байланысты. Табиғатқа, әдебиетке , музыкаға, суретке деген қызығушылық эмоционалдық қанағат береді, ғылыми мәселелерді шешуде пайда болатын шаршағандықты сыпырып алады, шығармашылық үрдісті шапшаңдатады, күтпеген ассоциация тудырады, тасаланып тұрған заңдылықтар мен байланыстарды көруге мүмкіндік береді.

Осы қағидаларға сүйенсек жас зерттеуші сауатты, көп салалы, білімді азамат болу керек. Орта мектепте оқи жүріп қазіргі заманға лайық және жалпы білімді меңгеруге міндетті.

Ғылыми жұмыстың маңызды сәтінің бірі жаңа ой – пайым (идея) шығару және болжам (гипотеза) жасау. Жаңа, әлі белгісіз, бірақ өмірде кездесетін заңдылықты іздеу барысында ол туралы болжам жасайды, мүмкін ол дұрыс болып шығар, мүмкін жалған да болар.Гипотеза– ғылыми болжау, ғалым жұмысының айырылмас серігі. Нағыз ғалым өз жұмысын қиялсыз жасай алмайды. Қиялсыз, тапқырлықсыз, жаңа ой – пайым табу қабілетінсіз ғалым табысқа жетуі мүмкін емес.

Ғылыми заңдарға байланысты жасалған гипотезалардың бірнеше түрі болады. Олар теориялық , құрылымдық, статистикалық, динамикалық, санды және сапалы болып табылады.

Ғылыми жұмыстың мақсаты – іргелі және қолданбалы міндеттерді шешу. Іргелі ғылым табиғат пен қоршаған әлемнің ғылыми мәселелерін қарастырады, оның зерттеу пәні ретінде әлем мен бүкіл жаратылыс құрылымының жалпы заңы мен ортақ заңдылықтары табылады.

Ғылыми жұмыс, зерттеу дегеніміз — дамның еңбектену іс –әрекетінің ерекше түрі. Бұл іс – әрекет адамнан еңбекқорлық, мақсаттану, уақытша туындаған сәтсіздікті жеңе білу қабілетін, оның интеллектуалды мүмкіндіктерін барынша пайдалануды қажет етеді. Ғылыми еңбектің мақсаты адамзатқа осы уақытқа дейін беймәлім ақиқатты ашу, табиғат жұмбақтарына тереңірек үңілу, адамзат игілігіне пайдаланатан табиғи күштерді қолданудың жаңа жолдарын, адамды, оның ішкі яғни дене күштерін және рухани қайратын зерттеу. Ғылым аясында еңбек ету әрқашанда құрметті және мәртебелі болып саналған.

Ғылыми – зерттеу жұмысының бастауы.

Ғылыми – зерттеу жұмысы өзекті проблемалардан бастау алатындығы баршамызға мәлім. Адамдар сонау алғашқы қауымдық құрылыстың өзінде табиғаттың, жаратылыстың тылсым дүниелеріне үңілген. Әр түрлі саланы зерттейтін ғылымдардың барлығы да адам баласының «білсем», «танысам» деген ынталарынан туындаған. Жұмбақ дүниелер проблеманы туғызған, ал проблемалар бір ғылым саласының тууына, дамуына ықпал еткен.

Проблеманы іздеудің ең оңтайлы жолы – бір нәрсені әр түрлі жағынан көре білу; дайын тұжырымдардың өзіне де сыни көзқараспен қарау, басқа шешімін іздеу, оны табуға еңбектену болып келеді.

Зерттеудің әдіс – тәсілдері, оны ұйымдастырудың жұмыс жоспарын жасаудың тиімді жолдары

Зерттеу жұмысы – шығармашылық үрдіс. Оның барысында өзгертулер, толықтырулардың болып тұруы заңды құбылыс. Зерттеу жұмысына, ең алдымен жоспар жасап алу керек. Жұмыс жоспары «Не істеу керек, қандай жолдары бар, қандай әдістер дұрыс ? » деген сұрақтарды қамтиды.

— Зерттеу тақырыбы бойынша әдебиеттер тізімін жасау.
- Ғылыми жұмыстарға үңілу.
— Тәжірибелі ұстаздардан ақыл –кеңес сұрау.
— Интернетке жүгіну,әдебиеттерге шолу,баспасөз материлдарын қарау
— Үнемі бағамдау, байқау, іздеу, жинақтау жұмыстарын жүргізу.
— Тәжірибе жүргізу,оның барысы, нәтижесін жүйелі түрде талдап отыру.
— Қорытынды жасау.
— Бейне материалдар, слайдтар жасау.
— Жұмысты қорғауға дайындалу.

Әр мұғалімнің аса маңызды міндеттерінің бірі әр оқушының бойындағы қабілетті, икемділікті көре білу болып табылады. Дарынды балаларды іздеу, оларды оқыту мен тәрбиелеу қоғам үшін бүгінгі күні өте қажет. Әрбір дарынды адам, еңбекке бейім, шығармашылық тапқырлықпен жігерлі еңбек етеді. Осы қасиеттерді біз мектеп тарапынан әр оқушының бойынан қалай анықтауымыз керек деген сұрақ туындайды. Сонымен дарынды, таланты бала деп баланың, ата — ананың мектептің үздіксіз еңбегінің жемісін айтуға болады. Қандай дарынды бала болмасын, оның барлығы өз бетімен ғылыми жұмыс жазуға, зерттеу, ізденіске бара алмайды. Ол үшін мұғалімнің көмегі, ақыл- кеңесі қажет. Ғылыми жұмыстың нәтижелілігі көп жағдайда таңдалған әдіснамаға байланысты.Сондықтын мектеп ішінен іріктеп алған дарынды оқушыларымызбен ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуді үйреткен шакта

1. теориялық әдіснамалардың түрлерін, жаңа ой- пайым шығаруға, ғылыми болжам, салыстыру, талдау жасауды үйрету. 2.дұрыс тақырып таңдап, проблемалар туғызып, оны шеше білу. 3. жоба құрылымын дұрыс құра білу, оны қорғау әдістерін үйрету.

Бұл оқушылармен үнемі қосымша жұмыс жасау. Күрделі тапсырмалар, зерттеулер беру. Логикалық тапсырмаларды жиі ұсыну. Әр сабақта олардың ой-өрістерінің өсуіне жағдай жасау. Оқуға деген белсенділіктерін дамыту, арттыру. Адамгершілікке, жақсы қасиетерді бойларына сіңіріп өсулеріне ықпал жасау.

Ғылыми жұмысты жазу, іздену тер төгетін еңбекті қажет ететіні түсінікті. Ал оны қорғау да өте күрделі мәселе. Сонымен қатар, әр оқушы ғылыми жұмыстарды жазғанда күнделік жүргізгені дұрыс. Осыған орай, мектептерде оқушылардың ғылыми қоғамының жұмыстарын жандандыру — үлкен міндет. Бүгінгі ұрпақ – тарихи кезеңде өмір сүріп, ұлттың, елдің, жердің болашағы үшін үлкен жауапкершілік міндетін арқалап отырған ұрпақпыз..Ғасырлар бойы бабаларымыздың арманына айналған Тәуелсіздігімізге қол жеткізіп, егемендікті еншілеген ұрпақпыз.. Олардың болашақта ұлттық дәстүр мен салт-сананы берік сақтайтын, саналы да парасатты болып өсуінің бір кілті ұстазда деп білемін. Алдымызға мақсат қоя отырып,сол мақсатқа жету жолында шәкірттердің жүрегіне жол тауып,әрекет ете білейік.

Әдебиеттер тізімі:

1. Р.С. Омарова. Ж.К.Елеупаева Мектеп оқушыларының дарындылығын дамытудың теориясы мен әдістемесі. Ақтөбе 2009ж
2. Т.С. Сабыров. Оқушылардың оқу белсенділігін арттыру жолдары. Алматы,1978ж
3. К.Аханов Тіл білімінің негіздері. Алматы, 2010

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІҢ ХИМИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Калданова Жаннур Абубакировна
Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Жарқамыс ауылы
Жарқамыс орта мектебінің химия пәні мұғалімі

Кіріспе

Қазіргі таңда білім беру саласында технологиялардың қарқынды дамуы оқыту әдістеріне де жаңа серпін беруде. Соның ішінде жасанды интеллект (ЖИ) жүйелерінің оқу процесіне енуі – заманауи білім берудің маңызды жаңалықтарының бірі. Жасанды интеллект – бұл адамның ойлау, шешім қабылдау қабілеттерін модельдейтін компьютерлік жүйе. Химия пәнін оқытуда ЖИ-ді қолдану мұғалім мен оқушының жұмысын жеңілдетіп қана қоймай, білім сапасын арттыруға да айтарлықтай үлес қосады.

Негізгі бөлім

1. Жекелеген оқыту траекториясын қалыптастыру ЖИ жүйелері әр оқушының білім деңгейін, қызығушылығын, оқу қарқынын саралап, сол негізде жеке білім беру бағытын ұсына алады. Бұл әсіресе күрделі және формулаға толы химия пәнінде өте маңызды. Мысалы, оқушы органикалық қосылыстарды түсінбей жатса, жүйе сол тақырыпқа байланысты қосымша материалдар мен жаттығулар бере алады.

2. Визуализация және модельдеу мүмкіндігі

Химиялық үдерістер – көзге көрінбейтін, микродеңгейде жүретін құбылыстар. ЖИ көмегімен бұл реакциялар 3D модельдер немесе анимация түрінде көрнекі түрде ұсынылады. Бұл оқушының химиялық үдерістерді нақты әрі толық түсінуіне мүмкіндік береді. Мысалы, молекулалардың құрылымын VR (виртуалды шындық) арқылы зерттеу – ерекше әсер мен терең түсінік береді.

3. Автоматтандырылған бағалау және кері байланыс

ЖИ негізіндегі платформалар (мысалы, Google Classroom, ChatGPT, Khan Academy) тест тапсырмаларын автоматты түрде тексеріп, нақты уақыт режимінде кері байланыс береді. Бұл мұғалімнің уақытын үнемдеп қана қоймай, оқушының қателерін бірден көріп, түзетуіне мүмкіндік береді.

4. Химиялық есептерді шешуді үйрету

ЖИ арқылы химиялық есептерді шешудің алгоритмін біртіндеп үйретуге болады. Мысалы, жүйе оқушының қателігін тауып, қай қадамда қателескенін көрсетіп, дұрыс жолды ұсынады. Бұл оқушының логикалық және сыни ойлау дағдысын дамытуға әсер етеді.

5. Тілдік кедергілерді жою

ЖИ көмегімен оқушылар халықаралық ресурстарды қазақ немесе орыс тілдеріне аудара отырып пайдалана алады. Бұл оқушылардың шетелдік ғылыми мақалалармен, жаңалықтармен танысуына мүмкіндік береді және пәнге деген қызығушылығын арттырады.

6. Инклюзивті білім беру

ЖИ ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларға жеке тапсырма, дауыс арқылы тапсырма орындау немесе мәтінді аудиоға айналдыру сияқты мүмкіндіктер береді. Бұл барша оқушыға тең мүмкіндік беретін орта қалыптастырады.

3-Дәреже – белсенділіктің шығармашылық дәрежесі – оқушының тапсырманы шешудің тың жолдарын іздестіруге деген ұмтылысымен сипатталады.Бұл дәреженің ерекшелігі – мақсатқа жетудегі табандылық, танымдық ынтаның негіздері мен әр алуандылығы.

Сонымен қатар география сабақтарында экскурсияның маңызы зор.

Экскурсия жұмысының мақсаты – оқушылардың сабақта алған теориялық оқу материалдарын практикамен жалғастыру, бекіту.Сондықтан оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруда маңызы зор. Ол барлық оқу пәндерінде, әсіресе физика, химия, биология, тарих сабақтарында кеңінен қолданылады. Бұл оқушылардың оқу процесін бақылай білуге жаттықтырады және оқу материалын өмірмен байланыстыра алуға үйретеді.

Оқытуды экскурсия жолымен ұйымдастырудың үш түрі бар:

1. Кіріспе экскурсия Ол - сабақта күрделі тарауда тақырыптарды өтер алдында ұйымдастырылады.

2. Ілеспелі экскурсия Ол- белгілі бір тақырыпқа арналып, сабақ барысында оның орта шенінде немесе өн бойында жүргізіледі.

3. Қорытынды экскурсия. Ол- күрделі немесе тақырыпты өтіп болғаннан кейін оқушылардың сабақтар жүйесінде алған теориялық білімдерін пысықтау,бекіту мақсатын көздейді.

Қазіргі жаңа педагогикалық технология географияны оқытуда Шаталовтың ұсынған әдісі негізінде тірек – конспект, диаграмма, график, логикалық тірек – сызбасы қолданылады

Дамыта оқыту. «Даму» ұғымының психологиялық анықтамасы – жаңарту үрдісі, жаңаның өмірге келіп, ескінің жоғалуы деген мағынаны береді.

Модульдік технология. Бұл оқыту технологиясының негізі – оқушының танымдық белсенділігін, танымдық іс – әрекеттерінің әр түрлі іс – әрекеттерін (есту, көру, т.б) ойлау, зейін (назар) қабылдау әрекеттерін, ойын арқылы және сөздік байлықтарын дамыту.

Жаңа технология жүйесіндегі мәнді ойындардың маңызы зор. Мұндай сабақтарда оқушылардың әртүрлі проблемаларды, оларды шешу жолдарын іздестіруге мүмкіншілік туғызып, олардың логикалық ойлау қабілетін дамытады. Ересектердің қатынас құралы – тіл болса, балалардың қатынас құралы – ойын. Ойын сабағында әрбір оқушы жауапкершілікке ие болады. Алдағы мақсатқа жету үшін ойланып, шешім қабылдауға дағдыланады. Ойын сабақтары өтілген материалды пысықтауда қолданылады.

Ойын технологиясының оқушылардың дамуы мен білім деңгейіне әсер етуінің 3 жағын айқындауға болады.

1. Танымдық (жады, елестету, зейін, қабылдау, ойлау).
2. Оқытуда ойын элементтерін пайдалану технологиясы (белсенді сөздер қорын дамыту)

3. Қажеттіліктерді өтеу (дайындық, қиындықтарды жеңу, өзін әлеуметтендіру, қауіпсіздендіру, қарым – қатынас, танымдық жетілу, сыйлау, шығармашылық).

Бүгінгі таңда білім берудің жаңаша негізін жоғары технологиялар құрауда. Дәстүрлі білім беруден бас тартып, жаңашылдыққа ұмтылу кезеңі басталды. Жаңа технологиялардың 50 – ден астам түрінің бірқатары Қазақстан мектептеріне еніп отыр. Жаңа педагогикалық технологиялар интеграция және дифференциация ұстанымдарына негізделеді. Интеграция ұстанымы денсаулығын сақтай отырып, оқушы жүктемесі мен уақытты тиімді пайдалану проблемасын шешсе, дифференциация ұстанымы оқушымен жеке түрде мақсатты жұмыс жүргізуге негізделеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Қазақстан Республикасының 12- жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасы. «Айқын газеті» 26 тамыз 2013 ж.

2.Мектеп оқушыларының психологиялық ерекшеліктерін анықтауға арналған психодиагностикалық қызмет. Құрастырған Л.К.Көмекбаева. Алматы, 2004.

3.А.Әбілқасымова, Р.Омарова. Мұғалімдердің танымдық ізденімпаздығын қалыптастыру негіздері. Алматы., 2016 ж.

ГЕЙМИФИКАЦИЯ (ОҚУ ПРОЦЕСІН ОЙЫН ТҮРІНДЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ) АРҚЫЛЫ ЦИФРЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ДАМЫТУ»

Қонысбайқызы Айнагүл
Арал индустриалды-техникалық колледжінің информатика пәнінің оқытушысы
Қызылорда облысы Арал қаласы, Қазақстан

АҢДАТПА

Бұл мақалада геймификацияның (оқу процесін ойын элементтері арқылы ұйымдастырудың) білім алушылардың цифрлық құзыреттілігін дамытудағы маңыздылығы жан-жақты қарастырылады. Геймификация ұғымының мәні, оның білім берудегі тиімділігі мен қолдану жолдары сипатталады. Сонымен қатар, цифрлық құзыреттілік ұғымы, оның құрамдас дағдылары және геймификация арқылы оларды дамыту жолдары талданады. Мақалада геймификацияның оқу процесіндегі артықшылықтары мен қиындықтары да сараланып, оның цифрландыру дәуіріндегі өзектілігі көрсетіледі.

АННОТАЦИЯ

В данной статье рассматривается значимость геймификации (организации учебного процесса с использованием игровых элементов) в развитии цифровой компетентности обучающихся. Раскрываются понятие геймификации, её роль в системе образования и эффективные способы применения. Также анализируется сущность цифровой компетентности, её ключевые навыки и пути их формирования через элементы геймификации. В статье рассмотрены преимущества и трудности геймификации, а также подчёркнута её актуальность в эпоху цифровизации.

ABSTRACT

This article explores the importance of gamification (organizing the learning process through game elements) in developing students' digital competence. It defines the concept of gamification, its effectiveness in education, and practical application methods. The paper also examines the concept of digital competence, its core components, and how they can be enhanced through gamification. The advantages and challenges of gamification are analyzed, and its relevance in the digital age is emphasized.

***Кілтті сөздер*:** геймификация, цифрлық құзыреттілік, ойын элементтері, онлайн платформа, мотивация, XXI ғасыр дағдылары

Цифрландыру дәуірінде білім беру жүйесі де түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Білім алушылардың мотивациясын арттыру, оқу процесін қызықты және тиімді ету – қазіргі заман

оқытушыларының басты міндеттерінің бірі. Осы орайда геймификация ұғымы кеңінен қолданыла бастады. Геймификация – оқу процесін ойын элементтері арқылы ұйымдастыру тәсілі. Бұл әдіс білім алушылардың цифрлық құзыреттілігін қалыптастыру мен дамытуда ерекше орын алады.

Геймификация – оқытудағы мотивацияны арттырумен қатар, ақпараттық технологияларды қолдану дағдыларын, цифрлық құралдармен жұмыс істеу қабілетін, сондай-ақ логикалық және шығармашылық ойлауды дамытатын тиімді әдіс.

Геймификация ұғымы және оның білім берудегі рөлі:

Геймификация (*ағылш. gamification*) – ойын механизмдері мен ойынды ұйымдастыру тәсілдерін ойыннан тыс салаларға енгізу әдісі. Білім беру саласында геймификация ойын элементтері арқылы білім алушылардың қызығушылығын арттырып, оларды белсенді қатысуға ынталандырады. Мұндай тәсілдерге мыналар жатады:

Балл жинау жүйесі (рейтинг);

Мақсаттар мен деңгейлер;

Жүлделер мен марапаттар;

Уақыттық шектеулер;

Мәселені шешуге бағытталған квесттер;

Онлайн-викториналар мен тесттер (Kahoot, Quizizz, Wordwall т.б.).

Геймификация білім алушылардың мотивациясын, бәсекелестік қабілетін және жауапкершілігін арттырады, сондай-ақ цифрлық құралдармен жұмыс істеуге үйретеді.

Цифрлық құзыреттілік дегеніміз не?

Цифрлық құзыреттілік – бұл ақпараттық технологияларды тиімді қолдану, интернетте ақпарат іздеу, өңдеу, цифрлық этиканы сақтау, онлайн қауіпсіздік шараларын білу, әртүрлі цифрлық платформаларда өз ойын сауатты жеткізе білу қабілеттерінің жиынтығы.

Цифрлық құзыреттілікке келесі дағдылар жатады:

- Ақпаратты іздеу, таңдау және бағалау;
- Цифрлық контент жасау (презентациялар, инфографика, видеоматериалдар);
- Цифрлық платформаларды пайдалану;
- Онлайн-қауіпсіздік пен дербес деректерді қорғау;
- Коммуникация және коллаборация құралдарын игеру.

Геймификация арқылы цифрлық құзыреттілікті дамыту жолдары:

Геймификация оқу процесінде қолданылған кезде білім алушылар ойын барысында әртүрлі цифрлық құралдарды пайдалануға мәжбүр болады. Бұл өз кезегінде олардың цифрлық құзыреттерінің артуына ықпал етеді.

1. Онлайн платформаларды пайдалану

Kahoot, Quizizz, Classcraft, Wordwall, Genially, LearningApps сияқты платформалар білім алушылардың экранмен, интернетпен, құрылғылармен жұмыс істеуін жетілдіреді. Олар өз бетімен логин жасау, сұрақтарға жауап беру, нәтижені талдау сияқты дағдыларды меңгереді.

2. Цифрлық контент құру

Геймификация элементтері сабақтарда білім алушыларға цифрлық тапсырмалар беру арқылы контент жасауға ынталандырады. Мысалы, бейнеролик түсіру, анимация дайындау, инфографика жасау – осылардың бәрі цифрлық құзыреттілікті дамытады.

3. Топпен онлайн-ортада жұмыс істеу

Топтық ойын тапсырмаларын орындау кезінде білім алушылар бірлескен жұмыс, қашықтан байланыс және онлайн коммуникация дағдыларын үйренеді. Бұл – қазіргі заманда өте қажетті құзыреттіліктердің бірі.

Геймификацияның артықшылықтары мен қиындықтары:

Артықшылықтары:

- Мотивацияны арттырады;
- Цифрлық сауаттылықты дамытады;
- Қызығушылық пен белсенділікті арттырады;
- Тиімді кері байланыс береді;

➢ Жаңа технологияларға бейімдейді.

Кедергілері:

➢ Оқытушыларға артық жүктеме (платформаларды меңгеру, контент дайындау);

➢ Материалдық-техникалық базаның жеткіліксіздігі;

➢ Барлық білім алушылардың бірдей деңгейде цифрлық дайын болмауы;

➢ Уақыт ресурстарының шектеулігі.

Геймификация арқылы цифрлық құзыреттілікті дамытудың өзектілігіне келер болсақ, олар:

1. Цифрлық дәуірдің талабы

Бүгінгі күні ақпараттық технологиялар барлық салада, соның ішінде білім беруде кеңінен қолданылады. Цифрлық ортада еркін жұмыс істей алатын, ақпаратты іздеу, өңдеу, бағалау және қолдану қабілеттері дамыған білім алушы тұлғаны қалыптастыру – білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі.

Геймификация – осы цифрлық дағдыларды қызықты әрі тиімді жолмен қалыптастыру құралы ретінде өзекті болуда.

2. Білім алушылардың мотивациясын арттыру

Қазіргі білім алушылардың көпшілігі ойын форматындағы, интерактивті тапсырмаларға жақсы әсер береді. Дәстүрлі әдістермен салыстырғанда, ойын элементтері оқу процесіне қызығушылықты оятады, мотивацияны арттырады, білім алушылардың белсенді қатысуына жол ашады.

3. XXI ғасыр дағдылары мен цифрлық құзыреттілікті қатар дамыту

Геймификация арқылы тек пәндік білім ғана емес, сонымен қатар:

➢ Цифрлық сауаттылық

➢ Коммуникация және коллаборация

➢ Шығармашылық ойлау

➢ Сыни тұрғыдан ойлау

сияқты маңызды құзыреттер қатар дамиды. Бұл – XXI ғасыр тұлғасына қойылатын негізгі талаптар.

4. Оқу процесін жаңғырту қажеттілігі

Геймификация – білім беруді жаңғырту, жаңа буын оқытушылар мен білім алушылардың сұранысына сай келетін инновациялық әдіс. Бұл тәсіл педагогтерге де өздерінің цифрлық құзыреттерін дамытуға мүмкіндік береді.

5. Қашықтан және аралас оқытудың тиімділігін арттыру

Пандемиядан кейін қашықтан оқыту және аралас форматтағы сабақтар кеңінен қолданылуда. Осы форматтарда геймификацияны пайдалану сабақтың динамикасын, құрылымын, білім алушылармен байланысты жақсартады, оқыту сапасын арттырады.

Тақырыптың өзектілігі – ол қазіргі білім беру жүйесінің сұраныстарына толық жауап бере отырып, цифрлық құзыреттілігі дамыған, шығармашыл және технологиялық ортада бейімделе алатын жаңа формациядағы тұлғаны тәрбиелеуге нақты үлес қосатындығында.

Сол себепті бұл бағыт – бүгінгі педагогика мен білім беру практикасы үшін аса маңызды және өзекті.

Бүгінгі цифрлық қоғамда білім алушыға тек пәндік білім ғана емес, сонымен қатар технологиялық ортада еркін әрекет ете білу маңызды. Осы тұрғыда геймификация – цифрлық құзыреттілікті дамытудың тиімді құралы. Оқу процесінде ойын элементтерін енгізу білім алушының белсенділігін, шығармашылығын арттырып қана қоймай, оларды цифрлық ортада жұмыс істеуге бейімдейді.

Білім беру мекемелерінде геймификация элементтерін жүйелі түрде пайдалану арқылы біз жаңа заман талаптарына сай, цифрлық құзыреттілігі жоғары тұлғаны қалыптастыра аламыз.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Бекетова А.З. Геймификация – заманауи білім берудің инновациялық құралы // Педагогикалық білім және ғылым. – 2023. – №2(134). – Б. 42–47.

2. Мұқышев, А. С. Цифрлық құзыреттілік: мазмұны, құрылымы және қалыптастыру жолдары // Білім берудегі менеджмент. – 2022. – №2. – Б. 55–60.
3. Қожахметова, К. К. Оқу үдерісінде ойын технологияларын қолданудың тиімділігі // Білім әлемі. – 2020. – №3(78). – Б. 61–65.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Косжанова Турсынкул Тулеповна
Маңғыстау облысының білім басқармасының Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің "№31 жалпы білім беретін мектеп" КММ бастауыш сынып мұғалімі

Цифрландыру дәуірінде интернет желісін пайдалану, мобильдік байланыс құралдарын, электрондық құрылғылар мен мобильдік қосымшаларды қолдану оқушылар үшін бастауыш мектептен бастап-ақ қажеттілікке айналып отыр және бұл нормативтік құжаттарда қажетті талап ретінде қарастырылып отыр. Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты, заманауи ақпараттық қоғамның талаптарына сай білім беру процесі де цифрландыру жағдайында өзгеріп келеді. Білім беру жүйесіне ықпал ете отырып, цифрландыру үдерісі оқушылардың бойында олардың ақпараттық қоғамда өмір сүруге дайын болуына, осы қоғамда өз орнын табуына бағытталған құзыреттері мен дағдыларының қалыптасуы тұрғысындағы оқытудың белгілі бір нәтижелерінің болуын қажет етеді.

Заман талаптарына және мектеп оқушыларының қазіргі буынының ерекшеліктеріне байланысты Қазақстан Республикасының бастауыш жалпы білім беру мемлекеттік стандартынан туындайтын басты талаптардың бірі – бастауыш мектепте ақпаратпен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, оқушылардың цифрлық сауаттылық бейімділіктерін, сондай-ақ әлеуметтегі қауіпсіз мінез-құлық бейімділіктерін алуы. Бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың цифрлық сауаттылығын қалыптастырудың маңыздылығы мен қажеттілігі даусыз, өйткені бұл заман талабы болып табылады, сонымен қатар бұл қазіргі заманауи білім беру ортасында табысты оқытуға мүмкіндік беретін, тұлғаның цифрлық қоғамда әлеуметтенуінің маңызды факторы. Цифрлық сауаттылық ұғымы отандық және шетелдік педагогикада кеңінен қолданылады. Цифрлық сауаттылық – цифрлық құралдарды сәйкестендіруге, басқаруға, кіріктіруге, бағалауға, цифрлық ресурстарды талдау мен синтездеуге, жаңа білімдерді құрастыруға, медиахабарламалар жасауға, басқа адамдармен өмірдегі нақты жағдайларда араласуға арналған құралдарды тиісінше, конструктивті әлеуметтік әрекетті қамтамасыз ету және осы процестер бойынша ой өрбіту үшін қолдана білу деп саналады.

Біздің ойымызша, цифрлық сауаттылықты дамыту тек оқу нәтижелеріне қол жеткізуге жағдай тудыратын ғана емес, сонымен қатар оқушылардың цифрлық дағдылар деңгейін арттыра алатын цифрлық білім ортасының жұмыс істеуі арқылы қамтамасыз етіледі. Бүгінгі таңда цифрлық сауаттылық мектептерде компьютерлік техника, интернет желісі, электрондық журнал, қашықтықтан оқытуды жүзеге асыратын платформа, цифрлық ресурстар және өзге де компоненттердің көмегімен іске асырылады. Осылайша, бастауыш сынып оқушыларының цифрлық білім ортасында цифрлық технологиялар, цифрлық білім беру ресурстары, араласу, педагогикалық технологиялар сияқты компоненттерді атап өтуге болады.

Бастауыш сынып оқушыларының цифрлық сауаттылығындағы ең негізгі және аса қажетті бейімділіктері:

- Ақпараттарды түсіну және пайдалана білу (цифрлық контентпен жұмыс істеу);
- Цифрлық дереккөздерді бағалау, жүйелеу және ақпараттарды бағалай білу;
- Цифрлық құралдарды пайдалана отырып ақпараттар жасай білу (гаджеттерді цифрлық ортадағы оқу құралы ретінде қолдана білу);
- Коммуникация дағдылары (цифрлық кеңістікте, әлеуметтік желілерде араласу мәдениеті);

▪ Цифрлық қауіпсіздік дағдылары (цифрлық технологияларды өмірде қауіпсіз қолдана білу).

Бастауыш сынып оқушыларының цифрлық сауаттылығын қалыптастыруға арналған цифрлық білім ортасының мүмкіндіктерін қарастырып көрейік. Білім ортасының мүмкіндіктері деп біз алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге арналған әлеуеттің болуын қамтамасыз ететін шарттардың, міндеттемелердің жиынтығын қарастыратын боламыз. Компонеттердің сипаттамаларын кіріктірудің негізінде біз мектептің цифрлық білім ортасы цифрлық сауаттылықты қамтамасыз етуде келесі мүмкіндіктерге ие деген қорытынды жасауға мүмкіндік аламыз.

▪ Мағыналық – цифрлық технологияларды қолданудың мақсатын, оның оқытудағы, өзіндік білім алудағы, өзін-өзі іске асырудағы рөлін, оларды пайдаланудағы қауіпісіздік нормаларын түсіну;

▪ Мәндік-материалдық – оқытудың нақты жағдайлары, цифрлық ортаны мәндік-материалдық тұрғыдан қамтамасыз ету;

▪ Әлеуметтік – оқушылардың мақсат-мүдделерінің ортақтығынан, бірлескен қызметтерден туындайтын қауымдастығы;

▪ Технологиялық – бастауыш сынып оқушыларының цифрлық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған педагогикалық әдістер, құралдар, нысандар, жауапкершілік, дербестік.

Цифрлық білім ортасының жоғарыда көрсетілген мүмкіндіктері, егер олар сабақ беретін ұстаздың осы пәннің ерекшеліктерін, өз сыныбындағы оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеруімен әзірленген болса еселене түсетінін атап өтуіміз керек.

Біздің ойымызша, мұғалім әзірлеген цифрлық білім ортасы мыналарды қамтиды: сабақтардың тақырыптарына арналған мультимедиялық таныстыруларды қамтитын цифрлық оқу ресурстары, материалдарды бекітуге арналған аудио, видеофайлдар, онлайн ойындар, тақырыптарға арналған бақылау тапсырмалары. Сонымен қатар, цифрлық оқу ортасы оқушылардың бір-бірімен араласуын, кері байланысты, мысалы араласуға арналған чаттарды қамтамасыз етуі тиіс, осы чаттарда оқушылар өзін қызықтыратын сұрақтарды мұғалімге немесе сыныптастарына жолдап, көмек сұрай алады, және т.с.с. Бастауыш сынып оқушыларының цифрлық сауаттылығының жоғары деңгейде болуы олардың бастамашылдығын, дербестігін, танымпаздығын дамытады, мұғалім қызметінің мүмкіндіктерін кеңейте түседі, өйткені бұл ретте бастауыш сынып оқушылары мен мұғалімнің арасында әріптестік өзара қарым-қатынастар нығаяды.

Бастауыш сынып оқушылары үшін цифрлық сауаттылық тек мектеп аясындағы цифрлық кеңістікте ғана емес, сонымен қатар мектептен тыс ортада да барынша тиімді жұмыс нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз ететін болады. Қорытынды Бастауыш сынып оқушыларының цифрлық сауаттылығы бастауыш сынып мұғалімдері қызметінің аса маңызды міндеттерін білдіреді. Оқыту сапасы, білім беру мүмкіндіктерінің кеңдігі бастауыш сынып оқушыларының цифрлық сауаттылық деңгейіне тікелей байланысты.

Қазіргі бастауыш сынып оқушылары «Z» буынына жатады, Интернетті, гаджеттерді қолдану дағдыларын туылғаннан бастап біледі, бірақ бұл олардың цифрлық білім ортасындағы сауаттылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ете алмайды деген пікірлерде қайшылықтар бар. Цифрлық сауаттылық ақпаратпен жұмыс істеу, араласу, шығармашылық, цифрлық қауіпсіздік дағдыларын да қамтиды. Цифрлық сауаттылық оқушыларға цифрлық контенттерді жасауға және олармен алмасуға, араласуға және тиімді тұрғыдағы шығармашылық әлеуеттерді іске асыруды ұйымдастыруға мүмкіндік береді, цифрлық сауаттылық цифрлық білім ортасында қалыптасады. Бастауыш сынып оқушыларының цифрлық сауаттылығын қалыптастыру үшін цифрлық білім ортасының мүмкіншіліктерін пайдалану қажет, бұл ретте педагогтар мен ата-аналардың тараптарынан біржүйелілік, кешенділік және цифрлық бейімділіктерді алу, әсіресе ақпараттық қауіпсіздік дағдыларына үйрену үдерісіне деген бақылау қажет етіледі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ельцова О.В. Содержание и уровни развития цифровой грамотности у младших школьников //Современные проблемы науки и образования. – 2020. – №5.
2. Солдатова Г.У. Цифровая грамотность и безопасность в Интернете – М., 2013.
3. Айтмамбетова Б.Р. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. -А., 2001.
4. Толеубекова Р.К. Цифровая грамотность в условиях развития цифровых технологий //Наука и мир. – 2021. – № 8.
5. Нұрғалиева Г.К.. Оқыту әдістері. – А., 2001.

ГЕОГРАФИЯ САБАҚТАРЫНДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕРДІ ТАЛДАУ ҮШІН АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

Лесбекова Гаухар Абдукаримовна
Түркістан облысы, Келес ауданы «№18 С.Қожанов атындағы ЖББМ» КММ,
география пәні мұғалімі

Аннотация. Бұл баяндамада география сабағында экологиялық және әлеуметтік мәселелерді талдау үшін ақпараттық технологияларды пайдалану тәсілдері қарастырылады. Оқыту процесінде ақпараттық технологиялардың қолданылуы оқушыларға әлемдегі экологиялық және әлеуметтік жағдайларды терең түсінуге, деректермен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Географиялық ақпараттық жүйелер (ГАЖ), интерактивті карталар, виртуалды саяхаттар және онлайн платформалар арқылы оқушылар экологиялық өзгерістер мен әлеуметтік дағдарыстарды зерттеп, оларды шешу жолдарын талқылай алады. Баяндамада ақпараттық технологияларды қолданудың тиімді әдістері мен олардың оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырудағы рөлі көрсетілген. Сонымен қатар, ақпараттық технологиялар оқушылардың зерттеу қабілеттерін дамытып, экологиялық және әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыруға көмектеседі.

Түйінді сөздер: география, экологиялық мәселелер, әлеуметтік мәселелер, ақпараттық технологиялар, географиялық ақпараттық жүйелер (ГАЖ), виртуалды саяхат, деректерді визуализациялау, онлайн платформалар, экологиялық жауапкершілік, білім беру технологиялары.

Қазіргі әлемдегі экологиялық және әлеуметтік мәселелер адамзаттың өміріне тікелей әсер етуде. Бұл мәселелердің шешімі жергілікті деңгейде ғана емес, бүкіл әлемдік ауқымда назар аударуды талап етеді. География пәні осындай маңызды тақырыптарды қарастыратын және оқушыларға қазіргі қоғамның және табиғаттың өзара байланысын түсінуге мүмкіндік беретін сала ретінде ерекше орын алады. Соңғы жылдары білім беру саласындағы ақпараттық технологиялардың дамуы мұғалімдерге сабақты жаңа деңгейде өткізуге мүмкіндік берді. Бұл технологиялар география сабағын қызықты әрі тиімді етеді, әсіресе экологиялық және әлеуметтік мәселелерді талдау барысында маңызды рөл атқарады.

Ақпараттық технологиялар (АТ) – бұл география сабағында оқушыларға экологиялық және әлеуметтік мәселелерді зерттеу және талдау үшін маңызды құрал. Олардың көмегімен оқушылар тек теориялық білім алып қана қоймай, өздері нақты деректермен жұмыс істеп, түрлі модельдер мен карталар арқылы әртүрлі аймақтардағы экологиялық және әлеуметтік дағдарыстарды зерттей алады. Бұл баяндамада география сабағында экологиялық және әлеуметтік мәселелерді талдауда қолданылатын ақпараттық технологиялардың тиімділігі мен маңызы қарастырылады.

Экологиялық және әлеуметтік мәселелердің маңызы. География пәні экологиялық және әлеуметтік мәселелерді тереңірек зерттеуді қажет етеді. Бұл мәселелер тек теориялық тұрғыдан қарастырылмай, нақты деректер мен фактілермен байланысты болуы керек. Оқушыларға қазіргі әлемдегі экологиялық жағдайлар мен әлеуметтік мәселелерді түсіндіру үшін:

•Экологиялық мәселелер – климаттың өзгеруі, экожүйелердің бұзылуы, табиғи ресурстардың сарқылуы, су, ауа, топырақ ластануы, биологиялық әртүрліліктің азаюы сияқты мәселелерді қамтиды.

•Әлеуметтік мәселелер – бұл әлемдегі халық санының өсуі, урбанизация, көші-қон, әлеуметтік теңсіздік, білім мен денсаулық сақтау жүйелеріндегі теңсіздік, жұмыссыздық, кедейшілік және т.б. мәселелерді зерттейді.

Осы мәселелердің шешімін табу үшін оқушылар тек теориялық білімді ғана емес, нақты деректермен жұмыс істеуді, оларды өңдеуді және талдауды үйренуі қажет. Әсіресе, бұл мәселелердің жаһандық сипаты бар, сондықтан олардың шешімін табуда ақпараттық технологиялардың көмегі зор.

Ақпараттық технологиялардың маңызы. Ақпараттық технологиялар география сабағында көптеген артықшылықтар береді, олар оқушыларға экологиялық және әлеуметтік мәселелерді зерттеуде тиімді құралдар болып табылады. Ақпараттық технологиялар оқушыларға:

•Жаһандық және жергілікті деңгейдегі экологиялық және әлеуметтік деректерді жинақтауға,

•Әр түрлі аймақтардағы әлеуметтік және экологиялық дағдарыстардың себептері мен салдарын зерттеуге,

•Географиялық деректерді көрнекі түрде талдауға,

•Әлеуметтік, экологиялық мәселелердің уақыт өте келе қалай өзгеретінін болжауға мүмкіндік береді.

Осы аталған мақсаттарда қолданылатын ақпараттық технологиялардың артықшылықтары:

1. Деректерді визуализациялау: Географиялық ақпараттық жүйелер (ГАЖ), интерактивті карталар мен графиктер экологиялық және әлеуметтік мәселелерді көрнекі түрде түсінуге көмектеседі. Оқушылар түрлі карталар, диаграммалар және графиктер арқылы экологиялық жағдайлардың өзгеруін, табиғи ресурстардың пайдалану динамикасын, климаттың өзгеруін, урбанизация процесін көре алады. Бұл әдіс оқушыларға деректерді нақты өмірмен байланыстырып, шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

2. Интерактивті модельдер мен симуляциялар: География сабағында экологиялық мәселелер мен әлеуметтік процестерді түсінуге арналған компьютерлік симуляциялар мен модельдер оқушыларға табиғи апаттардың, климаттың өзгеруі немесе урбанизацияның әсерін көрсетуге мүмкіндік береді. Мысалы, оқушылар Google Earth немесе ArcGIS арқылы виртуалды саяхат жасай отырып, экологиялық өзгерістерді көрнекі түрде зерттей алады.

3. Жаһандық деректерді пайдалану: Ғаламдық ауқымдағы экологиялық және әлеуметтік деректерді жинау және талдау үшін халықаралық ұйымдардың ресурстарын пайдалану маңызды. UNICEF, World Bank, NASA, WHO секілді ұйымдардың ресми сайттарында түрлі деректер жиынтығы мен зерттеулер қолжетімді. Бұл ресурстарды қолдану оқушыларға нақты деректермен жұмыс істеуді үйретеді.

4. Ақпараттық платформа мен деректерді өңдеу: Оқушылар ақпараттық технологияларды пайдаланып, экологиялық және әлеуметтік деректерді жинап, оларды өңдей алады. Excel, Google Sheets сияқты бағдарламалар арқылы оқушылар түрлі деректерді салыстырып, анализ жасай алады. Мысалы, ауа температурасының өзгеруі, халықтың көші-қоны, су ресурстарының деңгейі туралы мәліметтерді талдай отырып, нақты әлемдегі мәселелерді тереңірек түсіне алады.

5. Онлайн ресурстар мен платформалар: Әр түрлі онлайн ресурстар мен платформалар арқылы оқушылар экологиялық және әлеуметтік мәселелер туралы кең көлемде ақпарат ала алады. Kahoot, Quizizz, Padlet сияқты интерактивті платформалар арқылы экологиялық және әлеуметтік мәселелерге арналған викториналар мен талқылаулар ұйымдастыруға болады. Бұл оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың білімін тереңдетеді.

География сабағында ақпараттық технологияларды қолданудың нақты әдістері:

1. Виртуалды саяхаттар: Оқушылар Google Earth немесе Google Maps арқылы әлемнің түрлі аймақтарына виртуалды саяхат жасап, экологиялық мәселелер мен әлеуметтік проблемаларды зерттей алады. Мысалы, Амазония ормандарының жойылу мәселесі немесе су ресурстарының тапшылығы туралы оқушылар нақты жерлерді көру арқылы тереңірек түсіне алады.

2. Интерактивті карталар мен ГАЖ (географиялық ақпараттық жүйелер): ArcGIS, QGIS және MapInfo сияқты географиялық ақпараттық жүйелер экологиялық және әлеуметтік деректерді талдауға мүмкіндік береді. Бұл құралдар арқылы оқушылар экологиялық өзгерістерді, климаттық ауытқуларды немесе әлеуметтік дамуды талдай алады.

3. Онлайн тесттер мен викториналар: Оқушылардың білімін тексеру және экологиялық мәселелер туралы түсініктерін кеңейту үшін Kahoot, Quizizz сияқты платформаларды қолдануға болады. Бұл тесттер мен викториналар оқушылардың дайындық деңгейін бағалауға көмектеседі және білімдерін бекітуге мүмкіндік береді.

4. Статистикалық деректерді жинау және талдау: Google Sheets немесе Microsoft Excel сияқты бағдарламалар арқылы оқушылар экологиялық мәселелер мен әлеуметтік мәселелер туралы статистикалық деректерді жинап, оларды графиктер мен диаграммалар арқылы талдай алады. Мысалы, су ресурстарының сарқылуы немесе экологиялық таза энергия көздерінің таралуы туралы ақпаратты өңдеп, салыстыру жасай алады.

Ақпараттық технологиялар география сабағында экологиялық және әлеуметтік мәселелерді талдау үшін тиімді құрал болып табылады. Олар оқушыларға әлемдегі экологиялық және әлеуметтік мәселелерді тереңірек түсінуге және оларды шешудің жолдарын іздеуге көмектеседі. Сонымен қатар, ақпараттық технологиялардың көмегімен оқушылар деректермен жұмыс істеп, оларды талдай алады, визуализациялай алады, және өзара байланыстарды анықтай алады. География пәні мұғалімі ретінде біз осы технологияларды тиімді пайдалану арқылы оқушыларды жауапкершілікпен ойлауға, экологиялық және әлеуметтік мәселелерге белсенді қатысуға тәрбиелей аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Ахметова А. С. (2020). Цифрлық білім беру: Жаңа мүмкіндіктер мен құралдар. Алматы: Білім, 112-117 бб.

2. Жақанова Б. Т. (2021). Ақпараттық технологияларды география сабағында қолдану. Педагогика ғылымдары журналы, 25(4), 33-34 бб.

3. Камалова Г. Р. (2022). Экологиялық мәселелер мен ақпараттық технологиялар. Мәскеу: Экология, 89-92 бб.

4. Мұхамедова Ш. Т. (2020). Интерактивті карталар мен виртуалды саяхаттар арқылы география пәнін оқыту. Қазақстандық білім, 58(2), 78-80 бб.

5. Нұрсұлтанова А. Е. (2021). География сабағында жаңа ақпараттық технологияларды енгізу. Алматы: Ғылым, 118-119 бб.

6. Төлегенова Р. А. (2020). Экологиялық дағдарыстар мен әлеуметтік мәселелерді шешу жолдары. Жас ғалымдар журналы, 42(1), 57-61 бб.

7. Шарипова Д. Т. (2022). Ақпараттық технологиялар арқылы әлеуметтік және экологиялық мәселелерді талдау. Астана: Білім, 102-103 бб.

ЖАҢА БІЛІМ БЕРУДЕ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ

Мамаева Акторе Касымовна

Маңғыстау облысы Ақтау қаласы бойынша білім бөлімінің «№17 жалпы білім беретін» КММ бастауыш сынып мұғалімі

Жаңа білім берудегі заманауи технологияны қолдану

Білім беру-қоғам дамуының басты негіздерінің бірі.XXI ғасыр-ақпараттық технологиялар ғасыры десек, білім беру жүйесі де осы өзгерістерге бейімделіп,жаңаша бағытта дамуда.Бүгінгі таңда цифрландыру үрдісі білім берудің барлық саласына еніп,оқыту әдістерін түбегейлі өзгертіп отыр.Цифрлық технологиялар- осы өзгерістердің басты қолданушысы. Бұл өзгерістер мұғалім мен оқушының өзара қарым -қатынасынан бастап,оқу құралдары мен бағалау жүйесіне дейін әсер етуде.Бүгінгі оқушы- цифрлық әлемнің белсенді қолданушысы Цифрлық

технологиялардың дамуы оқу үрдісін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді.Қазіргі таңда электронды журналдар, Mektep.edu,Kundelik.kz платформасы, BilimLand, Google Classroom, Moodle сынды онлайн жүйелер оқу процесіне белсенді енгізілуде.Бұл ресурстар білім алушыға дербес жұмыс жасауға,мұғалімге оқушылардың білімін жедел бағалауға мүмкіндік береді.

Заманауи технологиялардың артықшылығы:

-Жекешелендірілген оқыту;

-Қашықтықтан білім алу мүмкіндігі;

-Интерактивті әдістер:бейне,анимация,ойын элементтері

-Бағалауды автоматтандыру.

Цифрлық білім беру мұғалімнің де рөлін өзгертуде.Енді мұғалім тек ақпарат жеткізуші емес,білім алушыға да бағыт беруші,кеңесші технологияны меңгерген кәсіби маман болуы тиіс.Жаңаша ойлайтын,шығармашылықпен жұмыс жасайтын, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгерген педагог болуы тиіс.Осыған байланысты мұғалімдердің цифрлық сауаттылығын арттыру-уақыт талабы болып табылады.

Сонымен қатар цифрлық технологиялар арқылы оқу материалының мазмұнын мультимедиялық құралдармен байытуға болады.Анимациялар,иньерактивті тапсырмалар,бейнесабақтар оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырып,материалды терең меңгеруіне әсер етеді.

Білім берудегі жаңаша үрдістердің бірі-дербестендірілген оқыту.Әр оқушының қабілеті мен талабына сай тапсырмалар беру арқылы оның жеке даму траекториясын құруға мүмкіндік туғызады.Бұл әдіс ерекше білімді қажет ететін оқушыларға да,дарынды оқушыға да тиімді болып табылады.

Алайда бұл үрдіспен бірге кейбір қиындықтар да кездесуде.Өйткені ауылдық жерлерде интернеттің әлсіздігі,қажетті техникамен қамтамасыз етілмеуі,мұғалімдердің жаңа технологияларды меңгеру деңгейінің төмен болуы білім сапасына кері әсер етуі мүмкін. Әрі оқушылардың экран алдында ұзақ отыруы денсаулығын зиян келтіретін фактор ретінде қарастырылады.

Бұл мәселелерді шешу үшін:

-Мұғалімге арналған цифрлық білім беру курстарын тұрақты ұйымдастыру;

-Жас ерекшеліктеріне сай сапалы,әрі қауіпсіз электрондық контенттерді әзірлеу;

-Материалдық- техникалық базасын жаңарту қажет.

Қорытындылай келе, цифрлық техногиялар-білім беру саласын жаңа деңгейге көтеретін басты құрал.Заманауи мұғалім-жаңа ғасырдың кәсіби көшбасшысы.Ол-технологияны толық меңгерген,білім алушының жас ерекшелігін ескере отырып,кәсіби тұрғыдан үнемі дамуға ұмтылатын маман болуы тиіс.Ал оқушы үшін цифрлық орта-өз әлеуетін толық ашуға мүмкіндік беретін кеңістік.Білім берудегі цифрлық мүмкіндіктерді ұтымды қолдана отырып,болашақ ұрпаққа сапалы білім беру-баршамыздың ортақ міндетіміз.

БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНДЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ҚОЛДАНУ: ШЕТ ТІЛІ ПӘНІН ОҚЫТУ МЫСАЛЫНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЭКСПЕРИМЕНТ

Мекен Айтолқын Мерекеқызы
Х.Досмухамедов атындағы Атырау университеті
7М01501 – «Информатика және білім беруді ақпараттандыру» мамандығының 2-курс магистранты, Атырау қаласы, Қазақстан

Аннотация

Мақалада шет тілін оқытуда жасанды интеллект технологияларын қолданудың педагогикалық мүмкіндіктері мен тиімділігі тәжірибелік зерттеу негізінде талданады. Зерттеу нәтижелері студенттердің тілдік құзыреттілігін арттыру, оқу мотивациясын көтеру және оқу жетістіктерін жақсарту бағытында оң өзгерістерді көрсеткен. Авторлар жасанды интеллектті дәстүрлі оқыту әдістерімен үйлестіріп пайдаланудың тиімділігін атап өтеді. Сонымен қатар, мақалада кездескен қиындықтар мен оларды еңсеруге арналған әдістемелік ұсынымдар ұсынылады.

Кілттік сөздер

Жасанды интеллект, шет тілін оқыту, ChatGPT, Duolingo, педагогикалық эксперимент.

Зерттеу мақсаты мен жалпы сипаттамасы:

Қазіргі цифрлық қоғамда шет тілін тиімді оқыту үшін дәстүрлі әдістермен қатар, заманауи технологиялық шешімдерді енгізу аса маңызды болып отыр. Әсіресе жасанды интеллект (ЖИ) технологиялары білім беру үдерісіне еніп, оқыту мазмұнын жекелендіру, оқушылардың қажеттіліктеріне сәйкес бейімдеу және дер кезінде кері байланыс беру арқылы оқу сапасын арттыруға ықпал етуде [1]. ЖИ құралдарының мүмкіндіктері студенттердің белсенділігін арттыруға, олардың жеке оқу траекториясын қалыптастыруға және танымдық қызығушылықты ынталандыруға жол ашады.

Осы зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – жоғары оқу орнында шет тілін оқыту үдерісіне ЖИ технологияларын енгізу арқылы олардың педагогикалық тиімділігін тәжірибелік жолмен бағалау. Атап айтқанда, ЖИ негізіндегі платформаларды қосымша оқу құралы ретінде пайдалану арқылы білім алушылардың тілдік құзыреттілігін, оқу мотивациясын және үлгерімін арттыру мүмкіндігі тексерілді. Бұл мақсатқа жету үшін эксперимент жүргізіліп, онда студенттердің оқу нәтижелері нақты тестілеу, сауалнама және бақылау әдістері арқылы бағаланды. Сонымен қатар, зерттеу шеңберінде сапалық сұхбаттар өткізіліп, білім алушылардың ЖИ құралдарын қабылдау деңгейі мен әсері жан-жақты зерделенді.

Зерттеу әдістемесі:

Зерттеу 2025 жылдың ақпан-наурыз айларында Астана қаласындағы Мағжан Жұмабаев атындағы Халықаралық колледжде ұйымдастырылды. Эксперименттік жұмысқа екі топ тартылды, олар кездейсоқ іріктеу әдісімен бақылау және эксперименттік топтарға бөлінді. Әр топта 14 студенттен, барлығы 28 білім алушы қамтылды. Бақылау тобы дәстүрлі оқыту әдістерімен білім алса, эксперименттік топқа қосымша ретінде ChatGPT және Duolingo платформалары қолдануға берілді. Бұл тәсіл арқылы заманауи жасанды интеллект технологияларының нақты әсерін салыстырмалы түрде бағалауға мүмкіндік жасалды [2].

Зерттеу барысында төмендегі әдістер пайдаланылды:

- Диагностикалық тестілеу: Білім алушылардың тілдік дағдыларын (лексика, грамматика, тыңдалым, оқылым) анықтау мақсатында оқу жылының басында және соңында CEFR халықаралық шкаласы негізінде тесттер өткізілді.
- Duolingo арқылы engagement деңгейін бақылау: Бұл платформадағы студенттердің күнделікті белсенділігі мен тапсырмаларды орындау жиілігі тіркеліп отырды. Жиналған деректер студенттердің платформаға деген қызығушылығы мен қатысу тұрақтылығын бағалауға мүмкіндік берді [3].
- ChatGPT қолдану тәжірибесі негізінде сапалық сұхбат: Эксперимент соңында студенттерден чат-ботпен жұмыс істеу барысында алған әсерлері мен оқу процесіндегі өзгерістер

туралы ашық сұхбаттар мен сауалнама жүргізілді. Бұл әдіс арқылы мотивация, сөйлеу сенімділігі және өзіндік рефлексия деңгейі бағаланды.

Зерттеу нәтижелері:

Зерттеу нәтижелері ЖИ технологияларын жүйелі қолдану студенттердің оқу жетістіктерін жақсартуға ықпал ететінін көрсетті. Эксперименттік топтағы 14 студенттің 9-ы (яғни 64%) оқу жылы соңында шет тілін меңгеру деңгейін кем дегенде бір сатыға көтерген. Бұл жетістік A2→B1 және B1→B2 бағытындағы прогресті қамтыды. Қалған 5 студенттің тілдік деңгейі формалды түрде өзгермесе де, сапалық тұрғыда — грамматикалық қатенің азаюы, сенімділік пен сөздік қордың артуы сияқты оң өзгерістер тіркелді.

Негізгі деректер келесідей:

- Диаграмма бойынша: Эксперименттік топ студенттерінің 57%-ы A2 деңгейінен B1 деңгейіне, ал 43%-ы B1 деңгейінен B2 деңгейіне көтерілген.
- Engagement көрсеткіші: Duolingo платформасы арқылы тіркелген орташа күнделікті белсенділік деңгейі 78%-ды құрады, бұл студенттердің платформаны жүйелі түрде пайдаланғанын көрсетеді [4].
- Сауалнама нәтижесі: Студенттердің 81%-ы ЖИ құралдарын пайдалану оқу үдерісін қызықты әрі қолжетімді еткенін атап өтті. Сонымен қатар, 74%-ы тапсырмаларды орындау барысында өздеріне деген сенімділіктің артқанын көрсетті.

Бұл деректер студенттердің мотивациясы мен оқу белсенділігінің артуына ЖИ технологияларының оң ықпал еткенін дәлелдейді.

Талқылау:

Талдау нәтижелері көрсеткендей, жасанды интеллект құралдары шет тілін оқытуда тиімді көмекші ресурс бола алады. Олар студенттердің тілді меңгеруге деген қызығушылығын арттырып, оқу белсенділігін үнемі қолдап отыруға мүмкіндік берді. ЖИ технологиялары арқылы ұсынылған бейімделген тапсырмалар мен жедел кері байланыс білім алушылардың өз оқу процесіне жауапкершілікпен қарауына және өзіндік оқуға көшуіне әсер етті. Сонымен қатар, зерттеу барысында бірқатар қиындықтар да анықталды.

Атап айтқанда:

- ChatGPT кей жауаптарының студенттердің деңгейіне сәйкес келмеуі немесе тым күрделі болуы;
- Интернетке тәуелділік, әсіресе сабақ барысында платформаға қолжетімділіктің баяулығы;
- Кей студенттерге платформалардың интерфейсін меңгеруде бастапқыда қиындықтар туындауы.

Бұл мәселелер ЖИ құралдарын қолдану үшін алдын ала дайындық пен мұғалімнің тұрақты әдістемелік қолдауын қажет ететінін айғақтайды [5]. Сондай-ақ, ЖИ технологияларын ретсіз қолдану жағдайында студенттердің сыни ойлау дағдыларының төмендеу қаупі бар екенін де ескерген жөн. Осыған байланысты оқу процесінде мұғалімнің жетекші рөлі мен әдістемелік бақылауы өте маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Смирнов С.Д. Білім берудегі жасанды интеллект: мүмкіндіктері мен қауіптері // Ашық білім. – 2021. – Т. 25, №1. – Б. 4–14.
2. Бидайбеков Е.Ж., Алимбекова Р.К., Ахметова Г.М. Цифрлық білім беру ресурстарының оқушы мотивациясына әсері // Білім берудегі менеджмент. – 2020. – №4 (88). – Б. 56–62.
3. Сарбасова Д.К., Нурмуханбетова А.Ж. Duolingo мобильді қосымшасын қолданудың шет тілін оқудағы мотивациялық және когнитивтік аспектілері // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. – 2021. – №3 (73). – Б. 102–109.
4. Оуянг З., Мэй Л., Чжан У. Duolingo қолданудың эмоциялық және когнитивтік әсері: эксперименттік зерттеу // Ivy Science Journal. – 2022. – №3. – Б. 45–57.
5. Мырзагулова С.Б. Жасанды интеллект платформаларын шет тілін оқытуда тиімді қолдану әдістері // ҚазҰУ Хабаршысы. Педагогика сериясы. – 2023. – №2 (95). – Б. 112–119.

ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР» АТТЫ АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖОСПАРЫ

Мендибаева Нурсулу Коблановна
Жаңаөзен қаласы бойынша білім беру бөлімінің "№21 ЖББМ" КММ география пәні мұғалімі, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы

Түсінік хат

«География сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға арналған тапсырмалар» атты бағдарлама және элективті курстарды әзірлеу және әдістемелік қамтамасыз ету барысында барлық деңгейдегі мемлекеттік жалпыға міндетті стандартарды басшылыққа ала отырып сәйкес әзірленді. Бағдарлама мазмұны аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат жүктеме берілген. 11 сынып оқушыларына география пәнінде қолдануға ұсынылған.

Мақсаты: Оқушылардың география сабағында функционалдық сауаттылығын қалыптастыру.

Міндеттері:

1. География пәні бойынша оқушылардың ғылыми сауаттылығын дамытуға бағытталған заманауи әдістер мен технологияларды дамыту;
2. Оқушылардың сыни ойлау, зерттеу жүргізу, деректерді талдау қабілеттерін дамытатын тапсырмалар жүйесін жасау;
3. Әзірленген тапсырмалардың оқу үдерісіндегі тиімділігін тәжірибелік зерттеулер арқылы тексеру;
4. Оқушылардың табиғи құбылыстарды ғылыми тұрғыдан түсіну және оларды күнделікті өмірде қолдану қабілеті артады;

Жаңашылдығы:

География сабағына арналған тапсырмалар тек теориялық білімді ғана емес, тәжірибелік зерттеу жұмыстарын, экологиялық мәселелерді шешу және деректерді өңдеу дағдыларын дамытуға бағытталған. Тапсырмалар халықаралық PISA, TIMSS зерттеулерінің талаптарына сәйкес жасалады.

Күтілетін нәтиже:

1. География пәні бойынша оқушылардың ғылыми сауаттылығын дамытуға бағытталған заманауи әдістер мен технологияларды дамыту;
2. Оқушылардың сыни ойлау, зерттеу жүргізу, деректерді талдау қабілеттерін дамытатын тапсырмалар жүйесін жасау;
3. Әзірленген тапсырмалардың оқу үдерісіндегі тиімділігін тәжірибелік зерттеулер арқылы тексеру;
4. Оқушылардың табиғи құбылыстарды ғылыми тұрғыдан түсіну және оларды күнделікті өмірде қолдану қабілеті артады;

Тұрақтылау бөлімі
аптасына – 1 сағат, барлығы – 34 сағат

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Күтілетін нәтиже
1	География ғылымы. Зерттеу әдістері	1	Оқушылар география ғылымының мәнін түсінеді
2	Жердің пішіні мен өлшемдері	1	Оқушылар Жердің пішіні туралы біледі
3-4	Картография негіздері	2	Картаның оқу дағдыларын меңгереді
5-7	Географиялық координаталар	3	Географиялық координаталарды анықтай алады

8-9	Литосфера. Жер қыртысы	2	Жер қыртысының құрылымын түсінеді
10	Жанартау және жер сілкінісі	1	Жанартаулар мен жер сілкіністерін біледі
11-12	Гидросфера. Дүниежүзілік мұхит	2	Мұхиттар туралы білім алады
13-14	Өзендер мен көлдер	2	Су қоймаларының маңызын біледі
15	Атмосфера. Ауа қабаты	1	Атмосфераның қызметін түсінеді
16-17	Климат және ауа райы	2	Климат пен ауа райының айырмашылығын біледі
18-19	Биосфера. Тіршілік қабаты	2	Табиғаттағы тіршіліктің байланысын ұғынады
20-21	Табиғат зоналары	2	Табиғат зоналарын сипаттай алады
22-23	Материктер мен мұхиттар	2	Географиялық орнын анықтай алады
24	Қазақстанның географиялық орны	1	Қазақстан картасын талдайды
25-26	Қазақстанның жер бедері	2	Жер бедерінің түрлерін анықтай алады
27-29	Табиғи ресурстар	3	Табиғи ресурстардың маңызын түсінеді
30-31	Экологиялық мәселелер	2	Экологияның негізгі мәселелерін біледі
32-33	Урбанизация және халық	2	Урбанизацияның себептері мен салдарын біледі
34	Транспорт және экономика	1	Экономикалық маңызын түсінеді
	Жалпы сағат саны	34	

Ақпараттық – әдістемелік бөлім

«География сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға арналған тапсырмалар» атты авторлық бағдарламаның алғашқы бөлімі **«Географиялық зерттеу әдістері»** деп аталады. Бұл бөлімде 2 сағат: «География ғылымы. Зерттеу әдістері», «Жердің пішіні мен өлшемдері» туралы тақырыптар қамтылған. Аталған бөлімді:

- Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар
- Интерактивті технологиясы
- STEAM технологиясы

Авторлық бағдарламаның екінші бөлімі: **«Картография»** тақырыбымен аталады. Бұл бөлімде 5 сағат: «Картография негіздері», «Географиялық координаталар». Аталған бөлімді:

- Модульдық оқыту технологиясы
- Жекелеп оқыту технологиясы
- Бағдарламалық оқыту технологиясы

Авторлық бағдарламаның үшінші бөлімі: **«Жер қабықтары»** тақырыбымен аталады. Бұл бөлімде 14 сағат: «Литосфера. Жер қыртысы», «Жанартау және жер сілкінісі», «Гидросфера: Дүниежүзілік мұхит», «Өзендер мен көлдер», «Атмосфера. Ауа қабаты», «Климат және ауа райы», «Биосфера. Тіршілік қабаты», «Табиғат зоналары» тақырыптары қамтылған. Аталған бөлімді:

- Саралап оқыту технологиялары
- Проблемалық оқыту технологиясы
- Ақпараттық оқыту технологиясы

Авторлық бағдарламаның төртінші бөлімі: **«Материктер мен мұхиттар»** тақырыбымен аталады. Бұл бөлімде 2 сағат: «Материктер мен мұхиттар» тақырыптары қамтылған. Аталған бөлімді:

- Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы
- Жобалық оқыту технологиясы
- Ақпараттық оқыту технологиясы

Авторлық бағдарламаның бесінші бөлімі: **«Қазақстан географиясы»** тақырыбымен аталады. Бұл бөлімде 11 сағат: «Қазақстанның географиялық орны», «Қазақстанның жер бедері», «Табиғи ресурстар», «Экологиялық мәселелер», «Урбанизация және халық», «Транспорт және экономика» тақырыптары қамтылған. Аталған бөлімді:

- Сыни тұрғыдан ойлау технологиясы
- Деңгейлік оқыту технологиясы
- Мәселелі оқыту технологиясы

Білім өнімі ұсынылатын іс-шараларда көрсетіліп, үздік жұмыс ретінде таныстырады.

Бағалау критерийі

Критерийлер	Дескриптор	балл
Теориялық сабақтар үшін	Географияның зерттеу әдістерін түсіне алады.	3
	Географиялық карталардың түрлерін ажырата алады.	3
	Жер қабықтарының ерекшеліктерін анықтап сипаттай алады.	3

КӨРКЕМ МӘТІНДІ ТАЛДАУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Авторлық бағдарламадан қысқаша үзінді

Менликараева Жанна Куанышовна
Қарағанды обл Теміртау қаласы 2ЖББМ КММ бастауыш сынып мұғалімі

Бүгінгі таңда бұл бағдарлама дамыған өркениетті мемлекетіміздің хал –ахуалын, өмірін қазақ тілі мен әдебиеттік оқу пәнінің практикалық маңызын, оның күнделікті қолдану аясын, көркем мәтінді сауатты оқи отырып талдау, бастауыш сынып оқушыларының оқу дағдыларын қалыптастыру көзделеді. Көркем мәтінді дұрыс оқуға үйретіп қана қоймай, сол мәтіннің мағынасын терең түсініп, талдау жасауды меңгереді. Бұл авторлық бағдарлама бастауыш сынып оқушыларының оқу дағдыларын жетілдіру жолында өз ойларын жүйелі жеткізуге, түсініп оқу мен талдауға қабілетті болуына үйретеді. Көркем мәтінді оқу арқылы ақпаратты тез қабылдап, тиімді талдай білуді қажет етеді. Сондықтан бұл бағдарлама оқу сауаттылығын дамытудағы басты құрал болып табылады, оқу сауаттылығының дұрыс қалыптасуына көмегін тигізеді. Сонымен қатар мектептегі оқу процесінің негізгі мақсаты – оқушылардың көркем мәтінді сауатты оқи отырып талдауы мен сауатты жазуын, шығармашылық ойлауын дамыту, өз бетінше білім алу, зерттеушілік, комуникативтілік құзыреттілігінің дамуына негіз салу болып табылады.

«Көркем мәтінді талдау арқылы бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын қалыптастыру» авторлық бағдарламасы арқылы қазақ тілі мен әдебиеттік оқу пәнін оқытудың әдістемелік нұсқаулары берілген. Сол үшін оқушыларға «Көркем мәтінді талдау арқылы бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын қалыптастыру » авторлық бағдарламасы ұсынылады.

«Көркем мәтінді талдау арқылы бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын қалыптастыру» авторлық бағдарламасы 3 сыныпқа арналған, қазақ тілі мен әдебиеттік оқу пәнін тереңдетіп оқуға негіз болады. Аптасына 1 сағат, жылына 34 сағатты қамтиды.

Тақырыбы: Көркем мәтінді талдау арқылы бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын қалыптастыру .

Мақсаттары:

1.Бастауыш сынып оқушыларының оқу сауаттылығын қалыптастыру: Бағдарлама оқушылардың көркем мәтінді оқу, түсіну және оны терең талдау дағдыларын дамытуға бағытталған. Бұл оқушылардың ойлау қабілетін, түсініп оқу дағдысын жетілдіруді және шығармашылық ойлауды дамытуды көздейді.

2.Көркем мәтінді талдау дағдыларын дамыту: Оқушыларды көркем мәтіндер арқылы ойлау қабілетін арттыру, мәтіннің идеялық мазмұнын түсіну, кейіпкерлерді бағалау, автордың ой-пікірін анықтау дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері:

1.Оқу сауаттылығын дамыту әдістерін енгізу: Мәтіндермен жұмыс барысында оқушылардың оқу дағдыларын жетілдіруге арналған заманауи әдістерді пайдалану.

2.Көркем мәтіндерді оқыту әдістемесін әзірлеу: Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін, тиімді, қызықты және оқыту мақсаттарына қол жеткізетін талдау әдістемелерін құру

Өзектілігі:

Оқушылардың көркем мәтінді оқу арқылы өз ойларын жүйелі жеткізуге, ақпаратты тез қабылдап, оны тиімді талдау оқу сауаттылығын дамытудағы басты құрал болып табылады.

Жұмыс формалары:

-жұптық

-топтық

-практикалық

-шығармашылық тапсырма

Осы аталған тапсырмаларды орындағаннан кейін мынадай нәтижеге қол жетеді:

- Өз ойын ашық айта алады.

Күтілетін нәтижелер:

1.Оқу сауаттылығының артуы: Оқушылардың мәтіндерді дұрыс оқып, олардың мазмұнын толық түсіну және мағынасын талдау дағдылары қалыптасады. Олар көркем мәтіндерді талдау барысында негізгі және қосымша ақпаратты ажырата алатын болады.

2.Мәтінді талдау қабілетінің дамуы: Оқушылар мәтіннің идеялық мазмұнын түсініп, автордың көзқарасын анықтауға, кейіпкерлердің іс-әрекетін бағалауға және мәтіннің құрылымын талдауға машықтанады. Бұл дағдылар олардың сындарлы ойлау қабілетін жетілдіруге ықпал етеді

Нәтижелерді тексеру тәсілдері:

1.Жазбаша жұмыстарды бағалау: Оқушылардың мәтіндерге талдау жасау бойынша жазбаша жұмыстарын тексеру арқылы олардың талдау дағдыларының деңгейін анықтау. Жазбаша тапсырмаларда оқушылардың мәтінді түсіну, негізгі ойды табу, кейіпкерлерді бағалау және өз пікірін жеткізе алу қабілеттері бағаланады.

2.Ауызша жауаптарды бағалау: Сабақ барысында оқушылардың көркем мәтіндерді талдау бойынша ауызша жауаптарын бағалау. Олардың мәтінді терең түсінуі, өз ойын жүйелі жеткізе алуы, логикалық талдау жасай білуі ауызша бағалау критерийлері арқылы тексеріледі.

Курс мазмұны.

Қазақстан Республикасының білім беру саясатын айқындайтын мемлекеттік құжаттарда «Білім заңы», «Білім стандарты» т.б оқыту үрдісін дамытушылық сипатта және шығармашылық іс-әрекет негізінде ұйымдастыру қажеттігінің атап көрсетілуі жайдан-жай емес, өйткені қазіргі жаңартылған білім мазмұнына сай заманның талаптары оқушылардың оқу сауаттылығын көркем мәтінді оқи отырып талдау қабілеттерін, олардың білім алудағы дербестігін мақсатты түрде дамытып отыру міндетін қойып отыр.

Қазақ тілі мен әдебиеттік оқу пәні бойынша авторлық бағдарламаны оқыту оқушылардың оқу сауаттылығын дамтыу, тұлғалық сауаттылық мәдениетін қалыптастыру, ауызша және жазбаша дұрыс сөйлеу, өз ойын анық жеткізе білуге үйретеді.Мектеп пәнінен кеңінен қарастырылып отырған бұл бағдарлама мектеп оқытушыларына да игілікті пайдасын тигізетініне күмәнім жоқ.

LESSON STUDY ЗЕРТТЕУ САБАҒЫ БОЙЫНША РЕФЛЕКСИВТІК ЕСЕП

Ментебаева Жулдыз Ертаевна
учитель русского языка "Городской казахской школы лицейя"
КММ Абайской области, город Аягоз

Зерттеу тобы:«Полиглот» 3А класс

Зерттеу тақырыбы: Айтылым дағдысын жетілдіру

Зерттеу сұрағы: Айтылым дағдысын жетілдіру барысында ПОПС формуласының әсері қандай?

Мақсаты: 3А сынып оқушыларының оқуға ынталарын арттыру, оқуларын жақсарту, сол арқылы топтың білім сапасын көтеру

«Егер Сіз педагогикалық еңбек мұғалімге қуаныш әкелсін десеңіз, күнделікті сабақ беру бірқалыпты жалықтырғыш міндетке айналмасын десеңіз, әр мұғалімді табысты зерттеуге жетелеңіз» В А Сухомлинский

Бүгінгі заман талабы – оқушының білім, білік дағдысын дамыту ғана емес, жеке тұлғаның өз бетінше білім алуы арқылы дамуы, оның бойында іскерлік қарым-қатынасты нығайту болып табылады.

Құрамында қазақ тілі пәні мұғалімі Батырханова Е Б, орыс тілі пән мұғалімі Ментебаева Ж Е , агылшын тілі пәні мұғалімі Смакова М Е бар 3А сыныбы бойынша «Полиглот» зерттеу тобы құрылды

Зерттеу тобын құруда негізгі критерийлерге сүйендік.

1.Саналылық;

2 Жауапкершілік;

3. Коллобаративті орта қалыптастыру.

4. Шынайылық

5. Нақтылық

1-қағидаты – Кіммен? Қазақ тілі , орыс тілі , ағылшын пән мұғалімдері

Қайда? Мектеп тәжірибесінде

Қашан? 2023-2024 жылдары аралығында;

2-қағидат - Не істейміз? Зерттеу топтары құрылады. Зерттеу сұрақтары анықталады

3-қағидат – Қалай әрекет етеміз? – Бірлесіп сабақ жоспарлау, бақылау, сабақтан кейінгі талқылау, қайта жоспарлау

4-қағидат – Бұл неге маңызды? Мұғалімдердің зерттеу дағдылары мен рефлексиялық ойлау дағдылары қалыптасады

5-қағидат – Не үшін? Оқу мен оқыту сапасын жақсарту үшін. Мұғалімдердің тәжірибесін жақсарту және оқушылардың алға ілгерілеуіне қолдау жасау үшін .

6-қағидат Миссия. Кім үшін? Мұғалім, оқушы,ата -ана үшін маңызды.

«Сабақта мұғалімнің өзінің не біліп, не істейтіні маңызды , бірақ оның ықпалымен шәкірттерінің не біліп, не істейтіні одан да маңызды» философ Марк Цицерон дегендей айтылым дағдысын қалыптастыру және жетілдіру мақсатында әртүрлі әдіс -тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың білім алуына жақсы ықпал жасау**.**

Шәірттерміздің білім сапасын жетілдіру мақсатыда, ПОПС формуласы арқылы оқушылардың айтылым дағдысын қалыптастыру басты назарда болды.

№1 Зерттеу сабағы
Пәні: Орыс тілі
Сабақтың тақырыбы: Первый учитель
Әдіс -тәсілдер: ПОПС формуласы, Инсерт, Двойной постер, Верно-не верно

Сәтті тұстары	Сәтсіз тұстары	Ұсыныстар
ПОПС формуласы орыс тілі пәнінде айтылым дағдысын жетілдіруге жақсы әсерін тигізді	Үлгерімі төмен оқушылар назардан тыс қалып қоюы мүмкін, кейбір оқушылар сөйлеуге әлі де қысылады	Үлгерімі төмен оқушыларға өз деңгейлеріне қарай тағы басқа әдіс-тәсілдер қосу

№2 Зерттеу сабағы
Пәні: Ағылшын тілі
Сабақтың тақырыбы: Inventions in Kazakhstan
Әдіс -тәсілдер: PEEC, Yes-No, True-false

Сәтті тұстары	Сәтсіз тұстары	Ұсыныстар
PEEC (ПОПС) формуласы оқушылардың айтылым дағдысын жетілдіруге оң ықпалын тигізді	Оқушылардың белсенділігі төмендеу болды, осы әдіспен қатар белсенді әдіс түрін қосу	Айтылым дағдысын жетілдіруге қосымша суреттер арқылы әдіс-тәсіл қосу

Оқушылардың пәнге деген қызығушылығы мен белсенділігін арттыруда тиімді болған жұмыс түрлері:
ПОПС формуласы, True-False әдісі, Верно-Не верно
№3 Зерттеу сабағы
Пәні: Қазақ тілі
Сабақтың тақырыбы: «Мәтін және сөйлем»
Әдіс -тәсілдер: Попс формуласы , еркін әңгіме әдісі, спираль әдісі
Топтық жұмыстар жүргізу барысында ой қозғау тәсілдері
Қазақ тілі пәні бойынша «Мәтін және сөйлем» тақырбында өткізілді. Сабақта айтылым дағдысын қалыптастыруды басты назарда ұсталынды
Сабаққа психологиялық дайындық «Амандасу» әдісі арқылы өтті Әр оқушы өз аты қай әріптен басталса ,сол әріптен басталатын тілек айта отырып,Мамырдағы мерекелер атауымен 1-топ «1 мамыр мерекесі», 2-топ «7 мамыр мерекесі » 3-топ «9 мамыр мерекесі», 4-топ «25 мамыр мерекесі» деген атаулар бойынша топқа бөлінді.Үй тапсырмасын тексеру«Рандон» әдісі арқылы іске асты.
Сабақтың тақырыбы мен мақсатын жариялап болған соң, оқулықпен жұмыс жасалды.
1-топ тізбектеп оқу
2-топ мәнерлеп оқу
3-топ теріп оқиды
4-топ синоним сөздерді тауып оқыды.
Сабақтың келесі кезеңі
Топтық жұмыстар жүргізілу барысында «Ойқозғау» тәсілдері арқылы оқушылардың айтылым дағдыларын дамытуға бағытталып отырды.
«Еркін әңгіме» әдісі арқылы оқушылар өтіп жатқан тақырып бойынша негізгі ойды анықтай алды,сонымен қатар тақырыпты ашатын тірек сөдерді таба отырып ойларын ашық жеткізуге бірден бір себеп болды.
«Спираль» әдісі де тиімді болды оның себебі оқушылар мәтінді тізбектеп оқығанда жаңа форматта оқыды

«Попс формуласы» әдісінің де тиімді деп таптық себебі,оқушылар ойларын анық ,ашық айтуларына қарап, сабақ мақсатына жеткендігіне тағы бір мәрте көз жеткіздік.

Зерттеу қорытындысы

S	W
Тақырып жан жақты қамтылды. Әр пәнге ыңғайлы әдіс.	Кейбір оқушылардың мәтіндерді толық оқымауы айтылым дағдысын дамытуға біраз кедергі беруі
O Мақсатқа жетуге проблемалық сұрақтарға еркін жауап берілді. Әр оқушыға жұптық тапсырманы деңгейлеп беру.	T Топтық жұмыста үлгерімі төмен оқушылардың сәл үлгермеу қалуы.

Зерттеу сабақтарын қорытындылай келе, «Попс формуласы» әдісі тиімді деп санаймыз себебі,оқушылар ойларын анық ,ашық айтуларына қарап, сабақтар мақсатына жеткендігіне тағы бір мәрте көз жеткіздік.

Сабақ барысында жіберілген кемшіліктерді ескере отырып , келесі оқу жылында зерттеуіміз жалғасын таппақ.

ОРЫС СЫНЫПТАРЫНДА ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМЫТА ОТЫРЫП, КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Мирзаева Курбангуль Эсиргаповна
Титов атындағы № 20 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Шымкент қаласы

Аннотация:
Қазіргі таңда білім беру жүйесінің мақсатының бірі-әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдастырылған және қоғам қажеттіліктеріне сай көп деңгейлі үздіксіз білім берудің ұлттық үлгісін қалыптастыру.Жаңа технология оқушыға тек білім негіздерін беріп қана қоймайды,сонымен қатар оны тұлға ретінде дамытуға бағытталған.

Тірек сөздер:меңгеру,құзыреттілік,функционалдық сауаттылық,жаңаша білім беру.

Тіл қашанда ұлт мәдениетінің өнер-білімнің ұлы қаруы,алтын тұғыры саналатындықтан қазақ тілі мен әдебиетінің келешек көкжиектері білім беру ұйымдарының қазіргі таңдағы оқытылуы жайынан бастау алады.Негізгі мақсат-оқушылардың материалды жүйелі түрде меңгеруіне жағдай жасау,қазақ тілі ғылымының теориялық негіздерін меңгерте отыра оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту.

Білім мен ақпарат үстемдік құрған қоғамда Білім беру-жүйесі инновациялық экономиканың негізі болып табылады.Қатаң талаптары қалыптасып келе жатқан инновациялық экономика қай салада болса да,бүгінгі маманның құзыреттілігін ,яғни өз саласы бойынша ой-пікірінің қалыптасуы ,кәсібилігін ,өмірдің өзгермелі жағдайына бейімділігін ,оған сай білімін пайдалану ғана емес ,оны қажеттілікке қарай толықтырып отыруды талап етеді.Осындай қоғамда келешек ұрпақты қалай оқытқан тиімді.

Бұл сұрақ әрбір педагогті толғандырары сөзсіз.баланың білім алуына мұғалім маңызды роль атқарып келеді.Дегенмен де білім беруде балаға не білу керектігін білмей қиналып жүрген шақтарымыз болды.Заман ағымына ілесе алатын,мол ақпаратты меңгерте білетін әлеуметтік қарым –қатынасқа түсе алатын оқушыларды даярлау үшін мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін дамыту –басты міндет болып табылады.яғни Ұстаз «үйретуші мен білім көзі» емес,»үйрену процесін ұйымдастырушы», «менеджер» ,«үйренуге жағдай жасаушы».бұл ұстанымнан

«Шәкірт өздігімен үйрену керек»,- деген түсінік қалыптасады.Бұл дегеніміз Ұстаз еңбегінің маңызын төмендетпейді.Мұнда мәселе –ұстаз міндеттерінің түбегейлі өзгеруінде. Педагог-білім тасушыдан-Білім әлеміне жол көрсетушіге айналуы тиіс.Сонымен Жаңаша білім беру жағдайында ұстаз қандай болуы тиіс:

педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген,
тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған,
рухани дамыған,
толысқан шығармашыл тұлға құзыреті.

Ұстаздарға қойылатын талаптар:бәсекеге қабілеттілігі,білім беру сапасының жоғары болуы кәсіби шеберлігі.осы айтылғандарды жинақтай келіп,ұстаз –рефлексияға қабілетті,өзін-өзі жүзеге асыруға талпынған әдіснамалық,зерттеушілік,дидактикалық-әдістемелік,әлеуметтік тұлғалы,коммуникативтілік,ақпараттық және тағы басқа құзыреттіліктердің жоғары деңгейімен сипатталатын рухани –адамгершілікті ,азаматтық жауапты ,белсенді,сауатты,шығармашыл тұлға болу керек деп тұжырымдауға болады.Бұл бағытта мектеп ұстаздарының біліктілігін арттыру – басты мақсат болып табылады.

Қазақ баласының бойында Абай атамыз айтқандай , «Ыстық қайрат,нұрлы ақыл,жылы жүрек » болуы-өмір сүрудің басты заңдылығы болса,ол үш қасиетті шәкірттердің бойына сіңіру-ұстаздардың міндеті екені даусыз.

Ақын Міржақып Дулатов «Жалғыз сүйеніш,жалғыз үміт-оқуда.теңдікке жетсек те, жұрттығымызды сақтасақ та,дүниедегі сыбағалы орнымызды алсақ та, бір ғана оқудың арқасында аламыз.Жақсылыққа бастайтын жарқын жұлдыз-оқу.Надан жұрттың күні –қараң, келешегі –тұман» дегендей XXI ғасыр-ғылым ғасыры.Мақсатты білім беру-тұлға дамуын жүзеге асыратын мәселе.Ал осы жалпы еуропалық стандартқа сай жаңа білім беру-жеке тұлғаның жан –жақты дамуына әкелетін бірден –бір жол!

Белсенді оқытудың әдіс-тәсілдері

Жаңаша білім беру жүйесінде белсенді оқытудың әдістері жеке тұлғаның қалыптасуында маңызы зор.Оқытудың белсенді әдістері-оқу материалын игеру үдерісінде оқушыларды белсенді ойлау және практикалық әрекетке итермелейтін әдістер.Белсенді оқыту мұғалімнің дайын білімдерді баяндауына,оларды есте сақтауы мен қайта жаңғыртуына емес,оқушылардың белсенді ойлау және практикалық әрекет үдерісінде өз бетінше білімдер мен біліктерді меңгеруіне бағытталған әдістер жүйесін пайдалануды білдіреді.Белсенді оқыту әдістерінің ерекшіліктері олардың негізінде практикалық және ойлау әрекетінде жатыр.Онсыз білімдерді игеруге алға жылжушылық болмайды.Оқытудың белсенді әдістерінің пайда болуы және дамуы оқытудың алдына оқушыларға білім ғана беріп қоймай,өз бетінше ақыл-ой еңбегінің қалыптасуы мен дамуын қамтамасыз ету т.б. жаңа міндеттер қойылуымен байланысты.Белсенді оқыту мен оқу әдістерін таңдау ,пайдалану және әзірлеу-оңай жұмыс емес,өйткені мұғалімдерге қандай да бір тәсілді қолданардың алдында көптеген сұрақтар туындайды.

Осы сабақ білім алушылардың жасына сәйкес келе ме?

Жекелеген оқушыларда жоспарлау барысында ескерілуі тиіс белгілі бір мұқтаждық,

өзіндік мән жайлар бар ма?

Белсенді оқу тәсілі жаңа бідімді бұған дейінгі біліммен байланыстырады,қателіктер бізге өзімізді тексеріп,түсінгенімізді жетілдіруге жол ашып,нәтижесінде терең білім мен көзқарасты өзгертеді.

Оқыту процесінде білім алушының қойылған оқыту мақсаттарын түсінгендігін растау ретінде басқа да оқу міндеттері қойылып және тиімді сыныптық пікірталас қалыптасқаны маңызды.Топтық жұмыс барысында мұғалім барлық топтардың жұмысын бақылауы тиіс.

Коммуникативтік тәсіл- бірінші кезекте оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытуға ,қарастырып отырған мәтін,қатысып отырған әңгіме мазмұнын түсініп,туындаған жағдаятқа сәйкес тілді қолданып үйренуге бағытталған.

Педагогикалық технология бойынша оқушының тіл мәдениетін білім,білік,дағды арқылы дамыту қажет әр оқушының деңгейіне қарай бағдарлама жасау керек.Әрбір жеке жұмыс қабілетін ескере отырып,сынып тапсырмаларын ,үй жұмысын баланың ерекшілігіне қарай беру

керек.сыныпта оқушылар өз деңгейіне сәйкес тапсырма таңдап алады.Бұл тапсырмалар оқушының білім деңгейін бағалауға,мүмкіншіліктерін байқауға, мұғалімнің әрі қарай қандай жұмыс атқару керектігін көрсетіп береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Бөрібекова Ф.Б.,Жанатбекова Н.Ж.Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар.Алматы.2014.-360 б.

2.Оралбаева Н.,Жақсылықова Қ.Орыс тіліндегі мектептерде қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі.

3 .Қ.Әбдезұлы ,С.Ч.Тұрсынғалиева «Қазақ әдебиеті әдістемелік нұсқау» «Арман ПВ»,2012

4.А.Х.Әлімов «Оқытудағы интербелсенді әдіс-тәсілдер» Астана «НЗМ»ДББҰ,2014

СӘНДІК -ҚОЛДАНБАЛЫ ҚОЛӨНЕР

Мұхамбетова Ләззат Бақытжанқызы

Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Қарауылкелді ауылы №3 Қарауылкелді орта мектебінің көркем еңбек пәнінің мұғалімі

Сәндік –қолданбалы қолөнер – халқымыздың рухани дүниесін, салт- дәстүрін , дүниетанымын бейнелейтін ерекше өнер түрі. Қазақ халқының қолөнері ғасырлар бойы дамып, ұрпақтан- ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлттық құндылықтардың бірі.Қолөнердің шығу тарихы қазақ халқының көшпелі тұрмысымен тығыз байланысты. Ерте заманнан бастап халқымыз күнделікті қолданатын заттары – ыдыс-аяқ ,киім-кешек,әшекей бұйымдарды пайдаланып қана қоймай оларды әдемі ,әсемдеп жасаған.

Сәндік-қолданбалы өнердің негізгі мақсаты — қолдануға болатын бұйымдарды әсемдеу, оларды көркемдік тұрғыда тартымды ету. Яғни әрбір зат тек қызмет етумен шектелмей, сол арқылы адамның эстетикалық сезімін де оятады. Мұндай бұйымдарды жасау үлкен шеберлікті, шығармашылықты, талғамды қажет етеді.

Қазақ халқы күнделікті тіршілігіне қажетті заттарды өз қолдарымен жасаған. Жасаған заттарын әшекейлеп әдемілеп отырған. «Өнер көзі- халықта» демекші, халық қолөнері жылдан – жылға ,ғасырдан – ғасырға дамып, жетіліп отырған. Халқымыздың сонау арғы мәдени өміріне ой жүгіртіп көрсек , ерте заманда да он саусағынан өнері тамған ісмер шеберлер небір әсем туындыларды сомдаған. Өнер туындылары белгілі бір дәуірде, сол дәуірде өмір сүрген халықтың тұрмыс тіршілігін бейнелейді. Халықтың асқақ арманы , табиғат сұлулығын , ішкі жан сезімін өнер арқылы білдірген. Өнер арқылы тарихын білуге болады.

Қазақ халқының қолданбалы өнерінің дәстүрлі түріне киіз басу, тоқыма тоқу, кесте тігу, әшекей бұйымдар жасау, ағаш өңдеу, тері мен сүйек өңдеу кәсіптері жатады.

Сәндік-қолданбалы өнер түрлері өте көп. Әрқайсысының өзіне тән материалы, техникасы және стилі бар. Оларға мыналар жатады:

Кесте өнері. Матаның бетіне түрлі-түсті жіптермен өрнек түсіру арқылы жасалатын өнер. Қазақ халқында кесте көбінесе орамал, көрпе, жастық, киім-кешек, тұскиіз, бесік жабдығы сияқты тұрмыстық заттарды безендіруде қолданылған. Қазақ кестесінде геометриялық, өсімдік тектес, зооморфтық (жануар тектес) элементтер кең таралған.

Кілем тоқу. Кілем – халқымыздың рухани және материалдық мәдениетінің ажырамас бөлігі. Ою-өрнекпен безендірілген кілемдер, алашалар, текеметтер қазақ үйінің сәні болған. Әр өңірдің кілем тоқу техникасы мен өрнегі өзінше ерекшеленеді. Мысалы, оңтүстікте ашық, қанық түстер басым болса, батыс өңірлерде күрделі, ұсақ өрнектер жиі кездеседі.

Ағаш ою өнері. Ағаш – табиғи әрі жеңіл материал. Қазақ халқы ағаштан астау, ожау, тостаған, сандық, бесік, кебеже, төсек сияқты бұйымдар жасаған. Бұл заттар міндетті түрде ұлттық ою-өрнекпен әшекейленген. Ағаш шеберлері пышақ, біз, қашау сияқты құралдарды пайдаланып, бетіне нақыштар түсірген.

Зергерлік өнер. Зергерлік – асқан дәлдік пен шеберлікті қажет ететін өнер түрі. Күмістен, кейде алтыннан жасалатын бұйымдарға шеберлер ою-өрнек түсіріп, асыл тастармен безендірген. Қазақтың дәстүрлі зергерлік бұйымдарына сақина, білезік, шашбау, қапсырма, алқа, бойтұмар, тұмарша, сырға жатады. Бұл бұйымдардың кейбірі тек әшекей ретінде емес, тұмар ретінде де киілген – яғни бойды жын-шайтаннан, тіл-көзден қорғайды деген сенім болған.

Қыш (керамика) өнері. Қыштан жасалған ыдыстар – ең көне қолданбалы өнер туындыларының бірі. Қазақ шеберлері балшықтан табақ, құмыра, саптыаяқ, тегене жасаған. Бұл бұйымдар қолмен иленіп, күйдіріліп, кейде бояумен безендірілген.

Сүйек және тері өңдеу өнері. Сүйек – киіз үйдің шаңырақ, уық, керегесін бекітуге, сондай-ақ тарақ, түйреуіш сияқты ұсақ бұйымдар жасауға пайдаланылған. Теріден ер-тоқым, айыл, жүген, қамшы секілді бұйымдар жасалып, олар көркем өрнекпен әсемделген.

Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері – бұл тек әсемдік қана емес, ұлттық болмыстың бейнесі. Халық шеберлері қолданбалы өнерді ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа беріп, оны жетілдіріп отырған. Киіз үйдің ішкі жабдықтары – тұскиіз, шымылдық, көрпеше, сырмақ, текемет – барлығы да шебер әйелдердің қолынан шыққан көркем туындылар. Бұлар үйдің ішкі кеңістігін тек әсемдеп қоймай, жылу сақтап, жайлылық жасаған.

Қазақтың ұлттық киімдері де сәндік-қолданбалы өнердің ажырамас бөлігі. Әйелдердің камзолы, сәукелесі, тақиясы, ерлердің шапаны, ішік, тымағы – барлығы да ою-өрнекпен кестеленіп, терімен, алтын жіппен көмкерілген.

Қазақтың қолданбалы өнерінде ою-өрнек – басты элемент. Әр өрнектің өзіндік символдық мәні бар. Мысалы:

- «Қошқар мүйіз» – молшылық, береке, байлықтың белгісі;
- «Түйе табан» – күш пен төзімділік;
- «Жұлдыз» – аспан әлемі мен шексіздікті бейнелейді;
- «Гүл өрнек» – табиғаттың сұлулығы мен махаббатты білдіреді.

Ою-өрнектер киімде, кілемде, ағаш бұйымдарда, тері заттарда, зергерлік әшекейлерде де кең қолданылады.

Қазіргі заман мен қолданбалы өнер. Бүгінгі күні сәндік-қолданбалы өнер жаңа деңгейге көтерілуде. Қолөнер бұйымдары ұлттық брендке айналып, көптеген дизайнерлер дәстүрлі стильді заманауи сәнмен ұштастыруда.Мысалы:

- Киізден жасалған заманауи сөмкелер;
- Оюлы киім-кешектер;
- Зергерлік бұйымдар жаңа үлгіде;
- Кәдесыйлар мен интерьерге арналған бұйымдар.

Сәндік-қолданбалы өнер – халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан рухани мұрасы, ұлттық болмысымыздың айнасы. Ол арқылы біз ата-бабаларымыздың дүниетанымын, еңбекқорлығын, сұлулыққа деген сүйіспеншілігін көреміз. Бұл өнер түрі ұлттың жаны, мәдениетінің мәйегі ретінде болашақ ұрпаққа аманат болып қала береді. Сондықтан әрбір жас ұрпақ сәндік-қолданбалы өнерді қадірлеп, үйреніп, әрі қарай дамытса – бұл ұлттық рухтың жандануына үлкен үлес болмақ. Оны сақтау , дамыту және болашақ ұрпаққа жеткізу – әрқайсымыздың парызымыз. Бұл өнердің өміршеңдігі – халықтың рухани байлығының, мәдениетінің биік екенінің дәлелі.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫ ҚАБІЛЕТІН АРТТЫРУ

Мұхамедиярова Аймоншақ Ерғалиқызы
Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Қаратоғай ЖОББ мектебінің бастауыш пәні мұғалімі

Қазіргі білім беру саласында болып жатқан жаңалықтар мен өзгерістер мұғалімдердің кәсіби шеберлігін үнемі арттырып, сабақ берудің тиімді жолдарын іздеуді талап етеді. Әсіресе бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс істеу – үлкен жауапкершілікті қажет ететін маңызды кезең. Бұл деңгейде оқушылардың қабілетін дамытып, олардың шығармашылық ойлауын, танымдық белсенділігін арттыру үшін жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану – бүгінгі күннің талабы.

Жаңа әдіс-тәсілдер – оқытудың тиімділігін арттырып, оқушыны сабақ процесіне белсенді қатыстыруға мүмкіндік береді. Қазіргі педагогикалық тәжірибеде кеңінен қолданылып жүрген әдістерге сын тұрғысынан ойлау технологиясы, жобалау әдісі, ойын арқылы оқыту, АКТ-ны қолдану, деңгейлік тапсырмалар жүйесі, саралап оқыту сияқты тәсілдер жатады. Бұл әдістер оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға, өз ойын еркін жеткізуіне, пікір таласқа қатысуына, логикалық ойлауы мен шығармашылығын арттыруға бағытталған.

➢ Интерактивті әдістер: Бұл әдістерде оқушылар белсенді қатысады, өзара әрекеттесу жүреді.

«Миға шабуыл» (Brainstorming) – еркін ой айту, идея жинау.

«Венн диаграммасы» – ұқсастық пен айырмашылықты табу.

«Ыстық орындық» – бір оқушы сұрақтарға жауап береді.

«Ақылдың алты қалпағы» – түрлі көзқараспен ойлау.

«ББББ» кестесі – Білдім / Білгім келеді / Білдім.

➢ Сыни тұрғыдан ойлау әдістері (СТО технологиясы): Оқушының өз бетімен ойлауына, дәлелдеуіне бағытталған.

INSERT әдісі – мәтінмен жұмыс (✓, –, +, ? белгілері).

Кубизм әдісі – сұрақтарды түрлі қырынан қою

Төрт сөйлем тәсілі – 1. Оқиға, 2. Ой, 3. Дәлел, 4. Қорытынды.

ДЖИГСО (Jigsaw) – мәтінді бөліп оқу, әр топ бөлігін түсіндіреді.

➢ Заманауи/инновациялық әдістер: Жаңа технологиялар мен тәсілдерге негізделген.

Project-based learning (жобалық оқыту) – белгілі бір тақырыпта жоба жасау.

Case-study (жағдай талдау) – нақты жағдайды зерттеу.

STEM/STEAM әдісі – ғылым, технология, инженерия, өнер, математика

Gamification – сабақты ойын арқылы ұйымдастыру.

Flipped classroom (аударылған сынып) – үйде теория, сыныпта тәжірибе.

➢ Бағалау және рефлексия әдістері: Оқушының жетістігін бақылау және өзіндік талдау жасау

Формативті бағалау – «Екі жұлдыз, бір тілек», смайликтер, стикерлер

➢ **Рефлексия әдістері**:

«Бағдаршам» (жасыл – түсіндім, сары – аздап, қызыл – түсінбедім),

«Кері байланыс парағы»

«Сэндвич әдісі» – жақсы жағы, ұсыныс, тағы бір жақсы жағы.

Ресурстарды пайдалану арқылы оқушылардың қызығушылығы артып, сабаққа деген ынтасын күшейеді.

Ойын элементтері де бастауыш сынып оқушылары үшін өте маңызды. Ойын барысында бала еркін ойлайды, өз іс-әрекетін бақылайды, ережелерге бағынады. Бұл – оның тұлғалық қалыптасуына әсер етеді. Сонымен қатар, топтық жұмыстар да оқушының ұжыммен қарым-қатынас жасауын, жауапкершілікті сезінуін дамытады.

Жаңа әдіс-тәсілдерді қолдануда мұғалімнің рөлі өте маңызды. Мұғалім сабақты жан-жақты жоспарлап, әр баланың қабілетін ескере отырып, тиімді әдістерді таңдай білуі тиіс. Сабақ

барысында мұғалім тек білім беруші емес, бағыттаушы, кеңесші рөлін атқаруы керек. Осындай жағдайда ғана оқушылардың қабілеті ашылып, олар өз-өзіне сенімді, белсенді, шығармашыл тұлға болып қалыптасады.

Қорытындылай келе, бастауыш сыныпта жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалану – оқушылардың оқу белсенділігін, қызығушылығын, қабілетін арттырудың негізгі жолы. Мұғалім жаңаша ойлап, жаңалыққа ұмтылып, шығармашылықпен жұмыс істеген жағдайда ғана оқушылар сапалы білім алып, толыққанды дамыған тұлға ретінде қалыптасады.

РАБОЧАЯ ПРОГРАММА ПО ФАКУЛЬТАТИВНОМУ КУРСУ «СЛОЖНОСТИ АНГЛИЙСКОЙ ГРАММАТИКИ» ДЛЯ 5 КЛАССА

Мырзалиева Жанна Тлектесовна
учитель английского языка Школы-гимназии №20 имени Титова
г. Шымкент Казахстан

Аннотация:
Статья «Сложности английской грамматики» посвящена анализу основных трудностей, с которыми сталкиваются изучающие английский язык. В центре внимания — грамматические особенности, вызывающие наибольшие затруднения у русскоговорящих учащихся: неправильные глаголы, времена группы Perfect, артикли, модальные глаголы, порядок слов и согласование времен. Рассматриваются причины возникновения ошибок, предлагаются способы их преодоления и эффективные методы усвоения сложных тем. Материал будет полезен как преподавателям английского языка, так и студентам, стремящимся к более глубокому пониманию грамматических структур английского языка.

Ключевые слова:
Грамматические конструкции, артикль, лингвистика, глаголы, методические подходы

Изучение английского языка в условиях современной образовательной среды приобретает особое значение. Владение иностранным языком рассматривается не только как элемент общего развития учащегося, но и как средство формирования универсальных учебных действий, развитие коммуникативной компетенции и готовности к межкультурному взаимодействию. Однако при обучении английскому языку у учащихся начальной и средней школы часто возникают затруднения, особенно на этапе освоения грамматического материала. Эти трудности обусловлены как объективной сложностью грамматических структур, так и возрастными особенностями восприятия теоретических сведений. Именно поэтому разработка и реализация факультативного курса «Сложности английской грамматики» для учащихся 5-х классов приобретает особую актуальность. Представленный курс носит метапредметный, развивающий и практико-ориентированный характер, направлен на углубление и систематизацию знаний в области грамматики английского языка.

Цели и задачи курса

Основной целью курса является преодоление трудностей в изучении английской грамматики, повышение мотивации к обучению английскому языку и развитие устойчивых грамматических навыков. Для достижения поставленной цели решаются следующие задачи:

- систематизация грамматических знаний, полученных в рамках базового курса;
- углублённое изучение трудных грамматических тем, вызывающих наибольшие затруднения у учащихся;
- развитие языкового чутья через активную речевую практику;
- формирование навыков самостоятельной работы с грамматическим материалом;
- развитие метапредметных умений: умения анализировать, сравнивать, делать выводы, работать с лингвистической информацией.

Структура и содержание курса

Курс рассчитан на 34 учебных часа (1 час в неделю в течение учебного года). Тематическое планирование построено с учётом возраста учащихся, их психологических и когнитивных особенностей. Каждый учебный модуль включает в себя теоретическую часть, практическую тренировку, интерактивные задания и итоговое упражнение, направленное на контроль усвоенного материала.

Примерные темы факультативного курса:

1. **Артикли: определённый и неопределённый**

Различия в употреблении, случаи отсутствия артикля, особые случаи.

2. **Множественное число существительных.**

Правила образования, исключения, особые формы (man – men, child – children).

3. **Личные местоимения и формы глагола to be.**

Согласование подлежащего и сказуемого, сокращённые формы.

4. **Настоящее простое время (Present Simple).**

Употребление, образование утвердительных, вопросительных и отрицательных форм.

5. **Глагол have got: формы и употребление.**
6. **Порядок слов в английском предложении.**

Утвердительные и вопросительные конструкции, инверсия.

7. **Притяжательные местоимения и существительные.**
8. **Предлоги времени и места.**

Употребление in, on, at; near, under, behind и др.

9. **Настоящее продолженное время (Present Continuous).**

Образование и отличие от Present Simple.

10. **Сравнительная и превосходная степень прилагательных.**
11. **Вопросительные слова (Wh-questions).**
12. **Сложносочинённые предложения с союзами and, but, because.**
13. **Модальные глаголы can / must.**
14. **Повторение и обобщение материала.**

Каждая тема сопровождается наглядным материалом (таблицы, схемы), множеством упражнений, в том числе игрового характера, направленных на формирование устойчивого грамматического навыка.

Методические подходы к реализации курса

Факультативный курс реализуется с использованием деятельностного и личностно-ориентированного подходов. Основной акцент делается на активное вовлечение учащихся в учебный процесс, развитие их самостоятельности и креативности.

Методы обучения включают:

- объяснение и демонстрация грамматических явлений на доступных примерах;
- работа с текстами, в которых учащиеся находят и анализируют грамматические конструкции;
- игровые технологии (грамматические викторины, кроссворды, грамматические «битвы»);
- использование цифровых инструментов (интерактивные презентации, обучающие видео, онлайн-тренажёры).

Особое внимание уделяется созданию ситуации успеха, поощрению языковой инициативы учащихся, формированию уверенности в собственных силах.

Ожидаемые результаты

В результате прохождения факультативного курса учащиеся:

- уверенно используют основные грамматические конструкции английского языка;
- различают и правильно употребляют артикли, времена, местоимения, предлоги;
- свободно строят простые и сложные предложения;
- осознают важность грамматики как инструмента общения;
- демонстрируют повышение интереса к английскому языку.

Кроме того, у учащихся формируются метапредметные компетенции: умение логически мыслить, анализировать языковые явления, выстраивать причинно-следственные связи.

Заключение

Факультативный курс «Сложности английской грамматики» представляет собой эффективное средство повышения уровня грамматической подготовки учащихся 5-х классов. Он позволяет систематизировать и углубить знания, устранить типичные ошибки, развить уверенность в использовании грамматики на практике. Такой подход способствует формированию полноценной языковой компетенции и закладывает прочную основу для дальнейшего изучения английского языка на более высоком уровне.

Реализация курса также позволяет педагогу гибко реагировать на потребности учащихся, обеспечивать индивидуальный подход и формировать положительную мотивацию к изучению иностранного языка.

Список используемой литературы

- Асмолов А.Г. Формирование универсальных учебных действий в основной школе: от дейст вия к мысли. Система заданий. Пособие для учителя. М, Просвещение, 2011;
- Горский В.А. Примерные программы внеурочной деятельности. Начальное и основное образование. Стандарты второго поколения. М, Просвещение, 2014;
- Григорьев Д.В., Степанов П.В. Внеурочная деятельность школьников. Методический конструктор: пособие для учителя. Стандарты второго поколения. М, Просвещение, 2013;
- Предко Т.И. Английская грамматика в играх. 53 Grammar Games. Ростов-на-Дону, 2014.

САБАҚТЫ ЗЕРТТЕУ (LESSON STUDY): ТИІМДІЛІКТІҢ ҮШ ДӘЛЕЛІ

Неталина Шамшырақ Қуанышбекқызы

Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Қарабұлақ орта мектебінің
ағылшын тілі пәні мұғалімі

Заманауи білім беру жүйесінің басты мақсаты – оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырып, сыни ойлай алатын, өмірлік дағдыларға ие тұлғаны тәрбиелеу. Бұл мақсатқа жетудің бір жолы – мұғалімдердің кәсіби дамуына мүмкіндік беретін тиімді тәсілдерді қолдану. Осындай тәсілдердің бірі - Lesson Study әдісі. Бұл Жапониядан бастау алған, бүкіл әлемде кең таралған сабақты зерттеу моделі.

Кілт сөздер: сабақты зерттеу, оқу сапасы, кәсіби даму.

Кіріспе

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде оқыту әдістерін жетілдіру, оқушының білім сапасын арттыру және мұғалімдердің кәсіби дамуын қамтамасыз ету басты міндеттердің бірі болып табылады. Осы орайда соңғы жылдары әлемдік тәжірибеде кең таралған Lesson Study немесе Сабақты зерттеу әдісі Қазақстанда да белсенді түрде қолданылуда. Бұл тәсіл Жапониядан бастау алып, бүгінде әлемнің көптеген елдерінде тиімді әдіс ретінде қолданылады. Сабақты зерттеу – мұғалімдердің бірігіп жоспар құрып, ол сабақты нақты бір сыныпта өткізіп, оны бақылап, оқушылардың оқуын талдап, нәтижесін қайта қарап сабақты жетілдіретін, оқушылардың оқуына әсерін зерттейтін кәсіби даму моделі. Бұл тәсіл мұғалімдердің практикалық әрекет арқылы үздіксіз үйренуіне, білім сапасын жақсартуға бағытталған. Осы баяндаманың мақсаты – сабақты зерттеудің тиімділігін нақты үш дәлел арқылы негіздеу.

1-дәлел: Оқушылардың оқу жетістіктері артады

Сабақты зерттеу барысында мұғалімдер оқушылардың оқуын жүйелі түрде бақылайды. Олар тек оқытуды емес, нақты оқушының қалай үйренетінін зерттейді. Сабақ барысында алынған деректерге сүйене отырып, оқушының қай тұста қиналатынын, қандай әдіс тиімді екенін анықтауға мүмкіндік туады. Мысалы, зерттеу сабақтары кезінде A,B,C деңгейдегі оқушылардың жауаптары, белсенділігі, жұмыс барысы видео немесе бақылау парағы арқылы тіркеледі. Талдау

нәтижесінде мұғалімдер оқу әдістерін бейімдеп, оқушылардың түсіну деңгейін жақсартады. Зерттеулерге сәйкес, сабақты зерттеу әдісі қолданылған мектептерде білім сапасы орташа есеппен 10-15 % -ға артқаны байқалған. Оқушылар үшін сабақты зерттеу келесі жағынан тиімді:

- Сабақтарда қызықты әрі мазмұнды тапсырмалар орындалады;
- Мұғалім оқушының пікірін ескеріп, белсенді әрекетке итермелейді;
- Оқушылардың өз ойларын ашық жеткізу дағдысы дамиды;
- Топпен жұмыс жасау мәдениеті қалыптасады;
- Сыни ойлау қабілеті артады.

Сабақты зерттеу барысында алынған деректер оқушылардың оқу сапасының артуына тікелей әсер етеді. сонымен қатар, оқушы мен мұғалім арасында сенім мен ынтымақтастық қатынасы дамиды.

2-дәлел: Мұғалімдердің кәсіби дамуына нақты әсер етеді

Сабақты зерттеу – бұл тек оқушылардың жетістігі емес, ең алдымен мұғалімдердің кәсіби шеберлігін дамыту құралы. Мұғалімдер өз әріптестерімен бірге бірлесіп сабақ жоспарын жасайды., сабақты бірге бақылайды және соңында бірігіп талдау жүргізеді. Сабақты талдау кезінде мұғалімдер оқушылардың оқу барысындағы іс-әрекеттерін, жауаптарын, қиындықтарын зерттеп, келесі сабақта қалай жақсартуға болатыны жөнінде нақты шешімдер қабылдайды. Бұл үрдіс олардың педагогикалық шеберлігін арттырып, әдістемелік репертуарларын кеңейтеді. Нақты артықшылықтары:

- Бірін- бірі үйрету және қолдау;
-Рефлексия арқылы өз қателіктерін көру;
- Тәжірибені ғылыми тұрғыдан түсіну.

Мысал: Зерттеу сабағына қатысқан мұғалімдердің 85 %-ы оқушылардың қажеттілігіне бағытталған оқытудың тиімділігін арттырғанын мойындаған.

3-дәлел: Мектептегі ынтымақтастық мәдениетін қалыптастырады

Сабақты зерттеу процесі – бұл командалық жұмыс. Мұғалімдер арасындағы ынтымақтастық нығаяды, кәсіби пікір алмасу дәстүрге айналады. Мектеп ішіндегі ашықтық, қолдау және бірлескен жауапкершілік - білім сапасының тұрақты негізі. Сабақты зерттеу – бұл тек бір реттік зерттеу емес, мектеп ішіндегі кәсіби оқу мәдениетін қалыптастыру жолы. Зерттеулер көрсеткендей, мұндай тәжірибеге қатысқан мектептерде мұғалімдердің жұмысқа деген қанағаттану деңгейі едәуір жоғары болады. Сонымен қатар жас мамандар мен тәжірибелі ұстаздар арасындағы диалог тұрақты түрде жүріп, кәсіби қоғамдастық қалыптасады. Сабақты зерттеу:

- Мұғалімдер арасында кәсіби ынтымақтастық нығаяды;
- Жаңашыл идеялардың таралуына ықпал етеді;
- Ұжымдық шешім қабылдауға үйретеді.

Мысалы: Жапония, Сингапур, Ұлыбритания сынды елдерде бұл тәсіл мұғалімдер арасындағы кәсіби дамудың негізгі тетігі ретінде қолданылып келеді. Олар бірлесіп сабақты зерттеу арқылы тек өз тәжірибесін ғана емес, мектеп ішіндегі оқыту сапасын жүйелі түрде жақсартады.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, сабақты зерттеу - тек оқыту тәсілі ғана емес, бұл бүкіл мектеп мәдениетін өзгертуге бағытталған қуатты құрал. Бұл құрал мұғалімді зерттеушіге айналдырып, сабақ сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Оқытудағы әрбір қадамды ойланып жасау, оны талдау, үздіксіз жетілдіру – осының барлығы оқушылардың табысты оқуына ықпал етеді. Сабақты зерттеу – мұғалімдердің кәсіби өсуіне, оқушылардың білім деңгейін жақсартуға және мектептің кәсіби қоғамдастығын дамытуға бағытталған тиімді әдіс. Оның тиімділігі үш маңызды дәлелмен айқындалады:

1) оқушы жетістігінің артуы
2) мұғалімдердің кәсіби дамуы
3) мектептегі ынтымақтастық мәдениетінің нығаюы

Бұл тәсілді жүйелі қолдану арқылы білім беру сапасын жаңа деңгейге көтеруге толық мүмкіндік бар. Сабақты зерттеу – мұғалімнің, оқушының және жалпы мектептің үздіксіз даму жолы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Дудли П. (2014). Сабақты зерттеу: Мұғалімдердің тәжірибесін жетілдіру әдісі.
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Екінші деңгей бағдарламасы. (НЗМ,2012)
3. Жанпейісова М.М. (2016). Оқу мен оқытудағы жаңа әдістер.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

Ниязгалиева Лаура Ергалиевна

Ақтөбе қ., "№27 жалпы білім беретін мектеп" КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Қазіргі кезең озық идеяларды, тың шешімдерді, үлкен еңбек пен білімнің мол қорын қажет етеді. Сол үшін де заман ағымынан қалмау, жаңалықтарға ілесу, бәсекеге қабілетті болу үлкен білімді талап етеді. Бүгінгі күнде басты назарда тұрған мәселе – ол білімді, ой өрісі кең, жан-жақты тұлғаларды дамыту. Себебі тәуелсіз елді өркениетті әлемге танытатын, дамыған елдер қатарында терезесін тең ететін күш – білім және білімді ұрпақ. Келер ұрпақты білімді ету үшін ең алдымен білім сапасын арттыру қажет. Осы орайда мұғалімнің алар жауапкершілігі зор. Ол оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыра отырып, білім сапасын арттыруды көздеуі тиіс. Бұл көп ізденісті, жаңа технологияларды пайдалану шеберлігі мен жаңашылдықтың болуын талап етеді. Қазіргі ұстаздар алдындағы міндет: ғылым мен техниканың даму деңгейіне сәйкес оқушының білімі терең, іскер ойлауға қабілетті әлемдік стандарттар негізінде жұмыс істей алатын құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Мұндай талапқа сай қызмет істеу үшін ұстаз үздіксіз ізденісте кәсібі білікті болуы тиіс. Мұғалім өзіміз оқушылардың қалай оқитынын неғұрлым жақсы түсініп, өздерінің оқыту тәжірибесін жақсартқан сайын, олардың балаларды тиімді оқуға жетелеу қабілеті соғырлым арта түседі.

Қазақ тілі пәнін оқытудың барысында мұғалім оқытудың формалары мен мазмұнын, міндеттерін шешуде, әдістемені анықтауда дидактикалық принциптерді басшылыққа алады. Мұғалім қызметіндегі маңызды дүние – жекелеген оқушылардың тақырыпты қабылдау ерекшеліктерін, оқушылардың түсінігін жетілдіру немесе жақсарту мақсатында олармен жұмыс жүргізу қажеттігін ұғынуы, сондай-ақ кейбір оқушылардың тақырыпты өзіне оңтайлы бірегей тәсілдермен меңгеретіндігін жете түсінуі. Мұғалім оқытудың нәтижесін арттыруда оқыту әдістеріне қатысты амал-тәсілдерімен қатар оның құралдарын да пайдаланады.

Цифрлық технологияларды меңгерту мұғалімнің интелектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Цифрлық технологиялар теориялық тұрғыда дәлелденіп, тәжірибеде жақсы нәтижелер беруде. Бұл технологиялар – оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, терең ойлай білуін, теориялық негіздерін, эстетикалық көзқарастарын пайымдауын, баға беруін, танымдық белсенділігін дамытуға бағытталған. Қазіргі цифрлық даму кезеңінде цифрлық ресурстарды пайдалану қажеттілігі де осыдан келіп туындайды. Кез келген сабақ өз мақсатына толық жету үшін оған белгілі бір әдіс-тәсілдерді таңдап, саралап қолдану керектігін тәжірибе көрсетіп отыр. Сабақ мақсатына жетуі үшін ең алдымен тиімді әрі дұрыс жоспарланып, сол жоспарға сай ұтымды әдіс-тәсілдердің, ресурстардың таңдалғаны жөн. Әсіресе қазіргі жаңа инновациялық технологиялар кезеңінде цифрлық білім беру ресурстарын қолданудың тиімділі зор. Цифрлық білім беру ресурстары арқылы жасалып жатқан оқыту процесі оқушылардың жаңашыл ойлау қабілетін қалыптастырып, оларды жүйелік байланыстар мен заңдылықтарды табуға итермелейді. Соның ішінде цифрлық білім беру ресурстарының қазақ тілі пәніндегі тиімділігін қарастырсақ.

Цифрлық білім беру ресурстары – білім беру мазмұнын анықтайтын электронды жүйе компоненттерінің бірі. Өзінің цифрлық білім беру ресурстарын мектепте қолдану туралы әдістемісінде Е.В.Савелова цифрлық білім беру ресустарының жиынтығында шартты түрде мынадай компоненттерді атап көрсетеді: «интербелсенді компоненттер, демонстрациялық графика, мәтіндер, мұғалімге арналған материалдар». Цифрлық білім беру ресурстарын педагог сабақ жүргізу үшін де, оқушылар оны өз беттерімен сабаққа дайындалу үшін де пайдалана алады. Цифрлық білім беру ресурстары педагогтарға оқытудың әр түрлі мақсаттары үшін оқу материалын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ал Р.І. Қадірбаева цифрлық білім беру ресурстарының тиімділігін былайша түсіндіреді: «Оқушыларға мұғалімнің қатысуынсыз өздеріне ыңғайлы уақытта өз темпінде теориялық материалдармен танысуға, лабораториялық жұмыстар мен тестік тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді».

Қазіргі кезде қазақ тілі пәнін оқытуда цифрлық білім беру ресурстарын сабақтарда қолдану өте тиімді. Атап айтсам, learning apps, quizizz, kahoot, classMarker, canva, animoto, animaker, padlet және т.б. Learning apps, quizizz, kahoot, classMarker сервистері – интерактивті оқу-әдістемелік қосымшалар жасауға, оқушылардан кері байланыс алуға мүмкіндік беретін тиімді сервистер. Ал canva, animoto, animaker платформаларын сабақты түсіндіруді, сабақты өткізуді тиімді әрі қызықты етіп ұйымдастыру үшін қолданамын. Осылардың ішінде қазақ тілі сабағында тиімділігі зор және педагогикалық тәжірибеде басым қолданыс тапқан – «learning apps» ресурсы.

Ол интерактивті модульдердің көмегімен оқыту және оқыту процесін қолдауды, модульдерді жылдам құру мен өзгертуді, тапсырмалар базасын жинақтап, қолжетімді етуді қамтамасыз етеді. Бұл сервисте тапсырмаларды орындатудың, ұйымдастырудың сан алуан түрлері мен жолдары бар. Онда тест, салыстыру, жұбын табу, бос орындарды толтыру, мәтін енгізу, хронологиялық кесте, жіктеу, топтастыру тапсырмалары бар. Сонымен қоса ол арқылы суреттермен жұмыс жасатып, оқушылардың қызығушылығын оятатын, сабақта сергітетін тапсырмаларды да құрастыруға болады. Бұдан бөлек викториналық сұрақтар, пазл, аудио/видео контент, сөзжұмбақ т.б. модульдерін ұсынады. Мұғалімнің міндеті – осылардың арасынан қайсысын қай тапсырмаға қолдану тиімді екенін саралап алып, берілген тапсырманы орындауда ұтымды әрі тиімді болатынын алу.

Қазақ тілі сабағында қосымшаларды, яғни жұрнақ пен жалғауды өткенде тапсырма ретінде осы цифрлық білім беру ресурсындағы «бос орындардарды толықтыру» модулін қолдану ұтымды. Оқушыларға қосымшаларды түсіндіргеннен кейін практикалық жұмыс ретінде алуымызға болады. Оқушылар осы модулдің көмегімен бос тұрған орындарға интербелсенді тақта арқылы қажетті қосымшаларды қойып жазады. Ең басты тиімділігі әр модулде тапсырманың шарты жазылып, оқушылар барлық тапсырмалардан соң қанша қате жібергенін, қайсысы дұрыс емес екенін біліп, кері байланыс жасай алады.

Ал quizizz, kahoot, classMarker ресурстары қазақ тілі пәнінде әр бөлімнен соң оқушылардың бөлімді қаншалықты меңгергендерін білу үшін, бөлім бойынша білімдерін пысықтау үшін қолдануда маңызды.

Қазіргі кезде тілдік білім беру адамдық құндылыққа айналып, өзінің мынадай үш аксиологиялық топтамасын терең тануды қажет етіп отыр:

- тілдік білім беру – мемлекеттік құндылық;
- тілдік білім беру – қоғамдық құндылық;
- тілдік білім беру – тұлғалық құндылық.

Қазақ тілін цифрлық технологиялар арқылы оқыту үдерісін ұйымдастыру дегеніміз – ақпараттық технологияны қазақ тілін оқыту үдерісінің маңызды бір тірегі ету арқылы мемлекеттік тілді үйрету-өз бетімен үйрену үдерісін сапалы деңгейге көтеру, тиімділігі мен қарқынын арттыру.

Цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін қазақ тілін оқыту үдерісінде қолдануда жаттығулар мен тапсырмалардың саны мен түрлерін арттырудың, өзара қазақша қарым – қатынас жасау өрісін кеңейтудің, оқытушы мен оқушының қазақша дидактикалық байланысын түрлендірудің, оқушының болашақ мамандар ретінде ақпаратты жинау, сақтау, жүйелеу,

өңдеумен байланысты жаңа технологияларды қолдану маңызды болып табылатын қоғамда қызмет етуге даярлаудың жолдары кең арнада танылады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Федотова Е.Л. Информационные технологии в профессиональной деятельности. – М., 2008.
2. Қадашева Қ.Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы, 2005.
3. Шлыкова О.В. Культура мультимедиа. – М., 2004.
4. Организация, формы и методы проведения учебных занятий и самостоятельной работы: требования, условия, механизмы: уч. пос. / под ред. Волгина Н.А. – М., 2004.
5. Әлімов А.Қ. Интербелсенді оқыту әдістемесін мектепте қолдану. Оқу құралы /«Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2014.

ОСОБЕННОСТИ АВТОРСКОЙ ПРОГРАММЫ «ВНЕДРЕНИЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКОГО МЫШЛЕНИЯ В ШКОЛЬНЫЙ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЙ ПРОЦЕСС

Нурбекова Назым Аманкелдиновна
КГУ «Средняя школа имени Кожагелды батыра» отдела образования района Аксуат управления образования области Абай,педагог глобальных компетенции,
Республика Казахстан

Аннотация. Авторская программа «Внедрение предпринимательского мышления в школьный образовательный процесс» направлена на формирование у школьников основ делового мышления, инициативности, ответственности и умения принимать решения в условиях неопределенности. Программа ориентирована на учеников средних и старших классов и может быть внедрена как элективный курс, факультатив или интегрированный модуль в рамках предметов гуманитарного или социального цикла. В курсе представлены современные методы и подходы к развитию предпринимательских навыков через проектную деятельность, кейс-методы, командную работу и деловые игры. Особое внимание уделяется формированию у обучающихся креативности, финансовой грамотности и коммуникативных умений. Реализация данной программы способствует всестороннему развитию личности и подготовке школьников к активному участию в экономической и социальной жизни общества

Ключевые слова: предпринимательское мышление, финансовая грамотность и коммуникативные умения, гибкость мышления

В эпоху быстрых изменений одним из главных навыков стало умение подстраиваться под новые условия. В современном мире вопрос о будущих профессиях для ребенка постепенно уходит на второй план, гораздо важнее развить у ребенка универсальные компетенции, применимые к разным сферам, которые дополнят его основные интересы и позволят легко ориентироваться в любой среде. В новых реалиях именно предпринимательские навыки могут стать основой для развития самостоятельности, независимости, способности принимать решения, что станет подспорьем в развитии успешной карьеры и может повысить качество жизни.

Тема развития креативного предпринимательского мышления в последнее время все чаще упоминается в СМИ. В предпринимательство вовлекаются люди, не наполненные смыслами и необученные, без осознания истинных целей бизнеса, то есть они приходят с единственной установкой – заработать. В то время как в основе успешного проекта всегда лежит решение чьей-то реальной проблемы, на ее успешном устранении и строится бизнес-модель, приносящая заработок.

Предприниматель с рождения

Почему же предпринимательское мышление необходимо развивать, начиная с раннего школьного возраста? Ответ очень прост. Именно в этом возрасте дети наиболее активно придумывают игры, легко привлекают к участию свое окружение и, главное, не боятся ошибок и

не падают духом, если игра не удалась – «не проблема, просто придумаю новую». Но, сожалению, способность креативно мыслить, свободно собирать и возглавлять группы и азартно коммуницировать с другими очень легко потерять уже в начальной школе, ведь традиционная система образования требует от учеников строгого соблюдения правил и активного послушания. Таким образом, развивая в детях предпринимательское мышление, мы можем сохранить и преумножить те важные способности, что заложены в них с рождения

Итак, каковы же **особенности программы**?

Игровая форма обучения: все элементы программы (кейсы, мастерские, проектные задания) подаются в форме игры или события – это повышает мотивацию учеников и облегчает понимание сложных тем.

Проектная деятельность: учащиеся работают над индивидуальными и групповыми мини-проектами (например, разработка бизнес-идеи, продвижение продукта), что дает реальную практику планирования, креатива и презентации.

Модульное содержание: программа разбита на логические блоки (этапы): например, «Финансовые истории в сказках», «Городские квесты: учимся экономить», «Школьный бизнес-проект». Каждый блок учитывает возрастные интересы и позволяет наращивать сложность.

Коллаборация с внешними ресурсами: возможны приглашения местных предпринимателей или выпускников для рассказа о реальном бизнесе, что делает обучение более наглядным и «заряжает» идеями (по аналогии с успешным опытом, где ученики встречаются с предпринимателями).

Интеграция со школьной программой: материалы перекликаются с другими предметами (математикой при расчётах, казахским/русским языком при подготовке презентаций и т.д.), что развивает системное понимание мира и обеспечивает преемственность знаний.

Ожидаемые результаты

Формирование у учащихся **предпринимательского мышления**: умения видеть проблему и генерировать варианты её решения, уверенности в реализации идей.

Развитие ключевых **soft skills**: креативности, критического мышления, ответственности и настойчивости; учащиеся учатся принимать решения и не боятся пробовать новое.

Повышение **экономической и финансовой грамотности**: ученики демонстрируют понимание базовых экономических понятий (бюджет, доход, расходы), пробуют составлять упрощённые планы (финансовые и бизнес-планы).

Улучшение **командных и коммуникативных навыков**: учащиеся эффективно взаимодействуют в группах, учатся договариваться и совместно достигать целей.

Рост **мотивации к обучению**: учащиеся видят практическую значимость материала, становятся активнее на уроках, проявляют инициативу в учебных и внеурочных проектах.

Способы проверки результатов

Портфолио проектных работ: сборник итоговых продуктов (презентации, отчёты по мини-проектам, видеозаписи деловых игр), демонстрирующих приобретённые знания и навыки.

Учительские наблюдения и рейтинговые листы: фиксируются уровень участия и активности учеников во время кейсов и игр, отмечаются проявленные лидерские качества и решения нестандартных задач.

Презентации и защиты проектов: в конце каждого модуля учащиеся публично представляют свои проекты, что позволяет оценить умение обосновывать решения, отвечать на вопросы и работать в команде.

Рефлексия и опросы: проводится анкетирование учащихся об их ощущениях и приобретённых навыках; обсуждаются в классе примеры применения знаний.

Тестовые задания и контрольные вопросы: в легкой форме проверяются усвоенные понятия финансовой грамотности и предпринимательства (например, викторины или устные опросы по ключевым понятиям).

Таким образом, внедрение предпринимательского курса в учебную программу отвечает современным запросам на формирование нового типа мышления и развития универсальных компетентностей в деятельностном, игровом подходе. И, что важно, приближает нас к

реализации нашей миссии в воспитании поколения молодых людей, способных позитивно мыслить, созидать, менять окружающий мир к лучшему.

Список литературы

1. Беляков Б.Г., Нургалиева А.Ж. Финансовая грамотность: теория и практика. – Астана, 2021.
2. Павлова М.П., Кузнецова Е.Б. Формирование предпринимательского мышления у учащихся // Теория и практика общественного развития. – 2020. – № 8. – С. 25–30.
3. Иванова Т.В. Развитие предпринимательского мышления школьников средствами инновационных технологий // Вестник образования. – 2019. – № 12. – С. 52–58.
4. Шапиро О.В., Сухова М.Н. Формирование предпринимательского мышления у подростков: монография. – М.: Инфра-М, 2018.
5. Хорин И.И. Предпринимательское мышление: теоретические основы // Образование и наука. – 2017. – № 3. – С. 76–84.
6. Андюсев Б.Е. Кейс-метод как инструмент формирования компетенций // Директор школы. – 2010. – № 4. – С. 61–69.

БИОЛОГИЯ САБАҒЫНДА STEAM ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Нургалиева Арай Маратовна
Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы «Опорный жалпы білім беретін мектеп» КММ
биология пәні мұғалімі

Аңдатпа

Бұл мақала STEAM (Science, Technology, Engineering, Arts, Mathematics) технологиясының биология сабақтарында қолданылуы және оның оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырудағы рөлін жан-жақты зерттейді. STEAM әдісі ғылым, технология, инженерия, өнер және математиканы интеграциялау арқылы оқушылардың креативтілігі мен сыни ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді.

Мақалада биология пәнін оқыту барысында STEAM принциптерін қолданудың негізгі аспектілері, атап айтқанда, кросс-дисциплинарлық жобалар, интерактивті оқу процесі, тәжірибелік зерттеулер, шығармашылық жобалар, геймификация және топтық жұмыстар қарастырылады. Оқушыларды шынайы өмірдегі экологиялық және әлеуметтік мәселелермен таныстыра отырып, білімдерінің тереңдігі мен маңыздылығын арттыру мүмкіндіктері талданады.

STEAM технологиясының артықшылықтары ретінде оқушылардың практикалық дағдыларын дамыту, топта жұмыс істей білу қабілеттерін арттыру, шығармашылық тұрғыдан ойлауды ынталандыру және білімді нақты жағдайда қолдану мүмкіндігі көрсетіледі.

Сонымен қатар, мақалада дәстүрлі білім беру әдістері мен STEAM технологиясының айырмашылықтары мен артықшылықтары салыстырылады. Дәстүрлі жүйе негізінен лекциялық материалдарға және біржақты ақпаратқа сүйенсе, STEAM тәсілі оқушыларды белсенді қатысуға, тәжірибелер жүргізуге және өз бетімен зерттеу жасауға ынталандырады.

Нәтижесінде, STEAM технологиясын енгізу білім беру процесін жаңартып, оқушыларды XXI ғасырдың дағдыларына дайын болуға ықпал етеді. Бұл оқушыларды ғылым, технология және экология саласында белсенді азаматтар ретінде қалыптастыруға, сондай-ақ олардың кәсіби болашағын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Мақала STEAM әдістемесін биология сабақтарында тиімді қолдану үшін нақты ұсыныстар мен жобаларды да қамтиды.

STEAM (Science, Technology, Engineering, Arts, Mathematics) принциптері білім беру жүйесінде ерекше орын алады, себебі олар оқушылардың шығармашылық, сындарлы ойлау, және көпсалалы дағдыларын дамытуға бағытталған. Төменде STEAM принциптерінің негізгі ерекшеліктері мен білім беру жүйесіндегі орны қарастырылады.

1. Интеграция

STEAM әдісі пәндер арасындағы шекараны жояды, ғылым, технология, инженерия, өнер және математиканы біріктіреді. Бұл оқушыларға әртүрлі пәндердің қалай байланысты екенін түсінуге және оларды нақты жобаларда қолдануға мүмкіндік береді. Мысалы, инженерлік жобаларды орындау барысында оқушылар математика мен физиканы, өнер элементтерін қолдана отырып, креативті шешімдер шығарады.

2. Жобалық оқу

STEAM принциптерінде жобалық оқу маңызды рөл атқарады. Оқушылар нақты жобалар мен тапсырмаларды орындау арқылы теорияны тәжірибемен байланыстырады. Бұл оқу тәсілі білім алушылардың танымдық қабілеттерін арттырып, проблемаларды шешу дағдыларын дамытуға көмектеседі. Мысалы, экологиялық жобаларда оқушылар жергілікті экожүйелерді зерттеп, оларды қорғау жолдарын ойластырады.

3. Креативтілік

STEAM әдісінің бірегейлігі – өнер элементтерін (Arts) енгізуінде. Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту арқылы оларды сыни ойлауға және инновациялық шешімдер табуға ынталандырады. Мысалы, биология сабағында табиғи процестерді өнер арқылы көрсету оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыра алады.

4. Проблемаларды шешу

STEAM тәсілі оқушыларды практикалық тапсырмалар орындауға және нақты әлемдегі проблемаларды шешуге шақырады. Оқушылар жобаларды жүзеге асыра отырып, өз бетінше шешімдер табуға, талдау жасауға және инновациялық ойлауды дамытуға мүмкіндік алады. Бұл дағдылар XXI ғасырда маңызды болып табылады.

5. Командалық жұмыс

Оқу процесінде топтық жұмыстар мен ынтымақтастық арқылы оқушылардың әлеуметтік дағдылары дамиды. Олар бірге жұмыс істей отырып, идеяларымен бөліседі, пікір алмасады және бірлесіп шешімдер қабылдайды. Командалық жұмыс оқушыларды сындарлы және қарым-қатынас дағдыларын дамытуға үйретеді [2].

1. Кросс-дисциплинарлық жобалар

- **Жергілікті экожүйелерді зерттеу**: Оқушылар өздерінің тұрғын жерлеріндегі экожүйелерді зерттей алады, табиғатта бақылаулар жүргізіп, жинаған деректерін талдайды. Мысалы, олар жергілікті флора мен фаунаны карталау, жәндіктерді идентификациялау немесе өсімдіктердің өсімін бақылау жобаларын жүзеге асыра алады.
- **Биология мен өнер**: Оқушылар биологиялық тақырыптарға (мысалы, генетика) негізделген көркем шығармаларды жасай алады. Бұл процесс шығармашылықты ынталандырады, сонымен қатар ғылыми концепцияларды визуализациялауға мүмкіндік береді.
- **Далалық зерттеулер**: Оқушылар табиғатта тәжірибелер жасап, экожүйелерді зерттей алады. Мысалы, өсімдіктердің жарыққа немесе ылғалдылыққа реакциясын эксперимент арқылы анықтау.
- **Деректерді талдау**: Оқушылар жиналған деректерді статистикалық бағдарламалар арқылы талдайды, нәтижесінде олар ғылыми әдістерді қолдануды үйренеді.

STEAM технологиясының биология сабақтарында интеграциясы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, оларды терең білім алуға ынталандырады. Кросс-дисциплинарлық жобалар, технологиялық құралдар, креативті өнер элементтері, проблемаларды шешу, топтық жұмыстар және ғылыми зерттеулер STEAM тәсілін тиімді етеді. Бұл әдістер оқушыларға тек биологияны үйретіп қана қоймай, XXI ғасырдың дағдыларына дайын болуға көмектеседі, шығармашылық, сыни ойлау және командалық жұмыс қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Интерактивті оқу процесі

STEAM технологиясының негізгі аспектілерінің бірі – интерактивті оқу процесін ұйымдастыру. Оқушылар сабақ барысында тәжірибелер, жобалар және топтық жұмыстар арқылы белсенді қатысады. Мысалы, экожүйелерді зерттеу немесе генетика бойынша тәжірибелер жүргізу барысында оқушылар нақты мәселелерді шешуге ынталандырылады. Мұндай қатысу

оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың белсенді түрде оқу процесіне тартылуына мүмкіндік береді.

Кросс-дисциплинарлық байланыс

STEAM технологиясы биология пәнін химия, физика, технология және өнермен интеграциялауға мүмкіндік береді. Оқушылар түрлі ғылымдар арасындағы байланыстарды түсініп, биологияның күнделікті өмірмен, технологиямен және экологиямен қалай байланысты екенін зерттейді. Мысалы, генетикалық модификацияланған организмдерді немесе экологиялық жобаларды жасау барысында химиялық реакциялар мен физикалық принциптерді қолдану арқылы білімдерін кеңейтеді. Бұл кросс-дисциплинарлық көзқарас оқушыларға ғылымды кең ауқымда түсінуге мүмкіндік береді.

STEAM технологиясын биология сабақтарында енгізу оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, білім сапасын жоғарылатады. Жоғарыда ұсынылған әдістер мен жобаларды қолдану арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен практикалық дағдылары дамиды, әрі олар биологияны қызықты әрі маңызды ғылым ретінде қабылдайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Бектұрғанова, А. Инновациялық білім беру: STEAM технологиясының негіздері. Алматы: Рауан, 2019.

2.Құдайбергенова, Г. STEAM білім беру: Қазақстандағы тәжірибесі. Нұр-Сұлтан: Қазақ университеті, 2020.

3.Brophy, S. P., & Alleman, J. (2006). "Integrating Science and Mathematics: A Study of Two Middle Schools." International Journal of Science and Mathematics Education, 4(3), 369-386.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМЫТУДАҒЫ YOU TUBE ПЛАТФОРМАСЫНЫҢ РӨЛІ

Нургалиева Гульназ Советовна

Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы білім беру басқармасының «Дарынды ер балаларға арналған «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» лицей-интернаты» ағылшын тілі пәні мұғалімі

Түйін сөздер:

YouTube, коммуникативтік құзыреттілік, цифрлық медиа, студенттердің ынталануы, прагматикалық құзыреттілік, «қабылдауға түсінікті тілдік материал».

Аннотация:

Бұл мақалада YouTube платформасының білім беру саласында ағылшын тілі оқушыларының коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға әсері қарастырылады. Мақалада ағылшын тілін шетел тілі ретінде үйренушілер мысалға алынып, платформаның тыңдалым, сөйлеу еркіндігі, түсіну, тілдік кіріспе және мәдениетаралық қарым-қатынасқа қалай әсер ететіні айтылады.

Цифрлық дәуірде білім беру жүйесінде технологиялардың тез дамуы үлкен өзгерістерге әкелді. Осы инновациялардың ішінде YouTube платформасы тілдік материалдарға қол жеткізу, оны өңдеу және қолдану тәсілдерін түбегейлі өзгерткен ықпалды құрал ретінде ерекшеленеді. Бүгінде әлем бойынша 2,7 миллиардтан астам қолданушысы бар YouTube шынайы, динамикалық және мәдени тұрғыдан алуан түрлі контенттің мол қорын ұсынады. Көрнекі және есту материалдарын үйлестіре отырып, YouTube оққшылардың коммуникативтік дағдыларын дамытуда ерекше маңызға ие. Бұл мақалада YouTube-тың сөйлеу, тыңдау, еркін сөйлеу, айтылым, прагматикалық түсінік және мәдениетаралық қарым-қатынас секілді тілдік құзыреттерге қалай ықпал ететіні қарастырылады.

Білім беру саласындағы **коммуникативтік дағдылар**, әдетте, тілді адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы ретінде тиімді пайдалану қабілетін білдіреді. Canale және Swain (1980) пікірінше, коммуникативтік құзыреттілік грамматикалық, әлеуметтік-лингвистикалық, дискурстық және стратегиялық компоненттерден тұрады. Бұл компоненттер академиялық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынаста табысты болу үшін маңызды. Цифрлық медианың кең таралуына байланысты

дәстүрлі тіл оқыту әдістері YouTube секілді мультимедиялық құралдармен толықтырылуда, бұл ағылшын тілін меңгеру үдерісін жаңаша бағытқа бұрды. YouTube оқушыларға тілді табиғи ортада қолданатын адамдарды бақылап, олардың сөйлеу үлгілерін үйренуге мүмкіндік береді. Мәтіндердегі жаттанды диалогтарға қарағанда, YouTube-тағы бейнелер шынайы сөйлеу стилі, бейресми сөз тіркестері мен мәдени сілтемелерді қамтиды. Бұл прагматикалық құзыреттілікке ықпал етіп, тілді тек грамматика мен сөздік қор тұрғысынан емес, жан-жақты меңгеруге мүмкіндік береді. Watkins пен Wilkins (2011) зерттеулері аудиовизуалды контенттің тілдің қабылдау және айту дағдыларына оң әсер ететінін көрсетеді. BBC Learning English, TED-Ed және EnglishClass101 секілді білімге бағытталған арналар тіл үйренушілерге арналған арнайы контент ұсынады. Сонымен қатар, блогтар, сұхбаттар мен деректі фильмдер бейресми және жартылай ресми тіркестерді меңгеруге жағдай жасайды. Бұл оқушылардың тыңдалым, сөздік қоры, айтылым және вербалды емес коммуникацияны тану дағдыларын дамытады.

Тыңдалым — тілдік қарым-қатынастағы маңызды дағды. YouTube әртүрлі акценттер мен сөйлеу қарқынын қамтитын бейнелер ұсынады. Көптеген бейнелер субтитрмен жабдықталған, бұл тыңдалған сөзді жазбаша мәтінмен салыстырып, декодтау қабілетін жақсартады. Диалогтар мен әңгімелерді бақылау арқылы оқушылар сөйлемдердің интонациясын, екпінін және ырғағын түсінеді, бұл көбіне сыныптағы оқытуда назардан тыс қалып жатады. Cross (2011) зерттеуі тұрақты түрде YouTube қолданатын оқушылардың логикалық жүйелі сөйлеуді және жылдам айтылған сөзді жақсы түсінетінін анықтады. Сонымен қатар, YouTube бейнелерін тоқтату, қайта көру және сөйлеуді қайталау мүмкіндігі айтылым мен еркін сөйлеуді жақсартады.

YouTube платформасы Zoom немесе Google Meet сияқты интерактивті болмаса да, сөйлеу дағдыларын жанама түрде дамытуға ықпал етеді. Тіл үйренуші бейнелерді көріп, спикер сөзін қайталау арқылы сөйлеу машықтарын жетілдіре алады. Бұл әдіс шынайы тіл ортасына қол жеткізе алмайтындар үшін өте тиімді. Сонымен қатар, контент авторлары пікір жазуға ынталандырып, аудиториямен қарым-қатынас орнатады. Оқушылар пікір жазу арқылы бейнеге қатысты өз ойларын білдіріп, сабақта пікірталас жүргізуге негіз жасай алады. Оқушылардың өздерінің блогтары немесе бейне таныстырылымдарын жасауы – ауызекі сөйлеу дағдыларын, тыңдаушыны түсіну мен сөйлеу құрылымын дамытуға көмектеседі. YouTube платформасының негізгі артықшылықтарының бірі – оның мотивациялық мүмкіндіктері. Оқушылар өз қызығушылықтары бойынша бейнелер таңдай алатындықтан, бұл оқуға деген қызығушылықты арттырады. Krashen (1982) ұсынған «қабылдауға түсінікті тілдік материал» (comprehensible input) теориясы бойынша, тіл үйрену тиімді болу үшін оқушы түсіне алатын материалды төмен күйзеліс жағдайында қабылдауы керек. YouTube-тың бейресми, көңілді әрі өзіндік қарқынмен көруге болатын мазмұны осы талаптарға сай келеді. Оқушылар өздеріне ұнайтын бейнелерді қайта-қайта қарап, өздігінен сөйлеп үйренуге мүмкіндік алады. Мұндай қайталанатын тәжірибе еркін сөйлеу мен сенімділікті арттырады. Сонымен қатар, YouTube-ты қолдану тіл үйренушілерге оқу үдерісін өз бетімен басқаруға мүмкіндік береді, бұл – коммуникативтік құзыреттіліктің маңызды құрамдасы.

YouTube – **түрлі мәдениеттер** мен әлеуметтік нормаларға жол ашатын терезе. Тілді мәдени контекстен тыс үйрену мүмкін емес. Бейнематериалдарда түрлі ұлт өкілдерінің сөйлеу мәнері, дене тілі мен әлеуметтік нормаларын көру арқылы оқушы мәдениетаралық коммуникация дағдыларын дамытады. Мысалы, басқа елдердегі күнделікті өмірді сипаттайтын блогтар арқылы сәлемдесу, сыпайылық, әзіл және жанама сөйлеу секілді прагматикалық элементтердің мәдени ерекшеліктерін байқауға болады. Мұндай тәжірибе оқушының тілдік қарым-қатынасын әлдеқайда жан-жақты әрі тиімді етеді. YouTube қолданудың **артықшылықтарымен қатар, бірқатар қиындықтары** бар. Біріншіден, мазмұн көлемінің көптігі оқушыны шатастыруы мүмкін, әрі барлық бейнелер сапалы және тілдік тұрғыдан дұрыс бола бермейді. Мұғалімдер мен оқушылар сол себепті материалды мұқият іріктеуі тиіс. Екіншіден, бейнелерді жай көру тіл үйренуге автоматты түрде ықпал етпейді. Құрылымдалған тапсырмалар мен рефлексиясыз, бейнені қарау пассивті әрекетке айналуы мүмкін. Сондықтан мақсатқа бағытталған қолдану қажет. Сонымен қатар, кейбір оқушылардың интернет пен құрылғыларға шектеулі қолжетімділігі – теңсіздік мәселесін туындатады. Ашық мазмұн оқушыларды әдепсіз тілге

немесе мәдени тұрғыдан жағымсыз көріністерге ұшыратуы мүмкін, сондықтан бейнелерді оқушыға ұсынбас бұрын алдын ала тексеру маңызды.

YouTube-тың тілдік дағдыларға оң әсері бойынша **бірнеше зерттеулер** бар. Мысалы, Alwehaibi (2015) зерттеуі бойынша, YouTube қолданған Сауд Арабиясы мектеп оқушыларының тыңдалым және сөйлеу қабілеті айтарлықтай жақсарған. Kabooha және Elyas (2018) зерттеуі де YouTube-тың оқушылардың белсенділігі мен сөйлеу нәтижесіне оң әсер еткенін көрсетті. Wang және Vasquez (2012) жүргізген зерттеуде ESL студенттері YouTube арқылы бейресми тіркестер мен шынайы диалогтарды үйреніп, өздерін сенімді сезінгенін жеткізген. Бұл деректер YouTube-ты қосымша тіл үйрету құралы ретінде пайдаланудың тиімділігін дәлелдейді.

Қорытынды

YouTube платформасы оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытуда жаңа мүмкіндіктер ашты. Оның шынайылығы, қолжетімділігі және мазмұндық алуан түрлілігі тілді үйренудің тиімді жолдарын ұсынады. Тыңдалым мен айтылымды дамыту, мәдени танымды кеңейту мен мотивацияны арттыру тұрғысынан YouTube айтарлықтай үлес қосады. Алайда оның тиімділігі мазмұнды дұрыс іріктеу мен оқушыларды белсенді тартуға байланысты. Цифрлық сауаттылық дәуірінде YouTube ағылшын тілін үйренушілердің тілдік құзыреттілігін қалыптастыруда маңызды құрал болып қала бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Alwehaibi, H. O. (2015). The impact of using YouTube in EFL classrooms on enhancing EFL students' content learning. *Journal of College Teaching & Learning*, 12(2), 121–126.
2. Canale, M., & Swain, M. (1980). Theoretical bases of communicative approaches to second language teaching and testing. *Applied Linguistics*, 1(1), 1–47.
3. Cross, J. (2011). Comprehending fast speech: A problem for listening. *System*, 39(2), 151–163.
4. Kabooha, R. H., & Elyas, T. (2018). The effects of YouTube in multimedia instruction for vocabulary learning: Perceptions of EFL students and teachers. *English Language Teaching*, 11(2), 72–81.
5. Krashen, S. D. (1982). *Principles and Practice in Second Language Acquisition*. Pergamon.
6. Wang, Y., & Vasquez, C. (2012). Web 2.0 and second language learning: What does the research tell us? *CALICO Journal*, 29(3), 412–430.
7. Watkins, J., & Wilkins, M. (2011). Using YouTube in the EFL classroom. *Language Education in Asia*, 2(1), 113–119.

СОВРЕМЕННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ОБРАЗОВАНИИ: ТРАНСФОРМАЦИЯ УЧЕБНОГО ПРОЦЕССА В ЭПОХУ ЦИФРОВИЗАЦИИ

Нуркебаева Раушан Сайлаубековна

Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа №43 отдела образования акимата города Тараз управление образования акимата Жамбылской области»

учитель начальных классов

Город Тараз. Республика Казахстан

Аннотация

В статье рассматривается влияние современных цифровых технологий на трансформацию учебного процесса в условиях цифровизации образования. Актуальность темы обусловлена необходимостью адаптации системы образования к требованиям XXI века и стремительным развитием информационно-коммуникационных технологий. Освещаются ключевые направления цифровой трансформации: интерактивное обучение, персонализированные цифровые платформы, виртуальная и дополненная реальность, мобильное обучение и геймификация. Особое внимание уделено преимуществам цифровизации, а также вызовам, возникающим в процессе её внедрения.

Подчеркивается важность комплексного подхода для формирования готовности педагогов и учащихся к новым условиям образовательной среды.

Ключевые слова: цифровизация образования, современные технологии, цифровая трансформация, геймификация, цифровые ресурсы.

Цифровизация образования представляет собой не просто внедрение технологий в учебный процесс, а глубокую трансформацию образовательной среды, целей и методов обучения. Современные учащиеся растут в условиях цифрового общества, и традиционные методы обучения уже не обеспечивают полноценной подготовки к жизни и профессиональной деятельности. Цифровые технологии становятся основой обучения, изменяя роль учителя и самого учащегося.

Направления цифровой трансформации образования

1. Интерактивные и мультимедийные технологии

Использование интерактивных досок, презентаций, видеоуроков делает процесс обучения более наглядным и доступным. Ученики лучше усваивают материал, активно включаются в работу, а учитель может эффективно управлять вниманием и вовлечённостью всего класса.

2. Адаптивное и персонализированное обучение

Цифровые платформы позволяют строить индивидуальные образовательные траектории. Алгоритмы подстраиваются под темп ученика, предоставляют обратную связь, предлагая упражнения соответствующего уровня сложности.

3. Дополненная и виртуальная реальность

Технологии VR и AR позволяют моделировать исторические события, проводить виртуальные эксперименты или путешествовать по Солнечной системе, делая обучение увлекательным и глубоко погружающим.

4. Мобильное обучение

Использование смартфонов и планшетов позволяет получать знания вне школы, проходить тесты онлайн, смотреть обучающие видео и участвовать в образовательных играх.

5. Геймификация

Применение игровых элементов (баллы, уровни, конкурсы, виртуальные награды) усиливает интерес к обучению, особенно у младших школьников, и помогает формировать метапредметные навыки, такие как коммуникация, критическое мышление и самооценка.

Преимущества цифрового образования

- Доступность: Возможность учиться в любом месте и в удобное время.
- Гибкость: Индивидуальный темп, выбор заданий и уровня сложности.
- Развитие компетенций XXI века: Критическое мышление, работа с информацией, цифровая грамотность.
- Участие родителей: Цифровые платформы позволяют родителям отслеживать успеваемость и поддерживать обучение дома.

Проблемы и вызовы

Несмотря на преимущества, внедрение цифровых технологий в образование сопровождается рядом сложностей:

- Неравенство доступа к технике и интернету между семьями.
- Нехватка качественных заданий и платформ, адаптированных к возрасту детей.
- Низкий уровень цифровой компетенции у части педагогов.
- Перегрузка учащихся при чрезмерном использовании онлайн-среды.
- Проблемы с безопасностью и кибергигиеной.

Пути решения

1. Проведение курсов цифровой грамотности для педагогов и родителей.
2. Создание школьного банка функциональных заданий.
3. Разработка методических рекомендаций по геймификации и использованию VR/AR в обучении.
4. Внедрение цифровой гигиены в уроки информатики и воспитательные часы.
5. Техническое переоснащение школ: обеспечение доступа к Wi-Fi, планшетам, мультимедийным классам.

Заключение

Современные технологии в образовании — это не временный тренд, а необходимость. Они не заменяют учителя, но становятся его мощным инструментом. Успешная трансформация возможна при наличии продуманной стратегии, технической базы и готовности всех участников образовательного процесса. В эпоху цифровизации школа становится не просто местом получения знаний, а средой для развития гибкости, самостоятельности и ответственности ученика.

Список литературы:
1. Ф. В. Шарипов, В. Д. Ушаков Москва: Университетская книга, 2020. — 304 с.
2. Н. В. Никуличева : Дистанционное обучение: от внедрения до реализации.

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Нурмухаметова Марзия Иденовна
«Спортта дарынды балаларға арналған ШҚО олимпиада резервінің мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі» КММ, тәрбиеші, ШҚО Өскемен қаласы

Баяндаманың мақсаты: Цифрлық технологияны қолданудың маңызы, жеке тұлғаны қалыптастырудағы мәні, білім саласындағы үлесін атап өту, жаһандық дамуға әсерін баяндау.

Баяндаманың міндеті: Озық технологиялар арқылы жаңаша оқыту формаларын құру, оны заман талабына сай қолдана білу дағдыларын ашып көрсету.

Цифрлық технология термині (digital technologies) ағылшын тіліндегі педагогикалық әдебиеттерде қолшатыр термині ретінде қолданылады. Оның ішіне әр түрлі жақында пайда болған ***(бұлтты, мобильді, ақылды технологиялар)*** және дәстүрлі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар кіреді.

Цифрлық технологиялар – бұл ақпараттық қоғамдағы өмірге бейімделген тұлғаны тәрбиелеуді қарқындату және оңтайландыру мәселелерін табысты шешетін құрал. Цифрлық әлемге өту соңғы уақытта қарқынды дамып келеді. Бүгінгі күні цифрлық технологиялар жаһандық экономикалық дамудың негізгі факторларының біріне айналып отыр. Бүгінгі таңда өмірімізді, адамзат дәуірінің дамуын заманауи технологиясыз елестету мүмкін емес.

XXI ғасыр – озық технологиялар ғасыры. Сондықтан білім беру жүйесінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану – заман талабы. Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын ғана емес, оның жеке тұлғасын, білім алу арқылы азамат ретінде дамуын қойып отыр. Жаңаша оқыту технологиясы – белгіленген мақсатқа нәтижелі қол жеткізуді қамтамасыз етуде оқытудың формасы, әдістері мен құралдарын ашып көрсетіп, оқу бағдарламасында белгіленген оқытудың мазмұнын жүзеге асыру тәсілі.

Әр жаңа технология, жобалар білім саласындағы жаңалықтардың басты мақсат, міндеттерін қамтиды. Білім беру жүйесі тиімділігінің басты көрсеткіштерінің бірі – білім сапасы. Заманауи технологияның мүмкіншілігі күн санап артып келеді. Болашақтың айқын бағдары компьютерлік жүйені игеріп, кез-келген адам жұмыс жасауға қабілетті болуында жатыр. Бүгінгі таңда электронды қызметтің артықшылығын тиімді пайдалану тетігін жекелеген адамзатқа меңгерту – басты талап. Бұл технология адам өмірі үшін өте маңызды факторға ие болды, бұл олардың өміріндегі әрбір әрекетті тез, жеңіл және тиімді етуге жол салып отыр.

Білім саласында цифрлық сауаттылық үздіксіз білім берудің барлық деңгейлерін қамтиды. Ақпараттық сауаттылық дегеніміз цифрлық ресурстарды пайдалана алу іскерлігі, жаһандық деңгейде ойлана алу, үздіксіз түрде білім алу т.б. болып табылады.

Бүгінде әлем халқының 90%-ы мобильді байланысты белсенді тұтынушылар қатарына кірсе, шамамен 2 млрд-тай адам интернет желісіне еркін қол жеткізу мүмкіндігіне ие. Интернет желісі ақпаратты іздеу және тасымалдау құралы, сондай-ақ виртуалды қарым-қатынас пен өзара іс-қимыл ортасы бола отырып, тұлғаның мінез-құлық стереотиптерінің, сондай-ақ

идеалдарының, рухани құндылықтарының, жеке және қоғамдық дүниетанымының қалыптасуына айтарлықтай өз ықпалын тигізеді.

Бүгінгі таңда білім берудегі заманауи технологияларды пайдалана отырып, қысқа уақыт ішінде қашықтықтан толыққанды білім алуға болады. Қазір оқытушы мен студент арасындағы қарым-қатынастың жаңа тәсілдері пайда болды. Білім беру мекемесін тұрғылықты жеріне емес, оқу сапасына қарай таңдайтын уақыт келді. Осы орайда, білім саласын жетілдіруде жаңа технологиялардың әсері қандай деген сұрақ ойландырады.

Ақпараттық технологиялардың білімге әсері

Интернет білім беруге түзетулер енгізді. Өзгерістер оқыту әдістеріне де, білім беру процесін ұйымдастыруға деген көзқарастарға да әсер етті. Білім беру жүйесі әлемдік ақпараттық кеңістікпен бірігу кезеңінен өтуде. Ақпараттық технологиялар материалды ыңғайлы және қолжетімді үйренудің заманауи әдістерін қолдануға мүмкіндік береді.

2020 жылы әлемде коронавирус – COVID-19 белсенді таралды. Көптеген елдер бұқаралық іс-шараларды өткізуге шектеулер енгізді, адамдар көп жиналатын орындарға баруға тыйым салынды. Мектептерде, колледждерде және басқа ұйымдарда қашықтықтан оқыту нысандары енгізілді.

Электрондық білім беру және қашықтықтан оқыту технологиялары адамдарға біліктілігін арттыруға, кәсіптік қайта даярлаудан өтуге және өндірістен қол үзбей қысқа мерзімді оқытудан өтуге мүмкіндік берді. Оқушылар мен студенттер оқуды тоқтата алмады, бірақ ақпарат алудың жаңа тәсілдеріне бейімделе алды.

Білім беруде жаңа технологиялардың артықшылықтары

Қашықтықтан оқыту технологияларының бірқатар артықшылықтары бар:

– ыңғайлы жерде оқыту;

– тайм-менеджмент дамыту – оқуды уақытылы жоспарлау;

– ақпаратты жылдам және оңай іздеу;

– ақпараттық технологияларды қолдану тәсілдері бойынша білімді жетілдіру.

Электрондық оқыту және қашықтықтан оқыту ұстаздар қауымын оқытудың жаңа әдістерін меңгеруге мен сабақ формаларын өзгеше құруға жетелейді. Нәтижесінде тәжірибелі мұғалімнің практикалық дағдылары мен қызмет бағыты туралы жаңа теориялық ақпаратты біріктіретін оқыту жүйесін жақсартуға болады.

Материалмен танысу үшін компьютерді пайдалану абстрактілі ойлауды дамытады. Ол үшін бейнелер, аудио файлдар, презентациялар және тағы басқалар қолданылады. Мысалы, мұғалім интерактивті тақтаны, материалдарды көрнекі түрде көрсету үшін бейнелерді және т. б. пайдалана алады.

Педагогикалық технологияның тиімді тұстары:

1. Оқушы өз бетінше жұмыс жасауға мүмкіндік алады, соған үйренеді;

2. Білім алушының жеке қабілеті анықталады;

3. Оқушылар арасында бәсекелестік пайда болады;

4. Тапсырманың күрделену деңгейіне сәйкес білім алушының ойлау, орындау қабілеті артады;

5. Өзін-өзі тексеруге дағдыланады;

6. Мұғалім жекелеген білім алушыларға көмектесуге мүмкіндік алады;

7. Орындау қабілетіне қарай бағаланады.

Ұстаз әр түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, білім алушылардың тыңдалым мен айтылым дағдылары арқылы өздігімен жұмыс істей білуге, оқылым және жазылым дағдылары арқылы ой белсенділігі мен тіл байлығын арттыра түсуге қол жеткізе алады.

Әр ұстаз оқу-тәрбие жұмысына шығармашылықпен қарап, жаңа заман талабына сай, сабақты түрлендіру мақсатында оқытудың түрлі әдіс - тәсілдерін пайдаланса, игі нәтижеге жетері сөзсіз.

Адамзат қауымы жыл санап емес, ай санап, тіпті апта мен күн санап цифрландыру заманының сиқырлы әлеміне еніп барады. Цифрландыру технологиялары дегеніміз – бұл бұрын-сонды адамзат бастан кешпеген ғажайып әлемнің жаңа құралдары. Қазіргі күні бұл

технологиялар жасақталу үстінде. Олар қазірдің өзінде біз тамсанып айта беретін ақпараттық технологиялардың өзін жолда қалдыра бастады.

Әр ұстаз күнделікті сабақта өз ісін зерттеп, жаңашыл әдіс-тәсілдермен оқушының білім сапасын арттыруы керек. Соның бірі – ақпараттық технология. Оқыту үрдісінде ақпараттық технологияны қолдану білім сапасын жақсартуға көмектеседі. Сонымен бірге кейде қол жетпейтін көрнекіліктерді пайдалануға, білім мен мәліметтерді әр түрлі формада ұйымдастыруға, қажетті модульге тез арада қол жеткізуге көмектесе алады.

Сабақтың тартымды өтуі, ұтымды тәсілдерді дұрыс қолдана білу бүгінгі мұғалімнен ізденісті талап етеді. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттар ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту мектептің басты міндеті болып тұр. Ол бүгінгі білім кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару оқытушының қажымас ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасауы керек. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны енгізуді міндеттейді.

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР — ЦИФРЛАНДЫРУ ДӘУІРІНДЕГІ ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

Оразова Лаура Бакытжановна
Ә.Ермеков атындағы №23 орта мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі,
Ақтөбе қаласы

Бұл мақалада цифрландыру дәуіріндегі білім беру жүйесінде орын алған өзгерістер мен заманауи технологиялардың рөлі қарастырылады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы білім берудің мазмұнын, формасын және әдістерін түбегейлі өзгертті. Онлайн оқыту, қашықтан білім беру, цифрлық платформалар мен жасанды интеллектке негізделген құралдар оқыту процесін икемді, қолжетімді және тиімді етуге мүмкіндік береді. Мақалада мұғалім мен оқушы рөлдерінің трансформациясы, цифрлық сауаттылықтың маңызы, сондай-ақ заманауи білім беру жүйесіндегі негізгі қиындықтар мен оларды шешу жолдары талқыланады.

- цифрлық білім
- онлайн оқыту
- қашықтан білім беру
- цифрлық сауаттылық
- жасанды интеллект

Мемлекет басшысы атап көрсеткендей, «елді цифрландыру – бұл мақсат емес, бұл – Қазақстанның абсолюттік артықшылыққа қол жеткізу құралы». Бүкіл процесс жүйелілікті, реттілікті және кешенді тәсілді талап етеді.

XXI ғасыр — технологиялық серпілістер дәуірі. Әлем цифрлық трансформация кезеңін бастан кешіруде, бұл үдеріс білім беру жүйесіне де тікелей әсер етуде. Қазіргі таңда заманауи технологиялар білім беру процесін түбегейлі өзгертіп, дәстүрлі оқыту әдістерін толықтырып қана қоймай, жаңа мүмкіндіктер ашып отыр.

Білім – адамзат дамуының негізі, ал білім беру жүйесі – қоғамның ілгерілеуіндегі маңызды құрал. XXI ғасыр – технологиялар ғасыры. Бұл ғасырдың ең басты ерекшелігі – цифрлық үдерістердің жеделдеуі мен адам өмірінің барлық салаларына терең енуі. Цифрландыру – енді тек техникалық салада емес, сонымен қатар білім беру жүйесінде де жаңа кезеңнің бастауы болды. Бүгінде білім беру процесі тек дәстүрлі форматта ғана емес, заманауи технологиялардың көмегімен де жүзеге асырылуда. Бұл өзгерістер оқушы мен мұғалімнің арасындағы қарым-қатынасты, оқыту әдістерін, білімге деген көзқарасты түбегейлі өзгертуде.

Цифрлық технологиялардың білім беру жүйесіне енуі — уақыт талабы. Қазіргі таңда оқушылар мен студенттер ақпаратты интернет арқылы іздеп, түрлі онлайн платформалардан, бейне-сабақтардан, электрондық оқулықтардан білім ала алады. Бұрын бір кітапты табу үшін кітапханаға бару қажет болса, қазір сол ақпаратты бірнеше секунд ішінде табуға мүмкіндік бар. Бұл – білім алудың жылдам әрі қолжетімді тәсілі. Сонымен қатар, онлайн курстар мен вебинарлар арқылы оқушылар қалаған салада тереңірек білім алып, өз қабілеттерін дамыта алады.

Цифрландыру үрдісі, мінсіз білім беру үдерісі мен сапасына әсер етеді. Мектептік білім беру процесіне енгізілген жаңа технологиялар мектеп оқушыларын қарапайым лекцияларға қарағанда әлдеқайда көп қызықтыра алады.

Осы орайда заманауи технологиялардың бірнеше түрлерін атап өтейін:

1. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ)

АКТ құралдарына компьютер, интерактивті тақта, проектор, планшет, интернет желісі кіреді. Мұндай құралдар арқылы оқушылар түрлі тапсырмаларды интерактивті түрде орындай алады.

2. Сандық платформалар мен мобильді қосымшалар

Мұғалімдер мен оқушылар BilimLand, Kundelik.kz, Google, Gynzy тақтасы, ЖИ, Classroom, Chat GPT, Zoom, Kahoot сияқты платформаларды белсенді қолданады. Бұл құралдар оқытудың сапасын арттырып, кері байланыс жасауға мүмкіндік береді.

3. Мультимедиа және визуалды технологиялар

Видеосабақтар, презентациялар, анимациялар мен бейнежазбалар – оқушылардың визуалды есте сақтау қабілетін арттыратын тиімді әдістердің бірі.

4. Геймификация (ойын арқылы оқыту)

Ойын элементтері оқушылардың белсенділігін арттырып, сабақты қызықты әрі жеңіл түрде меңгеруге көмектеседі.

5. Онлайн және қашықтан оқыту

Интернеттің көмегімен қашықтан білім алу – қазіргі заманғы қажеттілік. Бұл оқушылар мен мұғалімдерге кез келген уақытта және кез келген жерде білім алуға мүмкіндік береді.

Осы аталған заманауи технологияларды қолданудың маңызын да айтпай кетуге болмайды. Заманауи технологияларды қолдану арқылы:

- білім беру процесі жаңаша бағыт алады;
- оқушылардың өзіндік жұмыс істеу дағдылары қалыптасады;
- әр оқушының жеке қабілеттеріне қарай жұмыс жасауға мүмкіндік туады;
- мұғалім мен оқушы арасындағы байланыс нығаяды.

Сонымен қатар оқытудың ақпараттық технологиялары арқылы компьютерлік және ақпараттық сауаттылықты арттыруға болады. Компьютерлік сауаттылыққа электронды есептеуіш техникасымен жұмыс істеу білігін жатқызуға болады. Ақпараттық сауаттылың ақпаратты алудың, қайта жасаудың, жеткізудің, сақтаудың және пайдаланудың негізгі ережелерін білуді көздейді. Сонымен қатар оқу үрдісінде компьютерді пайдалану оқушылардың өзіндік жұмыстарын ақпараттық-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етуге де елеулі өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді, мұндай жаңашыл өзгерісті оқулықтардан бастауға болады. Мұнда дәстүрлі баспа оқулықтарымен қатар оқу үрдісінде электронды оқулықтарды пайдалану көзделеді.

Электронды оқулықтың автоматтандырылған оқу үрдісі ашық дамитын әдістемелік жүйе екендігі белгілі. Сонымен бірге электронды оқулық оқу ақпаратын тасымалдаудың жаңа құралы болып табылады. Онда оқу ақпараты толық мазмұндалып, әр түрлі қосымшалар, анықтамалық материалдар, бақылау тапсырмалары, ұсынылатын әдебиеттер тізімі және тақырыптық ресурстарға сілтемелер беріледі.

Электронды оқулықтың жетістіктері мыналар болып табылады:

- шұғыл кері байланысты қамтамасыз етеді;
- дәстүрлі оқулықта көп іздеуді қажет ететін тиісті ақпаратты тез табуға көмектеседі;

- гипермәтінді түсіндірмелерді бірнеше рет қарап шығу барысында уақытты анағұрлым үнемдеуге мүмкіндік береді;

- қысқа мәтіндермен қатар көрсетеді, әңгімелейді, жобалайды, т.с.с. (мультимедиа-технологияның мүмкіндігі мен артықшылығы тура осы жерде көрінеді);

- әрбір студентке дербестік тұрғыдан қатынас жасауға мүмкіндік беріп, олардың өз бетінше білім алуын қамтамасыз етеді;

- белгілі бір бөлім бойынша білімді тексеруге мүмкіндік туады.

Цифрландыру кезіндегі жаңа мүмкіндіктерді іске асыру үшін мұғалімнің рөлі де өзгерді. Егер бұрын мұғалім тек ақпарат беруші ретінде қарастырылса, бүгінде ол бағыттаушы, кеңесші, шабыт беруші тұлғаға айналды. Заманауи мұғалім ақпаратты жай ғана жеткізумен шектелмейді, сонымен бірге оқушылардың аналитикалық ойлауын, шығармашылық қабілетін, сыни пікір айту дағдыларын дамытуға бағытталған. Цифрлық құралдар мұғалімге оқу процесін бақылауға, оқушының үлгерімін талдауға, жекелей жұмыс жасауға мүмкіндік береді.

Алайда, цифрландыру үдерісі тек артықшылықтармен ғана емес, бірқатар қиындықтармен де қатар жүреді. Ең алдымен, бұл – интернетке қолжетімділік мәселесі. Әсіресе ауылдық жерлерде кейбір оқушылар онлайн білімге толықтай қол жеткізе алмай отыр. Сонымен қатар, барлық мектептер қажетті техникалық жабдықтармен қамтамасыз етілмеген. Мұғалімдердің барлығы жаңа технологияларды меңгеруге дайын емес, кейбіреулері әлі де дәстүрлі әдістермен оқытуға бейім. Бұл мәселелерді шешу үшін мемлекет тарапынан арнайы бағдарламалар, курстар, инфрақұрылымды дамыту шаралары жүзеге асырылуы қажет.

Цифрлық білім беру – бұл тоқтамайтын, үнемі жаңарып отыратын үдеріс. Ол бізден үнемі жаңашылдыққа бейім болуды, үнемі үйреніп отыруды талап етеді. Ең бастысы – бұл өзгерістерден қорықпау, керісінше, оларды өзіміздің мүмкіндігімізге айналдыра білу. Білім алуға деген көзқарасты өзгерту арқылы біз заманауи қоғамның талаптарына жауап беретін, бәсекеге қабілетті ұрпақты тәрбиелей аламыз.

Қорытындылай келе, заманауи технологиялар – болашақтың кепілі. Олар оқытудың сапасын арттырып қана қоймай, білім алушылардың жан-жақты дамуына жағдай жасайды. Сондықтан әрбір ұстаз жаңа технологияларды меңгеріп, оларды тиімді қолдануға ұмтылуы тиіс.

Цифрландыру дәуіріндегі білім беру — бұл жаңа мүмкіндіктер алаңы. Технологиялар адамның шығармашылығын, зерттеу қабілетін, сыни ойлауын дамытуға жол ашады. Егер біз осы үдерісті тиімді пайдалансақ, онда білім беру жүйесі әлдеқайда тиімді, икемді және болашаққа бағытталған болмақ. Бүгінгі таңда технологиямен етене өмір сүретін ұрпақ — ертеңгі инновациялық, интеллектуалды қоғамның негізін қалаушы. Осыны ескере отырып, әрбір оқушы мен ұстаздың басты міндеті — жаңа технологияларды игеріп, білім сапасын арттыруға үлес қосу.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан–2050 стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2012.

2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана, 2007 (2023 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен).

3. Жаңартылған білім беру мазмұны: әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2020.

4. Құсайынов А.Қ. Цифрлық білім: инновациялық бағыттар мен болашағы // Білім берудегі менеджмент, 2022, №2 (58). – Б. 14-19.

САНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫ - КӨРКЕМ ЕҢБЕК САБАҒЫНЫҢ ЖАҢА БАҒЫТЫ

Орымбаева Жәмилә Нұралықызы
№11 М.Окороков жалпы білім беретін мектебінің көркем еңбек пәні мұғалімі,
Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Дербісек ауылы

Бүгінгі білім беру жүйесінде цифрлық технологиялардың маңызы күннен-күнге артып келеді. Әлемдік білім кеңістігіне ену үшін және заман талабына сай оқушыларды тәрбиелеу мақсатында біз жаңа әдіс-тәсілдерді, инновациялық технологияларды тиімді пайдалануға міндеттіміз. Осы тұрғыдан алғанда, **сандық білім беру ресурстары (СББР)** – көркем еңбек пәнін оқытудың жаңа бағыты ретінде өзекті болып отыр.

Көркем еңбек сабағы – оқушылардың шығармашылық қабілетін, эстетикалық талғамын, қол еңбегі дағдыларын қалыптастыратын пән. Дәстүрлі түрде бұл сабақта бояулар, қылқалам, мата, табиғи материалдар қолданылса, бүгінде сабақ мазмұнына **сандық құралдар мен мультимедиялық бағдарламалар** белсенді түрде еніп отыр.

Сандық білім беру ресурстарына – интерактивті тақтада қолданылатын презентациялар, бейне-сабақтар, 3D модельдеу бағдарламалары, сурет салуға арналған мобильді қосымшалар мен онлайн платформалар жатады. Мысалы, **Canva**, **Tinkercad**, **Autodesk Sketchbook**, **ArtRage**, **Google Arts & Culture** сияқты ресурстар арқылы оқушылар тек көркемдік жұмыс жасап қана қоймай, оны сандық түрде түрлендіру, анимациялау, жобалау қабілеттерін дамытады.

1. Canva

Мысал:

Оқушыларға «Қазақтың ұлттық ою-өрнектерімен безендірілген ашықхат жасау» тапсырмасы беріледі. Олар Canva сайтында дайын шаблондарды пайдаланып, қазақы нақыштағы өрнектерді, ұлттық түстерді таңдап, шығармашылық ашықхат немесе баннер жасайды.
Нәтиже: Оқушы дизайн негіздерін үйренеді, ұлттық құндылықтарды заманауи тәсілмен үйлестіруді меңгереді.

2. Tinkercad

Мысал:

«Болашақ үй» жобасы тақырыбында оқушылар өз қиялдарындағы үйдің 3D үлгісін жасайды. Tinkercad платформасында терезе, есік, шатыр, жиһаз секілді бөлшектерді біріктіріп, толық макет құрастырады.
Нәтиже: Оқушы кеңістікті ойлауды, жобалауды үйренеді және инженерлік, сәулет өнеріне қызығушылығы артады.

3. Autodesk Sketchbook

Мысал:

«Менің армандарымдағы қала» тақырыбында оқушылар планшет немесе ноутбук арқылы сандық сурет салады. Autodesk Sketchbook-та түрлі қаламсаптар, бояу текстуралары мен қабаттарды (layers) қолданып, күрделі композициялар жасауға мүмкіндік бар.
Нәтиже: Оқушы сурет салудың цифрлық әдісін меңгереді, түспен және формамен жұмыс істеуді дамытады.

4. ArtRage

Мысал:

«Табиғат көрінісі» тақырыбында оқушылар ArtRage бағдарламасында майлы бояу, акварель, қарындаш сияқты виртуалды құралдарды қолдана отырып, ландшафтық сурет салады.
Нәтиже: Оқушы дәстүрлі сурет салу дағдыларын сандық ортада меңгеріп, өз стилін дамытады.

Бұл ресурстарды қолданудың бірнеше **артықшылығы** бар:

Оқушының қызығушылығын арттырады.

Заманауи технологиямен жұмыс жасау оқушыны ынталандырып, шығармашылыққа баулиды. Мысалы, интерактивті тақта арқылы көркем өнер туындыларын анимациямен көрсету немесе 3D модельдеуді пайдалану балалардың сабаққа деген қызығушылығын арттырады. Оқушы өз

жұмысын экранда бірден көріп, оны жетілдіруге мүмкіндік алады.
Мысал: Сәндік-қолданбалы өнер сабағында оқушылар Tinkercad бағдарламасында өздерінің шағын бұйымдарын (мысалы, кілтке ілетін бейне немесе тұрмыстық заттар) жобалап, кейін оны 3D-принтерде басып шығара алады. Бұл – теория мен практиканы ұштастырудың нақты көрінісі.

Жеке оқытуға жағдай жасайды.

Әр оқушы өз қарқынымен, өз деңгейіне сай жұмыс істей алады. Сандық платформаларда тапсырмалар деңгейлеп берілуі мүмкін: бастапқы деңгей – сурет салу, орта деңгей – графикалық үлгі жасау, жоғары деңгей – цифрлық анимация қосу.
Мысал: Canva платформасында оқушылар ұлттық ою-өрнек элементтерін біріктіріп, жеке композиция жасайды. Кейбірі тек үлгімен жұмыс істейді, ал кейбірі шаблоннан тыс жаңа идея қосады. Мұғалім әр оқушының жұмысын жеке бағалай алады.

Цифрлық сауаттылықты дамытады.

Сандық ресурстарды пайдалану арқылы оқушылар графикалық дизайн, веб-дизайн, 3D модельдеу сияқты қазіргі заманғы кәсіби бағыттармен ерте танысады. Бұл XXI ғасыр дағдыларын меңгерудің бір жолы.
Мысал: Оқушылар PowerPoint, Paint 3D немесе Adobe Express секілді бағдарламаларда өз жобаларын дайындап, цифрлық портфолио жасай алады.

Мұғалім жұмысын жеңілдетеді.

Мұғалім дайын шаблондарды, видео-нұсқаулықтарды, презентацияларды қолданып, сабақты тиімді жоспарлай алады. Қайталау немесе үй тапсырмасы ретінде оқушыларға бейне нұсқаулық сілтемесін жіберуге болады.
Мысал: «Қазақтың дәстүрлі өрнектері» тақырыбында мұғалім дайын инфографика мен бейнероликті интерактивті тақтада көрсетіп, кейін оқушылар сол үлгілерді цифрлық құралда қолдана отырып, өз композициясын жасайды.

Оқу процесін визуалды етеді.

Көрнекі құралдар арқылы жаңа материал тез меңгеріледі. Видеосабақтар, 3D модельдер, анимациялық суреттер арқылы оқушылар деректі оңай қабылдайды.
Мысал: «Сәулет өнері» бөлімінде оқушыларға әлемнің танымал ғимараттарының 3D үлгілерін көрсету – оларды өз жобаларын жасауға шабыттандырады. Мұндай визуалды ақпарат шығармашылық ойлауды оятады.
Сондай-ақ, **STEAM технологиясы** негізінде өнер мен технологияны біріктіру де – көркем еңбектегі жаңа бағыттардың бірі. Мұнда ғылым, техника, инженерия, өнер және математика бір арнаға тоғысып, оқушының кешенді ойлауын дамытады. Мысалы, 3D қаламмен түрлі бұйым жасау, макет құрастыру секілді жобалар оқушыны болашақ инженерлік немесе дизайнерлік бағыттарға жетелейді.

Қорытындылай келе, сандық білім беру ресурстарын көркем еңбек сабағында қолдану – тек уақыт талабы ғана емес, сонымен қатар оқушылардың шығармашылығын дамытудағы тиімді әдіс. Біз, педагогтер, бұл мүмкіндікті дұрыс пайдалана білсек, оқушылардың тек қол еңбегі дағдыларын ғана емес, заманауи цифрлық біліктіліктерін де қалыптастыра аламыз. Осы арқылы көркем еңбек сабағы шынайы шығармашылық зертханаға айналады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Әбенов, С. Жаңа формациядағы мұғалім: кәсіби құзыреттілік моделі / С. Әбенов. – Алматы: Ғылым, 2013. – 172 б.
2.Сәтімбекова, Э. Көркем еңбек: Жалпы білім беретін мектептің 5–9 сыныптарына арналған әдістемелік құрал / Э. Сәтімбекова. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2020. – 112 б.
3.Әбдікәрімова, Г. Инновациялық білім беру технологиялары / Г. Әбдікәрімова. – Алматы: Білім, 2018. – 200 б.
4.Бейсенова, З. Шығармашылық қабілетті дамыту жолдары: Көркем еңбек сабағында заманауи тәсілдер / З. Бейсенова // Білім берудегі менеджмент. – 2021. – №2. – Б. 45–49.
5.Құдайбергенова, К. Инновациялық оқыту технологиялары / К. Құдайбергенова // Қазақстан мектебі. – 2020. – №10. – Б. 14–18.

КАК ПРЕПОДАВАТЬ ПРОГРАММУ "ВЛИЯТЕЛЬНЫЕ ЛИЧНОСТИ И ИХ ЗНАЧЕНИЕ ДЛЯ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА": МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ.

Петренко Наталья Анатольевна
КГУ «Школа-гимназия №20 имени Титова»
учитель истории, Шымкент, Казахстан

Аннотация.

История Казахстана богата выдающимися личностями, оставившими значительный след в развитии культуры, политики, науки и искусства страны. Программа «Влиятельные личности и их роль в истории Казахстана» создана с целью углубленного изучения достижений великих казахстанцев, а также для формирования у учащихся глубокого понимания их влияния на становление и развитие страны. Главной целью программы является знакомство учащихся с важнейшими фигурами истории Казахстана, понимание их вклада в развитие страны, а также развитие у учащихся патриотизма, уважения к национальному наследию и способности критически оценивать исторические события. Программа охватывает периоды, начиная с древних времен и заканчивая современностью, рассматривая фигуры, внесшие вклад в становление Казахстана как независимого и успешного государства. Программа способствует развитию интереса к истории и формированию патриотизма у учащихся. Изучая жизненный путь и деяния великих личностей, учащиеся смогут лучше понять свои корни, осознать значимость культурного наследия и задуматься о своем собственном вкладе в развитие родной страны.

Ключевые слова.

Цифровые технологии, проблемно-ориентированное обучение, трансформация учебного процесса, персонализация обучения, интерактивность, роль педагога.

Преподавание истории Казахстана – это не только передача знаний о значимых событиях, деятелях и процессах, но и воспитание у учеников уважения к прошлому и осознание важности исторических ценностей в жизни современного общества. В условиях быстро меняющихся технологий и информационного общества применение современных методов преподавания становится актуальным, чтобы заинтересовать учащихся, сделать уроки более интерактивными и развивающими. Данный материал освещает современные методы, которые можно использовать на уроках истории Казахстана, делая их интересными, продуктивными и ориентированными на формирование исторической грамотности и патриотизма.

1. Проблемно-ориентированное обучение (Problem-Based Learning, PBL)

Проблемно-ориентированное обучение – это метод, при котором учащиеся изучают тему через решение конкретной исторической проблемы. На уроках истории Казахстана можно предложить учащимся рассмотреть ключевые вопросы, например: «Какие факторы привели к обретению Казахстаном независимости?» или «Как культурные и экономические изменения влияли на развитие Казахстана в советское время?»

2. Проектная деятельность

Проектная деятельность позволяет ученикам самостоятельно исследовать исторические темы и события, создавать презентации, доклады и другие творческие работы. На уроках истории Казахстана проект может быть посвящен таким темам, как «Вклад казахских ханов в развитие государства», «Деятели культуры и искусства Казахстана», «Экономическое развитие Казахстана в XX веке».

3. Исследовательские методы и работа с первоисточниками

На уроках истории Казахстана использование исторических документов, писем, архивных материалов позволяет ученикам почувствовать себя исследователями. Этот метод помогает не только узнать исторические факты, но и критически оценивать информацию, сопоставлять различные точки зрения.

4. Ролевые игры и симуляции

Ролевые игры – это метод, который позволяет ученикам вжиться в роль исторических личностей или участников важных событий. На уроках истории Казахстана можно инсценировать собрание ханов, обсуждение экономических реформ в СССР, совещание по вопросам независимости.

5. Геймификация

Геймификация, или игровое обучение, делает уроки истории Казахстана более увлекательными и интерактивными. Она включает использование элементов игры, таких как викторины, квесты, конкурсные задания, которые помогают учащимся лучше запомнить исторические факты и даты.

6. Использование цифровых технологий и мультимедиа

На уроках истории Казахстана можно активно применять цифровые технологии, такие как интерактивные карты, виртуальные экскурсии, видеоуроки, подкасты. Технологии помогают визуализировать исторические события, что делает обучение более понятным и доступным.

7. Дискуссии и дебаты

Дискуссии и дебаты способствуют развитию критического мышления и способности аргументировать свою точку зрения. В ходе обсуждений ученики лучше понимают сложность исторических процессов и учатся уважительно выслушивать мнения других.

Современные методы на уроках истории Казахстана помогают сделать процесс обучения более интересным и продуктивным. Использование проектной деятельности, проблемно-ориентированного обучения, цифровых технологий и других методов позволяет активизировать познавательную деятельность учащихся, развить у них критическое мышление и интерес к изучению истории родной страны. Такие методы позволяют преподавателям не только передавать знания, но и воспитывать патриотизм, уважение к культурному наследию и стремление к познанию.

Основные формы и методы работы

1. Лекционные и интерактивные методы преподавания

- **Лекции с элементами интерактивности**: Уроки, посвященные каждой личности, могут начинаться с краткого обзора биографии. Важно вовлекать учащихся в обсуждение ключевых моментов жизни и достижений личности через вопросы, задания и мини-обсуждения.
- **Метод исторического портрета**: Учитель совместно с учениками «рисует» портрет исторической личности, описывая ее качества, вклад и историческое значение. Это позволяет учащимся ближе познакомиться с человеком и понять его мотивы.

2. Проектная деятельность

- **Исследовательские проекты**: Учащиеся выбирают одну из значимых личностей для более глубокого исследования. Они собирают информацию, анализируют источники и представляют результаты в виде презентации или эссе.
- **Групповые проекты**: Группы учащихся могут совместно работать над исследованием нескольких личностей или сравнивать исторические фигуры по их вкладу в различные сферы (наука, культура, политика).

3. Дискуссии и дебаты

- **Обсуждение значимости достижений**: Учитель задает вопросы для обсуждения: «Как бы развивался Казахстан без вклада этой личности?», «Какие качества этой личности особенно важны?».
- **Дебаты**: Учащимся предлагается обсудить значимость разных деятелей для страны и аргументировать, почему тот или иной человек оказал большее влияние на развитие Казахстана.

4. Работа с первоисточниками и дополнительными материалами

- **Анализ документов и писем**: Использование исторических документов, писем, биографий для изучения жизни и вклада каждой личности. Учащиеся анализируют тексты, высказывают мнения и делают выводы.
- **Видео и аудиоматериалы**: Использование фильмов, документальных видео и интервью для погружения в исторический контекст и понимания культурных и исторических аспектов.

5. Творческие задания

• **Сочинения и эссе**: Учащимся предлагается написать эссе или мини-сочинение о том, как достижение определенной личности повлияло на Казахстан, что лично они могли бы перенять из жизненных принципов и опыта этого человека.

• **Ролевые игры и театрализация**: Создание сценок, которые изображают ключевые моменты из жизни деятелей. Это может быть диалог с воображаемым интервьюером, сцена встречи или важное событие, которое сыграло роль в жизни исторической фигуры.

6. Кроссворды, викторины и игры

• **Викторины**: Проведение викторин, вопросов на знание биографий личностей, их достижений и исторических фактов. Это укрепляет знания и поддерживает интерес к теме.

• **Кроссворды и пазлы**: Учащиеся решают кроссворды и собирают пазлы на тему исторических личностей, что помогает закрепить материал.

Оценивание и рефлексия

1. Тестирование и контрольные работы

• Тесты и контрольные работы с вопросами по биографиям и вкладу личностей позволяют оценить знания учащихся.

2. Самооценка и взаимная оценка

• Включение методик самооценки и взаимной оценки. Учащиеся анализируют свои достижения и дают обратную связь друг другу, что помогает развить навыки критического мышления.

3. Рефлексия

Современное образование находится на этапе активной цифровизации, одной из центральных составляющих которой является внедрение технологий искусственного интеллекта. ИИ постепенно становится важнейшим инструментом в педагогической практике, изменяя способы взаимодействия между участниками учебного процесса, содержание образовательных программ и формы контроля знаний.

Искусственный интеллект в образовании используется в нескольких ключевых направлениях. Во-первых, это персонализированное обучение, при котором ИИ адаптирует содержание под индивидуальные особенности учащегося: уровень знаний, скорость усвоения, предпочтительные форматы информации. Такие платформы, как Khan Academy или Duolingo, уже демонстрируют эффективность адаптивных методов.

Во-вторых, ИИ применим для автоматизации оценки: системы распознают и проверяют тестовые задания, эссе и даже устные ответы. Это не только экономит время преподавателя, но и делает процесс проверки более объективным.

Третьим направлением является использование интеллектуальных помощников и чат-ботов, которые сопровождают учащихся вне уроков, дают пояснения, подсказывают решения, направляют к нужным источникам. Такие технологии активно применяются в дистанционном обучении и обеспечивают постоянную поддержку обучающегося.

Важную роль играет и аналитика больших данных, с помощью которой можно выявлять тенденции в успеваемости, анализировать пробелы в знаниях, прогнозировать результаты экзаменов. Это позволяет выстраивать эффективные педагогические стратегии на уровне как отдельного ученика, так и всей школы.

Однако использование ИИ сопровождается рядом вызовов. Среди них – защита персональных данных учащихся, возможная зависимость от цифровых решений, необходимость переобучения педагогов. Возникают и этические вопросы: например, кто несёт ответственность за ошибочные рекомендации ИИ?

Для успешной интеграции ИИ в учебный процесс важно готовить педагогов, обладающих цифровыми компетенциями, а также разрабатывать нормативную базу, регулирующую эти процессы. Цифровизация образования требует системного подхода: сочетания инновационных технологий с гуманистическими принципами педагогики.

Таким образом, искусственный интеллект открывает широкие возможности для трансформации образования. Он может стать союзником учителя в повышении качества обучения, при условии ответственного, осознанного и научно обоснованного подхода к его внедрению.

Список литературы:

1. Андреев А.А. Искусственный интеллект в образовании: вызовы и возможности. – М.: Просвещение, 2021.
2. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. – М.: Народное образование, 2020.
3. Holmes W., Bialik M., Fadel C. Artificial Intelligence in Education: Promises and Implications. – CCR, 2019.
4. Козлова Н.А. ИИ в школе: от мечты к практике // Современная школа. – 2024. – №4.
5. Образовательная платформа "BilimLand". – URL: https://bilimland.kz

СОВРЕМЕННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ОБРАЗОВАНИИ.

Фархатова Әйгерім Фархатқызы
учитель русского языка и литературытКГУ средней школы имени В.Г,Белинского
г. Каскелен, Карасайский района, Алматинская область
Республика Казахстан

Аннотация

В статье рассматриваются ключевые современные образовательные технологии, оказывающие значительное влияние на процесс обучения. Анализируются такие направления, как электронное и мобильное обучение, искусственный интеллект, виртуальная и дополненная реальность, геймификация и облачные технологии. Особое внимание уделено их применению в образовательной практике и влиянию на мотивацию учащихся и повышение эффективности обучения.

Ключевые слова: образование, цифровые технологии, e-learning, VR, ИИ, геймификация, облачные сервисы, цифровая школа.

Введение

Современная система образования претерпевает значительные изменения благодаря внедрению цифровых технологий. Традиционные методы уступают место новым формам, основанным на интерактивности, персонализации и доступности. Эти изменения способствуют формированию гибких и более эффективных образовательных траекторий для учащихся.

Основные современные технологии образования

1. Электронное обучение (e-learning)

E-learning позволяет ученикам получать знания в удобное время и в удобном формате. Платформы, такие как Coursera, Stepik и Khan Academy, предоставляют доступ к курсам по различным дисциплинам. Учителя могут использовать Google Classroom или Moodle для организации дистанционного обучения.

2. Мобильное обучение (m-learning)

Смартфоны и планшеты стали неотъемлемой частью образовательного процесса. Мобильные приложения, такие как Duolingo или Photomath, способствуют усвоению знаний вне стен школы и делают процесс обучения непрерывным.

3. Искусственный интеллект (ИИ)

ИИ в образовании применяется для адаптивного обучения, автоматической проверки заданий, рекомендаций по улучшению учебного процесса. Примеры: системы Squirrel AI, использование ChatGPT для помощи в учебе.

4. Виртуальная и дополненная реальность (VR/AR)

Виртуальные лаборатории (например, Labster, MEL Science) позволяют проводить безопасные эксперименты, а AR-технологии помогают визуализировать сложные процессы, такие как строение клетки или геометрические фигуры в 3D.

5. Геймификация обучения

Использование игровых элементов (баллы, уровни, значки) повышает мотивацию и вовлечённость. Платформы Kahoot и Quizlet позволяют проводить игровые викторины и повторения в формате соревнований.

6. Облачные технологии

Облачные сервисы (Google Drive, Microsoft OneDrive) обеспечивают коллективную работу, удобное хранение и доступ к материалам. Это особенно важно при проектной деятельности и дистанционном обучении.

Заключение

Современные технологии меняют традиционные подходы к обучению, делая его более доступным, персонализированным и эффективным. Их грамотное использование открывает новые горизонты как для учащихся, так и для педагогов, позволяя строить образовательный процесс на качественно новом уровне.

Список литературы

1. Беспалько В.П. Педагогика и прогрессивные технологии обучения. – М.: Педагогика, 2021.

2. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. – М.: Народное образование, 2020.

3. Mayer, R.E. Multimedia Learning. – Cambridge University Press, 2021.

4. Кухаренко В.М. Дистанционное обучение: теория и практика. – Харьков, 2022.

5. Официальный сайт Labster: www.labster.com

6. Официальный сайт Coursera: www.coursera.org

7. Гаврилова Т.А., Андреева Т.В. Искусственный интеллект в образовании. – СПб.: Питер, 2023.

РАЗВИТИЕ НАВЫКОВ ЧТЕНИЯ НА НАЧАЛЬНОМ ЭТАПЕ ОБУЧЕНИЯ АНГЛИЙСКОМУ ЯЗЫКУ ЧЕРЕЗ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ АКТИВНЫХ МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ

Фельдман Светлана Владимировна
Коммунальное государственное учреждение
«Средняя общеобразовательная школа №39 инновационного типа
с гимназическими классами города Павлодара»
Учитель английского языка
г. Павлодар, Республика Казахстан

Аннотация

Статья рассматривает проблему развития навыков чтения на английском языке у младших школьников с использованием активных методов обучения. Отмечается необходимость раннего освоения навыка чтения как основы будущего языкового успеха. Предлагается применять современные методики, включая игровое обучение, проектные технологии и коллективную деятельность, а также использование в цифровой среде. Цель исследования — создание эффективного учебно-методического комплекса для учителей начальных классов. Апробация показала значительный рост успеваемости и заинтересованности учеников благодаря активным методам обучения.

Ключевые слова: изучение английского языка, обучение чтению, проектная работа, электронное пособие, электронные флип-буки.

Младший школьный возраст охватывает период жизни ребёнка с 6 до 10 лет. Этот этап развития отмечен значительными переменами в психологии, подробно исследованными классиками отечественной педагогической науки: А.Н. Леонтьевым, Д.Б. Элькониным, Л.С. Выготским и Т.К. Мухиной. Эти ученые подчёркивали важность изменений психического состояния, связанных именно с данным возрастом.

Ведущей деятельностью, сменяя игровую деятельность, становится учебная. Учебный процесс создаёт условия для положительного отношения к учёбе, стимулирования познавательной активности и стремления к новым знаниям. Благодаря систематическому

процессу обучения развиваются важнейшие когнитивные способности: восприятие становится сознательным и целенаправленным, увеличиваются навыки анализа и синтеза, позволяющие глубже воспринимать окружающую действительность и видеть взаимосвязи между предметами и событиями. Улучшаются внимание и память, возрастает способность удерживать большие объемы информации и оперировать отвлечёнными понятиями.

Однако обучение иностранному языку, в частности английскому, связано с целым рядом трудностей, особенно в части чтения. Основной причиной трудностей является отсутствие однозначных соответствий между произношением и написанием слов. Историческое развитие языка оставило наследство в виде архаичных орфографических норм, расходящихся с современным произношением. В результате чтение многих слов приходится специально заучивать, ведь один набор букв может иметь разное звучание в зависимости от контекста.

Ещё одной важной особенностью английского языка является огромное количество исключений из общепринятых правил чтения и большая доля заимствованной лексики, сохраняя первоначальную орфографию. Все это увеличивает нагрузку на учащихся и замедляет процесс обучения чтению.

Чтобы облегчить процесс обучения, современные педагоги используют инновационные методы, такие как создание электронных флип-буков. Электронные флип-буки представляют собой цифровые сборники уроков и упражнений, выполненные в виде перелистываемых страничек, которые содержат интерактивные задания, озвученные тексты и рисунки. Создание таких книг вместе с детьми становится частью учебного процесса, мотивирует учащихся и помогает развивать лингвистические компетенции, технические навыки и креативность.

Работа с электронными флип-буками положительно влияет на общее развитие ребёнка: улучшается концентрация внимания, формируются навыки самостоятельного решения задач, повышается общий интерес к изучению языка. Подобные учебные пособия предоставляют широкие возможности для учителей адаптировать материал под индивидуальные потребности каждого ученика, делая процесс обучения более продуктивным и интересным.

Освоение алфавита играет ключевую роль в начальном этапе изучения английского языка. Чтобы заинтересовать детей и упростить этот процесс, преподаватели всё чаще обращаются к использованию электронных флип-буков — интерактивных цифровых пособий, выполненных в формате переворачиваемых страниц. Такие флип-буки содержат красочные иллюстрации, интересные задания и озвученные примеры произношения, привлекая внимание учащихся и способствуя легкому запоминанию букв и их правильной артикуляции.

Знакомство с базовыми принципами чтения начинается с изучения открытых и закрытых слогов, а также особенностей произношения определённых буквосочетаний («ch», «sh»). Электронные флип-буки помогают решать эту задачу, предлагая серию интересных и содержательных упражнений, где каждый ученик получает доступ к необходимым материалам и может повторить правильный вариант прочтения столько раз, сколько потребуется.

Электронные флип-буки эффективны и при работе над уникальным произношением сложных буквосочетаний («th», «ph», «sh», «ch»). Сочетание интерактивных заданий и прослушивания образцов позволяет русским ученикам уверенно овладевать этими элементами произношения, многократно повторяя их в комфортном режиме.

Современная методика обучения чтению основывается на внедрении активных методов, среди которых важное место занимают электронные флип-буки. Их применение стимулирует активное участие учеников в образовательном процессе, способствует улучшению скорости распознавания слов, увеличению концентрации внимания и развитию критического мышления. Высокая степень адаптации таких материалов под индивидуальные потребности каждого ученика делает их незаменимым инструментом современного преподавателя.

Исследования показывают, что использование электронных флип-буков повышает интерес учащихся к изучению английского языка, ускоряет темпы усвоения материала и укрепляет веру в собственные силы. Постоянный мониторинг результатов и оперативная коррекция педагогических методик, применяемых в цифровой среде, приводят к значительным успехам в развитии навыков чтения и общем уровне владения языком.Среди эффективных

инструментов выделяются: интерактивные технологии, вовлекающие детей в образовательный процесс, персонализированный подход, учитывающий индивидуальные потребности каждого ученика, широкий спектр мультимедийных материалов, включая компьютерные программы и онлайн-ресурсы.

Методы оценки результата разнообразны: регулярные тестирования, самооценка, внешние экспертные мнения. Итоговые данные подтверждают улучшение показателей чтения, демонстрируя рост уровней владения навыками от начального до высокого.

Подводя итог исследования, мы видим, что внедрение комплексного и индивидуального подхода к обучению английскому языку способно успешно преодолеть возникающие трудности и обеспечить высокий уровень подготовки школьников. Регулярный мониторинг прогресса и своевременная коррекция педагогических методик позволяют достигать устойчивого повышения навыков чтения и общего уровня владения иностранным языком.

Список литературы

1. Исина Ф.Т. Подходы и методы обучения английскому языку в условиях обновления содержания образования // Вопросы науки и образования. 2019. №23 (71). Астана, Республика Казахстан. URL: https://cyberleninka.ru/article/n/podhody-i-metody-obucheniya-angliyskomu-yazyku-v-usloviyah-obnovleniya-soderzhaniya-obrazovaniya (дата обращения: 15.04.2025).

2. Малинина, А.А. Английский язык: учимся правильно читать: для младших школьников/ А.А. Малинина.- 2-е изд.- Минск: Аверсэв, 2012.- 111с.

3. Салтыковская Г.Н., Юрчишина Г.В. Приемы обучения проблемно-поисковому чтению на иностранном языке // Иностранные языки в школе. – 2016. - №2 – с.28-32;

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР : ЦИФРЛАНДЫРУ ДӘУІРІНДЕГІ ЖАҢА БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІ

Хайрулина Кымбат Балмуратовна
Шығанақ Берсиев атындағы Ақтөбе Жоғары аграрлық-техникалық колледжінің
химия пәнінің оқытушысы, Ақтөбе, Қазақстан

Аннотация. Бұл баяндамада білім берудегі заманауи технологиялардың рөлі мен маңыздылығы қарастырылады. Автор цифрландыру дәуірінде білім беру үдерісінің жаңаруы мен цифрлық құралдарды қолданудың тиімділігіне назар аударады. Білім алушылардың білім сапасын арттыруда интерактивті платформалар ықпалы талданады. Баяндамада сонымен қатар заманауи технологияларды білім беру жүйесіне енгізудің артықшылықтары сипатталады.

Кілт сөздер: цифрлық білім беру, заманауи технологиялар, білім беру үдерісі, цифрлық құралдар

Сәлеметсіздер ме, құрметті әріптестер, конференция қатысушылары! Бүгінгі «Білім берудегі заманауи технологиялар: цифрландыру дәуіріндегі жаңа білім беру үдерісі» атты Республикалық ғылыми-практикалық конференция аясында сіздермен өз тәжірибеммен бөлісу мүмкіндігі туғанына қуаныштымын.

Қазіргі уақытта әлем цифрлық дәуірге қадам басты. Бұл өзгеріс барлық салаға, соның ішінде білім беру жүйесіне де өз әсерін тигізіп отыр. Сандық технологиялар білім беру мазмұнына, оқыту әдістеріне, оқушы мен мұғалімнің өзара байланысына түбегейлі өзгерістер енгізді. Цифрлық трансформация – бұл уақыт талабы ғана емес, сонымен қатар сапалы, қолжетімді әрі тиімді білім берудің басты тетігіне айналып отыр.Сондықтан, педагогтер, білім беру ұйымдарының әкімшілері, ғылыми қызметкерлер және осы саладағы барлық мамандар үшін тәжірибе алмасу, жаңа тәсілдерді талқылау, озық үлгілерді тарату – маңызды міндетке айналды. Осы орайда, біз – педагогтер заман талабына сай білім беру әдістерін жетілдіру жолдарын бірлесіп талқылап, тиімді тәжірибелермен алмасуымыз қажет.

Заманауи білім беру — бұл оқушыны білім алудың белсенді қатысушысы ететін үдеріс. Мұндай үдерісте келесідей әдістер кеңінен қолданылуда:

• Геймификация (оқу үрдісін ойын арқылы ұйымдастыру);
• Флиппед-класс (кері оқыту моделі);
• Онлайн және гибридті сабақтар;
• Жекелендірілген оқыту (оқушының жеке оқу траекториясын құру);
• Мобильді оқыту, AR/VR технологиялары.

Бұл тәсілдер оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың цифрлық құзыреттілігін де дамытады.

Бүгінгі оқушы – цифрлық әлемнің тумасы. Олар ақпаратты тез қабылдайды, визуалды және интерактивті мазмұнды жақсы меңгереді. Осыған байланысты, мұғалімдер оқыту әдістерін олардың

сұранысы мен қабілетіне сай бейімдеуі қажет. Бұл жерде креативті, интерактивті, жобалық оқыту әдістері аса маңызды рөл атқарады.

Қазақстанда білім беру саласындағы цифрлық өзгерістерге мысал ретінде келесілерді атап өтуге болады:

• Kundelik.kz – оқу үдерісін автоматтандыру;
• BilimLand, OnlineMektep – мультимедиялық ресурстар негізіндегі оқыту;
• Google Workspace for Education, Moodle – онлайн білім беру құралдары.

Цифрлық құралдарды тиімді қолдану арқылы мұғалім сабақ сапасын арттырып, оқушылармен кері байланысты жақсарта алады.

Цифрландыру – қазіргі қоғамның барлық саласына, соның ішінде білім беру жүйесіне үлкен өзгеріс әкеліп отырған үрдіс. Сандық технологиялар оқу үдерісін жетілдіріп, мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты жаңа деңгейге көтерді. Әсіресе жаратылыстану бағытындағы пәндер, соның ішінде өзімнің мамандығым химия пәні, визуализацияны, тәжірибе жасауды, процестерді модельдеуді қажет ететін күрделі ғылым ретінде цифрлық ресурстардың мүмкіндігін кеңінен қажет етеді.

Химияны оқытуда заманауи цифрлық құралдарды қолдану пәнді оқушыларға түсінікті әрі қызықты етіп жеткізуге зор мүмкіндік береді.

Химия – абстрактілі ұғымдарға бай, теория мен тәжірибені ұштастыратын пән. Бұл пәннің мазмұнын оқушы санасына терең және нақты түрде жеткізу үшін анимациялар, 3D модельдер, виртуалды зертханалар, интерактивті тапсырмалар сияқты цифрлық құралдардың маңызы ерекше.

Қазіргі таңда келесі ресурстар кеңінен қолданылады:

• PhET Interactive Simulations – химиялық құбылыстарды визуалды түрде модельдеуге мүмкіндік береді.
• Virtual Labs – нақты тәжірибелерді қауіпсіз, интерактивті ортада орындауға көмектеседі.
• BilimLand, Twig, Kahoot, Wordwall – білімді бекітуге арналған ойын түріндегі жаттығулар мен бейнематериалдар ұсынады.

Осы құралдарды сабақта пайдалану арқылы оқушылардың пәнге қызығушылығы артып, ғылыми түсініктері тереңдейді.

Цифрлық технологиялар арқылы химия пәнінде:

• Тәжірибе жасау мүмкіндігі кеңейеді. Виртуалды зертханалар арқылы қауіпсіз, экологиялық таза және үнемді түрде тәжірибе жасауға болады.
• Күрделі ұғымдар көрнекі түсіндіріледі. Мысалы, молекулалардың құрылымы, химиялық реакциялар механизмдері 3D форматта көрнекі ұсынылады.
• Оқушы белсенділігі артады. Цифрлық тапсырмалар оқушыны ізденуге итермелейді.
• Уақыт пен ресурстар үнемделеді. Бір сабақта бірнеше реакцияны модельдеу немесе бірнеше нұсқада тапсырма беру мүмкіндігі туындайды.

Цифрландыру – оқытуды жаңа сапалық деңгейге көтеретін маңызды құрал. Оқу үдерісін тиімді ұйымдастыру, оқушы белсенділігін арттыру, күрделі ғылыми ұғымдарды жеңіл әрі

көрнекі түрде меңгерту — цифрлық ресурстарды сауатты пайдаланудың нәтижесі. Білім беру саласындағы барша мамандарды осы бағытта бірлесе еңбек етуге, тиімді тәжірибе алмасуға және заманауи білім берудің тиімді жолдарын бірлесе қарастыруға шақырамын.

Әдебиеттер тізімі:

1. Әбенов, Қ. (2020). Цифрлық білім беру технологиялары: теория және тәжірибе. Алматы: Қазақ университеті баспасы.

2. Жанпейісова, М.М. (2019). Білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялар. Білім - Образование, №3, 12–17.

3. Лаптев, В.В. (2020). Цифровизация образования: вызовы и перспективы. Высшее образование в России, №2, 45–51.

4. Кудина, Т.В., & Бондаренко, И.Н. (2021). Информационные технологии в образовании: современное состояние и перспективы развития. Инновации в науке и образовании, №4, 29–34.

ХАЛЫҚ ӘНДЕРІН ОРЫНДАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІМЕН ТАНЫСТЫРУ

Хасенова Дина Сырымовна
Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы
Қ.Күржіманұлы атындағы №8 жалпы білім беретін мектебінің музыка пәні мұғалімі:

Кіріспе

Халық әндері – ұлттық мәдениетіміздің ажырамас бөлігі, халқымыздың сан ғасырлық тарихынан сыр шертетін асыл мұра. Бұл әндер әрбір ұрпаққа ұлттық рух пен тәрбиенің қайнар көзі ретінде қызмет етіп келеді. Дәстүрлі ән өнерін балаларға үйрету, олардың музыкалық қабілетін дамыту – ұлттық құндылықтарды сақтау мен жаңғыртудың маңызды жолдарының бірі. Оқушыларды халық әндеріне үйрету үшін 8–9 жас аралығында олардың музыкалық қабілетін анықтау – өте тиімді әдіс. Себебі бұл кезең баланың есту, ритмді сезіну және дауыс қою дағдыларының қарқынды дамитын шағы болып табылады. Сонымен қатар, дұрыс отыру, оң қолдың қағысын меңгеру, сол қолдың апликатурасын игеру сияқты техникалық дағдыларды қалыптастыру – ән үйрету үдерісінде маңызды орын алады.

Қазіргі таңда дәстүрлі әндерді үйретудің маңыздылығы арта түсуде. Эстрадалық бағыттар мен шетел музыкасының кең етек алуына қарамастан, ұлттық өнерді дәріптеу – ұлттық болмысты сақтау жолындағы маңызды қадам. Осы орайда, халық әндерін үйретудің әдістемесін заманға сай жетілдіру және жаңа технологиялармен ұштастыру дәстүрлі өнердің болашағына жол ашады.

Баяндаманың жаңалығы

- Музыкалық қабілетті ерте жастан анықтау және дамыту әдістерін жетілдіру;
- Халық әндерін үйретуде заманауи технологияларды (видео сабақтар, аудио жазбалар, онлайн платформалар) пайдалану;
- Дәстүрлі орындау техникасын қазіргі педагогикалық әдістермен ұштастыру.

Педагогикалық мақсаттылығы

Бағдарламаның мақсаты – оқушылардың музыкалық қабілетін дамыту, ритм сезімін қалыптастыру және дауыс қою техникасын жетілдіру. Сонымен қатар, халық әндері арқылы оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыру, ұлттық өнерге деген құрметін қалыптастыру көзделеді.

Мақсаты

- Оқушыларға халық әндерін орындаудың негізгі әдістерін үйрету;
- Музыкалық қабілеті мен ритмін тексеру арқылы олардың табиғи дарынын анықтау;
- Орындықта дұрыс отыру, оң қолдың қағысы мен сол қолдың апликатурасын меңгерту;

• Халық әндерінің мәні мен мазмұнын түсіндіру арқылы ұлттық мәдениетке қызығушылықтарын арттыру.

Негізгі бөлім

1. Халық әндерінің түрлері

Халық әндері тақырыбы мен мазмұнына қарай бірнеше жанрға бөлінеді:

• **Бесік жыры** – нәрестені ұйықтату мақсатында айтылатын, ананың мейірімі мен үмітін жеткізетін әндер;

• **Жар-жар, сыңсу, тойбастар** – үйлену тойларында айтылатын дәстүрлі әндер;

• **Лирикалық әндер** – махаббат, сағыныш, табиғат туралы әсерлі, жүрекке жылы тиетін әндер;

• **Тарихи әндер** – ел тарихы мен тарихи тұлғаларға арналған шығармалар;

• **Еңбек және тұрмыс әндері** – күнделікті тұрмыс-тіршілікпен байланысты туған әндер (мал бағу, аңшылық, егіншілік т.б.).

2. Орындау ерекшеліктері

• **Ауызекі таралу және импровизация**

Халық әндері ұрпақтан ұрпаққа ауызша беріліп келгендіктен, әр орындаушы оны өзінше орындап, жаңаша реңк береді. Импровизация – қазақ ән өнерінің маңызды элементі.

• **Дауыс мәнері мен сезім беру**

Ән мазмұнына сай дауыс екпіні, ырғақ және эмоциялық бояуы өзгеріп отырады. Мұңды ән – баяу әрі терең сезіммен, ал сергек ән – ширақ, жеңіл түрде орындалады.

• **Ұлттық аспаппен сүйемелдеу**

Халық әндері көбінесе домбыра, қобыз, сыбызғы сияқты ұлттық аспаптармен орындалады. Бұл аспаптар әннің ұлттық сипатын арттыра түседі.

• **Мағына мен мазмұнды сезіне білу**

Орындаушы әннің ішкі мағынасы мен мазмұнын түсініп, тыңдаушының жүрегіне жеткізе білуі қажет.

3. Халық әндерін сақтап, насихаттаған өнер иелері

• **Әміре Қашаубаев** – 1925 жылы Парижде қазақ әнін әлемге танытқан тұңғыш әнші;

• **Кенен Әзірбаев, Манарбек Ержанов, Жүсіпбек Елебеков** – халық әндерін кеңінен таратып, дәстүрлі әншілік мектептің қалыптасуына үлес қосқан өнерпаздар;

• **Бибігүл Төлегенова, Роза Бағланова, Мейрамбек Бесбаев** – халық әндерін қазіргі заманға бейімдей отырып, көпшілікке жеткізіп жүрген белгілі әншілер.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, оқушыларды ерте жастан халық әндерімен таныстыру – олардың ұлттық санасын қалыптастыру, өнерге деген сүйіспеншілігін арттыру және болашақта талантты өнер иелерін тәрбиелеудің маңызды алғышарты. Дәстүрлі ән өнері – халқымыздың рухани байлығы, оны сақтау мен насихаттау – әр ұстаздың, әр ата-ананың және әрбір азаматтың борышы. Халық әні – тек әуен емес, ол – тарих, тәрбие, руханият. Осы мұраны жас ұрпаққа жеткізу – ұлттық болмысымыздың өзегін сақтап қалудың басты жолы.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Жұбанов А. «Замана бұлбұлдары»
2. «Қазақ халық музыкасы». Алматы: Өнер баспасы
3. adebiportal.kz – Әдеби портал
4. e-history.kz – Қазақстан тарихы порталы
5. Музыка пәні оқулығы (9–11 сыныптар)

БІЛІМ БЕРУДЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ ДАМЫТА ОТЫРЫП, БАЛАНЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ

Шектыбай Кулаш Жанузаққызы
Жаңақоныс ЖОББМ көркем еңбек пән мұғалімі, Ақтөбе қаласы

Ұрпақ тәрбиелеу-ұлт болашағы,ұлт болып ұлысып, ел болып еліміз көтерген кезде қолға алар ісіміздің маңыздысының бірі — ұрпақ тәрбиесі. Халықтың болашағы — ұрпағы, ұрпақ тәрбиесі — ұстазда. Ұстаздың мұраты — жетілген, парасатты толыққанды азамат тәрбиелеу. Толыққанды азамат қалыптастыру үшін: ақыл-ой тәрбиесін, имандылық, еңбек, экономикалық, дене тәрбиесі, экологиялық, құқық тәрбиесін беру қажет.

Халқымыздың арғы-бергі тарихы мен дәстүрі, тарихи асыл мұраларымызды біліп,қастерлеп, бүгініміз бен келешегіміздің нәрлі қайнарына айналдыру-өмір қажеттілігінен туындап отыр. Тәрбие мен оқу егіз. Ол бір-бірінен бөліп алып қоя салуға болмайтын табиғатынан танылып тұрған үрдіс.

Бүгінгі күн талабына сай жаңа жүйеге көшу ол — тәрбие-білім жүйесі. Бұл біздің қай-қайсымызды да ойландыруы тиіс және «Мектепте заман талабына сай тәрбие жұмыстарын қалай жүргізуге болады?» деген сұраққа ең әуелі оның мақсатын, міндетін біліп алу дер едім.

Біз ұлы Мұхтар Әуезовтың «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген ұлағатты сөзін реті келгенде еске түсіріп, «Ел бесігі-мектептің» беталысы, бағыт-бағдары айқындалмай, аяқ алысы бекіп,көші түзелмей, мектептің әл ауқаты түзелмесі анық.

Қазақстан Республикасының **«Білім туралы»** Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауғабағытталған сапалы білім үшін қажетті жағдайлар жасау; жеке адамныңшығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшінжағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту» деп атап көрсетілген. Аталған міндеттердіжүзеге асыру үшін оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тиімді пайдаланусекілді мәселелерді анықтап алу, білім беру мен тәрбие жүйесіндегі басты ұстанымретінде әркімнің өзінің білім алуға деген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануғакөмектесетін оқыту жүйесін дамытуды қамтамасыз етуді көздейді.

Яғни, білім заңында әрбір азаматтың білім алуға құқықтығын негізге ала отырып, оқушы бойына ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастырып, құрметтеуге тәрбиелеудедидактикалық шарттар яғни оқыту, тәрбиелеу, дамыту, қалыптастыру үрдісін жан-жақты қамту қажеттілігі туындайды.

Өзімізді өзіміз бағалай білуге бет бұру – ұлттық байлығымызды игеру, ұлттықсанамызды дамыту. Ұлттық құндылықтарды іріктеп, оқыту процесіне енгізу арқылыұлттың тұнып тұрған асыл мұралық рухани байлығынан болашақта ел билейтін ұрпақтарды сусындатып, отбасында да, мектепте де ұлтжандалылық пенотаншылдыққа баулып, өз халқын, өз мемлекетін көздің қарашығындай қорғайтынтұлғаларды тәрбиелеп шығару.

Өз ұлтын қадірлеп-қастерлеген, ұлт қадірін білген азаматтыңбірі **Ж.Аймауытов:** *«Мен халыққа кіндігіммен байланып қалғанмын. Оны үзеалмаймын.Үзу қолымнан келмейді»* — дейді. **Сырым Датұлы:** «*Мен ағайындыекеумін: бірі —өзім, екіншісі—халқым» — дейді.*

Қазақ халқының осындай дәріптеуге, қастерлеуге, дамытуға тұрарлық ұлттық руханижәне материалдық құндылықтары туралы ұлағатты, құнды ойларын халық игілігіне, келешек ұрпақты, ел-жұртқа ие болар азаматтарды тәрбиелеуге неге қолданбасқа?

Бала бойына ұлттық құндылықтарды дамытудағы негізгі құралдарға мыналарды жатқызуға болады:

— сыныптағы тәрбие сағаттары;
— бұқаралық ақпарат құралдары;
— тәрбие шаралары (пікірталас,тәрбие сағаты,кеш, дәріс, таным-өнеге сағаттары, т.б.)

— кітап оқу;
— мектептен тыс және сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру;
— шығармашылық жобалар қорғау;
— қоғамдық ұйымдармен байланыс жасау;
— саяхат жасау,
— үйірмелерге қатысу.

Бүгінгі менің **«Тәрбие беруде ұлттық құндылықтарды дарыта отырып, бала интеллектуалын дамыту»** тақырыбымен ,тәрбие жүйесіндегі мына бағыттармен қол жеткізген, нәтижелі жұмыстарымды ұсынамын.

I. Психологиялық зерттеулер;
II. Тәрбие сағаттары;
III. Ата-анамен жұмыс;
IV. Сыныптан тыс жұмыстар;

I.Психологиялық зерттеулер

а)Темперамент типтерін анықтау

ә)Дарындылық картасы

Жыл басында мекеме басшысымен бекітілген жылдық жұмыс жоспары жасалынып, психологиялық жұмыстың бағыттары мынадай болып жүргізіледі. Олар психолог пен дефектологтармен біріге отырып жұмыс жасалынады.

Психологиялық диагностика мақсаты:

тұлғаның жеке және жас ерекшеліктерін, сондай-ақ, тұлғааралық өзара әрекет ерекшеліктерін зерттеу.

Психологиялық профилактика мақсаты:

тұлғаның психикалық және тұлғалық дамуында кездесетін сәтсіздіктерге ескерту жасау.

Психокоррекциялық дамыту мақсаты:

оқушының психикалық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларды болдырмау, жалпы оқу дағдысы мен біліктілікті дамыту.

Психикалық кеңес беру, кәсіби кеңес жүргізу мақсаты:

педагогикалық үдерістердегі қатысушыларға мәселелерді шешуге көмек көрсету.

Психологиялық білім көтеру мақсаты:

педагогикалық үрдістерге қатысушылардың психологиялық мәдениетін көтеру.

Осылайша жасалған жылдық жоспарға сай ай сайын күнтізбе жоспар, апталық жоспар жасалынып отырады.

а)Темперамент типтерін анықтау

Бала психологиясындағы темпераменттерді топтап , холерик, сангвиник,плегматик,меланхолик деп бөлеміз де ,біз ұстаздар кейде кез келген оқушы баланы осы темпераменттердің біріне жатқыза саламыз.Әрине, белгілі бір жағдайда және тумысынан баланың бойында осы темпераменттердіің бірі басым болатыны рас.Бірақ жас ерекшеліктеріне және тәрбиеге байланысты баланың психологиясы да өзгеріп отыратыны айдан анық емес пе?

Мектептегі психологиялық қызмет — халық ағарту жүйесіндегі аса қажетті салалардың бірі. Психологиялық қызмет арқылы мектептегі әрбір оқушының даралық ерекшелігінің дамуы анықталады. Психолог өзінің кәсіби біліміне сүйене отырып, баланың даму деңгейін белгілейді, түрлі психологиялық ауытқуларды дер кезінде аңғарып, оның түзету жолдарын тағайындайды, болуы мүмкін қиындықтардың алдын- алу үшін психологиялық шаралар ұйымдастырылады. Мектеп ұжымында кездесіп қалатын психологиялық мәселелерге өтініш түсуіне байланысты психологиялық кеңестер беріледі, ата-аналармен психологиялық ағарту жұмыстары жүргізіледі. Осылар арқылы мектептегі оқу- тәрбие жұмысының тиімділігін арттырады, әлеуметтік белсенді жеке тұлғаны қалыптастыруға атсалысады. Осы міндеттерді атқару барысында мектеп психологтарының атқарған жұмысы жөнінде тоқталып өтпекпін. Енді осы психологиялық темпераменттерді анықтау барысында өзімнің сыныбымдағы білім алушылар:

холерик-7,
сангвинг-8,
меланхолик-2,
флегматик-7 болып анықталды.

Үлгерімі төмен оқушылармен «Есту арқылы жадында сақтауды дамыту жаттығуларын жүргізу», « Көру арқылы есте сақтау қабілетін дамыту», «Ойынша көз алдына елестетуді жетілдіру жүргізу» атты тақырыпта жаттығулар ойындары ұйымдастырылды. Нәтижесінде оқушылардың ойлау қабілеті мен есте сақтау қабілеті дами бастады. Осы жұмыстарды жүйелі түрде уақытылы жүргізіп тұрсақ, үлгерімі төмен оқушының болмайтыны анықталатын еді.

ә)Дарындылық картасы

Қазақтың ғұлама ойшылдарының бірі Ы.Алтынсариннің:

Білмегенің бір басқа,
Білімдімен таласпа.
Білмедім деп бүгілме,
Білу үшін туылдың сен о баста! -деген ғажап сөзі бар. Осы ғылыми жобада өзімнің шәкіртім Елубек Нұрисламның зерттеу жұмыстарының нәтижелі болып табылатыны сол шунгит өнімдерінің қолданғанда өзгерістер пайда болғанын, адам ағзасына пайдасы бар екенін айтады. Қорыта келгенде Елубек Нұрислам осы бағыттағы жұмысының зерттеу нәтижесін жүйелі әрі бір ізді көрсете білді.

II. Тәрбие сағаттары

Әр сынып сағаттарының өтілу механизмін өзгертіп, тақырыптың мағынасына үңілуге, ондағы «Мен не үйрендім? Мен қалай үйренемін? Мен оны қайдан аламын?» сұрақтарына жауапты өз бойынан табуға тарту. «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», «Ардақта ата-анаңды», «Қарты бар үйдің қазынасы бар», «Құрбан айт туралы не білеміз?», «Мен қайырымды баламын», «Жақсы деген немене, жаман деген немене», «Тәуелсіздік елімнің тірегі», «Елбасы бастаған болашақ» тақырыптарында өткен тәрбие сағаттарында балалар бойына отансүйгіш, имандылық, тұлғаның адамгершілік қасиеттері артады, оянады.

III. Ата-анамен жұмыс

а)ата-аналар кеңесі
ә)дөңгелек үстел,тренингтер
б)Аз қамтамасыз етілген отбасылармен жұмыс

а)ата-аналар кеңесі

Айдан алқа ,жұлдыздан жүзік іздеп әуре болмай -ақ, ата-бабаларымыздың ақыл-кеңесін тыңдай білсек ,балалардан бақытты жан бұл дүниеден табылмас деп ойлаймын.отбасындағы бірауыздылық, өзара сыйлаушылық пен түсінушілік , жылы шырай -отбасы мүшелерінің рухани күшінің сарқылмас қоры; ата-ананың отбасында беделі үшін ,ал бүкіл отбасы ұжымы үшін -үлгі; ата-аналар мен сынып жетекшілердің балаларға бірыңғай талап қоя білуі .

* Ата-аналармен психологиялық ойындар ұйымдастырылып,(Сіз және балаңыз бір-біріңізді түсіне аласыздар ма? Тест алынды)

* Ата-аналар жиналысына шақырудың өзін түрлі форматта ұйымдастыруды қолға алдым.(«Ең үздік Гүлназ оқушымның ата-анасы», «жаупкершілігі мол Асылжанның анасын жиналысқа шақырамын», «Шығармашыл», «Дарынды», «Мейірімді», «Өжет», «Адамгершілігі мол», «болашақ кәсіпкер» т. б. теңеулерді жағымды тұстарын естірте отырып ата-аналарды жиналысқа шақыру қағаздың өзі ынта туғыздырады.

*Ата-аналар жиналысын сызба тіректермен,сюжетті суреттермен ,мағыналы цитатты сөздер іліп,ой қозғар әңгімемен ұйымдастырып отырдым.

ә)дөңгелек үстел,тренингтер

Ата-аналар комитеті айналысатын басты мәселелер:-Мектеп және сыныптар бойынша ата-аналар жиналыстарын,конференцияларын ,семинар -кеңестерді өткізуге көмектесу; үлгермейтін және тәбиесі «қиын» балаларды үнемі назарға алады, ең басты мәселе сынып жетекшіге

көмектесу.Балардың жазғы демалыстарын ұйымдастыру;саяхаттар,даталы күндерді атап өтуді - ұйымдастыруға қатысу.

Отбасылық тәрбие беру негізінде өткен ата-аналар консилиумы мен дөңгелек үстелдердің пайдасы орасан зор. Ата-аналардың қоғамдағы болып жатқан діни ағымдардың зияны туралы қаншалықты хабардар екенін анықтау мақсатында, оларға деген көзқарасы қандай екенін анықтау үшін сауалнамалар өткізіп отырамын.

«Адам өз өмірінің суретшісі» тренингі, «Кімге кімнің жақындығы» дөңгелек үстелі өткізуімнің барысында ,ата-аналардың мектеппен тығыз байланысы арта түсті деп, білім сапасы артты деп айта аламын.

б) Аз қамтамасыз етілген отбасылармен жұмыс

***** Сынып жетекшісінің ата – аналармен қоян – қолтық жұмыс істеуі мақсатты түрде өте ұзақ мерзімді қажет ететін процесс.Ол үшін, отбасыны және оның отбасы тәрбиесіндегі ерекшеліктері мен жағдайын жанжақты әрі жүйелі зерттеуді қажет етеді.

Ата – аналармен жүргізілетін жұмыстағы сынып жетекшісінің негізгі міндеттері. Ата – аналармен тұрақты байланыс орнату.Ондағы мақсат: отбасыны, оның мүшелерінің өзара қарым – қатынасы мәдениет деңгейін, жанұяның жеке басқа ықпалын, ата – ананың педагогикалық білім дәрежесінің жай – күйін анықтап, кеңес беріп, оларды бала тәрбиесіне ортақтастыруды көздейді.

Ата – аналармен педагогикалық және психологиялық ағарту жұмыстарын ұйымдастыру. Сынып жетекшісі бағытта ата – аналардың педагогикалық және психологиялық білімдер жүйесін меңгеруіне, балаларды әлеуметтік ортадағы мінез – құлқын жақсы білуіне сай, оларға ағартушылық қызмет атқарады. Қазіргі мектеп жағдайында ата – аналардың жалпы білім деңгейі сөзсіз артуда.Бұл олардың педагогикалық көзқарастарында қателіктің болмауына сенімдерін орнықтырады. Дегенмен де педагогикалық және психологиялық зерттеулер нәтижесі ата – аналардың психологиялық – педагогикалық мәдени деңгейлерінің төмендігіне үнемі назар аударады. Сол үшін, бүгінгі таңда қоғамның және ата – аналардың оған деген сұранысы күннен – күнге артуда.

Осы орайда, әрбір сынып жетекшісінің алдында тұрған міндет ата – аналар және мектеп жағдайына тура келетін жұмыс істеу формаларын таңдау.Сондықтан, мұнда мектеп тәжірибесінде ата – аналармен педагогикалық және психологиялық ағарту жұмыстарына қатысты өзін — өзі ақтаған кейбір дәстүрлі формаларды атаймыз.

Үлгерімі төмен оқушылармен « Есту арқылы жадында сақтауды дамыту жаттығуларын жүргізу» « Көру арқылы есте сақтау қабілетін дамыту» , «Ойынша көз алдына елестетуді жетілдіру жүргізу» атты тақырыпта жаттығулар ойындары ұйымдастырылды. Нәтижесінде оқушылардың ойлау қабілеті мен есте сақтау қабілеті дами бастады. Осы жұмыстарды жүйелі түрде уақытылы жүргізіп тұрсақ, үлгерімі төмен оқушының болмайтыны анықталатын еді.

* Жүйке жүйесінің қасиетін анықтау барысында сауалнамалар алынды.Мұнда ата - аналардың сауаттылығының деңгейлерін, өмірге деген көзқарастарын білдім.Қоғаммен қарым - қатынасының дәрежесін көрсетті.

* «Ана-жан жылуы» тақырыбы аясында сұрақ жауап, пікірлесу,әңгіме жүргізілді. Осы жұмыстар арқылы нәтижесінде ата-аналардың мектеппен бірлесуі мен көзқарасы,жауапкершілігі аз да болса көрініс тапты.

IV. Сыныптан тыс жұмыстар

Оқушылардың бос уақыттары мәдени шараларға; көлге шомылу, көкке шығу, спорттық ойындар, мазмұнды мерекелермен ұйымдастырылып тұрады. Оқушылардың бос уақыттары мәдени шараларға; көлге шомылу, көкке шығу, спорттық ойындар, мазмұнды мерекелермен ұйымдастырылып тұрады.

Кітапхана қорында оқушыға керекті кітаптар жетерлік,кітапхананың жұмыс уақыты таңғы сағат 9-дан, кешкі сағат 9-ға дейін. Оқушылар Және де сабақтан кейінгі уақытта үйірмелер жұмысын атқаруда. Оқушылардың бос уақытын тиімді өткізуі үшін дебаттық, спорттық, өнертапқыш клубтары және әр түрлі конкурстар, фестивальдар ұйымдастырылады.

Жеке адамның жақсы мінез-құлқы тек ұжым арқылы,көпшіліктің игі ықпалының арқасында ғана дамып,қалыптасады.Балалық әбестікпен көптің қадірін білмей,әркімге бір тиісіп,ерке-шора ,жеңілтек,ұшқалақ мінез көрсеткен баланы тәрбиелеу тәсілінде мінез-құлықты қалыптастыру әдісі ретінде жазалаудың алуан түрлі, лайықты ,тиімді түрлерін шебер қолдану ұстаздың педагогтік тәжірибесіне байланысты.

Мектептегі түрлі үйірмелер мен жарыс ойындар ,еңбек түрлері оқушының өзінің өзіне қызмет етуі, еңбек тәрбиесінің тәжірибелі тәсілдерін қолдану өз нәтижесін көрсетуде. Оқушылардың ұлттық құндылық қасиеттерін қалыптастыру негізінің бірден-бірімектепішілік жүргізілетін тәрбиелік іс-шаралар. Адамның бойына жақсы адамгершілікқасиеттерінің қалыптасуы, өнер-білімді игеруі – тәрбиеге, өскен ортаға, үлгі-өнегеберер ұстазға байланысты. Осыны жақсы түсінген халқымыз *“Ұстазы жақсының — ұстамы жақсы”, “Тәрбие басы – тал бесік*” деп ұлағатты ұстаздың еңбегін теккекетпейтіндей өсиет еткен.

Жеке тұлғаны ұлттық құндылықтар арқылы тәрбиелеуде алдымен төмендегідей **мақсаттар** қойдым.

— Өз халқы оның мәдениеті мен дәстүрлерін мақтаныш тұтатын Қазақстан азаматынтәрбиелеу.

— Жалпы адамзаттық негіздер мен құндылықтарды құрайтын саналы көзқарастарымен қағида ұстанымдарын тәрбиелеу.

— Қазақстан Республикасының азаматын тәрбиелеудің үлгісіне сәйкесэтнопедагогика,этнопсихоголия, этномәдениет негізінде тәрбие үрдісін ұйымдастыру.

— Оқушыларды табысты іс-әрекетте бағыттау, олардың шығармашылығы мен білімқұмарлығын дамыту, қолдау.

Ақын **Мағжан Жұмабаев** *«Баланы тәрбиеші дәл өзіндей қылып емес, келешекзаманына лайық қылып шығаруы қажет,»* — деген ойлары арқылы тәрбиені келер күнталабымен ұштастырады. Қазақ халқының тәрбие дәстүрі қай халықтың тәрбиесіненкем түсіп көрген емес. Олай болса бүгінгі ұрпағымызды халқымыздың баға жетпес байсалт-дәстүрлері негізінде тәрбиелеу, оларға ата-бабаларымыздың озық дәстүрлерінсіңіруіміз керек.

Балаға мейірлене қарасаң, ол да сені жанындай жақсы көріп толық сенімділік білдіреді.Жылы сөз, ұнамды мінез, ыстық мейірім қуанышы, ашық әңгімелесу арқылы баланың көңілін тауып,ішкі сырын ашу, бірақ ,не пайда , кейде әке мен ананың тарапынан қамқорлықтың жоқтығын және сүйіспеншіліктің тапшылығын сезген бала теріс ортаның қоршауына түседі. Осы орайда сынып жетекшілер баланың өзімшілдік мінезін тез байқап, ата-анасының тәрбие беру жүйесіндегі жіберген кемшіліктеріне назар аударып,балаға дұрыс ықпал жасау халық педагогикалық әдістері мен тәсілдерін тиімді етіп қолдану үшін ақыл-кеңес беріп отыру,сонда ғана баланың дүниеге көзқарастарының дұрыс қалыптасуына жағдай жасалады.

Меніңше, оқушының бойынан алдымен ел мен ұлттың намысы атойлап тұруы керек.Ол үшін **ұлттық құндылықты дарыту** негізінде жұмыстармен үйлесімін табатындай халқымыздың сан ғасырлық рухани нәрселерін баланың бойына сіңіріп,қандай қиын заманда да жауға басын имеген бабаларымыздың сат-дәстүрлеріне тәрбиелей білу, ұлттық тәлім тәрбиенің маңызына мән беріп,оқушылардың бойындағы өз Отанына, еліне сүйіспеншілігін ояту үшін іс-шараларды жиі өткізіп тұруы керек. Конференция кезінде мектеп өмірінен көрме ұйымдастырып,отбасының тәрбие тақырыптарына сан алуан, түрлі экспанаттарды көрсетуге болады.Олар ата аналардың үлгі істері,отбасылық тәрбие жайлы ,педагогикалық және сат-дәстүрлерге байланысты әдебиеттер,үздік оқушылардың тізімі,оқушылардың отбасы жайлы жасаған баяндамалардың тезистері.Конференция соңында ата-баба дәстүріне ,бала тәрбиесіне байланысты көріністер мен көркемөнерпаздардың концертін ұйымдастыру т. б. өте ұтымды.

Ұлттық құндылықтарымызды балалардың бойына қалай дарытамыз? Міне бұл сұрақтың жауабын былай берсе болады. Құндылықтарды іс-әрекет арқылы, сұрақтар арқылы, кері байланыс, рефлексия арқылы. Бұл баланың бойында өз Отанына, еліне деген сүйіспеншілік, құрмет, адамгершілік құндылықтарын қалыптастырады. Әрбір жас ұрпақ өз жері мен оның байлығының иесі болу үшін жаңа технологияларды меңгеріп, жаңаша өмір сүруге үйренудің

жолдарын білуі тиіс. Жастар бойына сапалы білім мен өнегелі тәрбиені рухани байлық етіп дарыту – мектептің асыл мұраты, атқарып отырған игі ісі.

Мәлік Ғабдуллиннің мына сөзі менің тәрбие туралы ойыма ой салды. «Тәрбие дегеніміз баланың үстіне кигізе қоятын дайын киім емес. Тәрбие жұмысының мыңдаған түрі мен қыры бар. Олар тәжірибеде сынала келе нәтижеге ие болады. Сондықтан тәрбие мәселесі мектеп өмірінде ешқандай маусымды, үзіліс дегенді білмейді, үздіксіз жүргізіліп отыратын процесс». Жаңа үлгідегі ұлттық мектеп моделін жасау және оның нәтижелерін жалпы білім беретін мектептердің оқу-тәрбие үрдістеріне енгізудің ғылыми әдістемесін қамтамасыз ету.

Қазақ мектебінің мәселесі-қазақ елдігінің мәселесі.Қазіргі уақытта өмірлік дағдылар мен біліктілікті қалыптастыру-тәрбиенің негізгі міндеті. Интеллектуалдық дамыған елді қалыптастырудың өзекті бір жолы толыққанды жеке тұлға тәрбиелеумен, оқушының жаңа ойлампаздығын дағдыландырумен, қазіргі ғылыми жетістіктердің негізін терең біліктендірумен ұштасады. Ғылыми-эксперимент жұмысының аса маңызды саласы сабақтан тыс тәрбие клубтары мен орталықтарын құру арқылы жүзеге асырылады, әрбір баланы қайталанбас тұлға деп қарастырып, оның өзгеше қасиеттерін дамыту мақсаты қойылған. Қай баланың болмасын бойынан жақсы қадір-қасиет іздеп табу, соған арқау сүйеу, оған үлкен үміт арту-ұстаз тәрбиесінің тәжірибесі болу керек. Тіпті, баланың әрең байқалатын ізгі қасиеттерін де айтып, жақсы талпыныстарын бағалап, үміт білдіріп отырса, соғұрлым ол сенімді бағалай біледі, ашыла түседі.

Сонымен қатар, жаңа білім беру мазмұнын жүзеге асыруда оқушының білім сапасын дамытудың мақсаты мен міндетін айқындаудың және тәрбие кеңістігінің тірек-талдау схемасын қалыптастырдық. Оқушыларға тәрбие арқылы білім беруде қоғамдық пәндердің атқаратын ролі ерекше. Ол шәкірттерде отансүйгіштік, ұлтжандылық, идеялық сенімді қалыптастырады. Оқушының рухани байлығын кеңейтіп, өзінің қоғамдағы орнын түсінуге көмектеседі, ұрпақтың ізгі талап-тілектерін оятады. Қазақтың ұлттық салт-дәстүрі, мәдениеті мен әдебиеті оқушылардың еңбексүйгіштік, ұқыптылық, моральдық қасиеттерін қалыптастырады.

Сонымен, сапалы білім мен жақсы тәрбие – ұзақ мерзімді талап ететін және екі жақты сипатқа ие болатын күрделі процесс. Ол мұғалім қажырлы еңбегінің нәтижесі ғана емес, ата-ананың отбасындағы тәрбиені ұйымдастыруына байланысты. Бала тәрбиесіне мектеп пен отбасының ықпалы күшті болса, болашақ жас жеткіншектерге берген тәрбиенің нәтижесі сапалы болмақ.

Озат сынып жетекшілері және үлгілі тәжірибемен қаруланған ұйымшыл отбасы баланы ұстамды ,берік мінезге тәрбиелейді.Еңбекке төселдіреді. Жоғары мәдени сауыққа дағдыландырады. Отбасы өзінің барлық өмірі мен іс-әрекеттерін нақты режим бойынша жүзеге асырса.Мұндай отбасында, оның әрбір мүешсі қуаныш сезіміне ,бақыт нұрына бөленеді, жігерлі жарқын жүзді, отанды сүю, патриоттық рухта балаға тәрбие беру салауатты өмір, спорт бірлікке, ынтымаққа, салт-дәстүрлерді, әсіресе адамгершілік тәрбие алып өседі.

Пайданылған әдебиеттер:

1. Билер сөзі. — Алматы: Қазақстан, 1996. — 237 б.
2. Дулати М. Х. Тарих-и-Рашиди. Алматы.1999.
3. С Ш Әбенбаева, А.М Құдиярова Ж.Ә . Әбиев педагогика 2003 ж. Қазақстан Ұлттық энциклопедия. Алматы. 2001. 3 том. 398 б.
4. Нұрмұратов С.Е., Сағиқызы А. Ұлттық рух мәселесі хақында // Халықаралық конференция материалдары. Алматы 2006. 176 б.
5. Интернет ресурс http://academy35.ru/node/130009
6. Интернет ресурс http://do.gendocs.ru/docs/index-19400.html
7. Қ.Бөлеев «Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау».-Алматы,2004ж
8. Д.Дьюи. «Демократия и образования».2000.
9. В.А. Сластенин, В.П. Каширин. «Психолоия и педагогика».-Москва, 2004 4.М.Жұмабаев. «Педагогика». 1991ж

АҒЫЛШЫН ТІЛІ САБАҒЫНДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНЫП , ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМЫТУ

Шонтық Айгүл Темірбекқызы
№28 жалпы орта білім беретін мектебінің ағылшын тілі мұғалімі, Шымкент қаласы

Рефлексивті есеп

Зерттеу тақырыбы :Ағылшын тілі сабағында жаңа технологиялрды қолданып,оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуы барысында орта білім берудің жүйелі реформалануы қоғамдық тұрғыдан үлкен маңызға ие болды.Еліміздің болашағы -бүгінгі балалар.Ал олардың қандай азамат болып шығуы мұғалңмдерге байланысты.Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға -мұғалім деп Стронг,Уард және Гранттар бекер айтпаған.Әр ұстаздың өз қалауы бойынша өз әрекетін дамытатын жаңа әдіс-тәсілдерді тәжірибеге енгізу жұмыстары жүргізіледі.

Не себепті бұл тақырыпты алдым мен жалпы сабақ беретін сыныптарым 5-6 сыныптар 11-12 жастағы балалар,және де осы жастағы балалар қимыл-қозғалыс ойындарды жақсы көреді.Сонымен қатар ағылшын тілін оқытуда қарым-қатынас,айтылым және тіл дағдыларын үйрету ,оқушылардың өзара ағылшын тілінде қарым-қатынас жасауы маңызды.

Өзара қарым-қатынастан бөлек түрлі рөлдерді ойнау арқылы шығармашылық дағдысы қалыптасады ,үлкен өмірдегі өздерінің мамандықтарын оңай табуға да үлкен әсерін тигізеді.Себебі қазіргі мектептің міндеті оқушыларды тек білімді игеріп қана қоймай алдағы өмірінде тиімді пайдалануға дағдыландыру.

Рөлдік ойындар -бұл балалар ересектердің белгілі бір функцияларын өздері құрған ойын жағдайында ересектердің іс-әрекетін және олардың арасындағы қарым -қатынастарды көбейтетін іс-әрекет .Бала сұхбаттасушымен байланыс орнатуды және сөйлесуді ғана емес,сонымен қатар мұқият тыңдауды ,өз ойларын тиімдірек білдіру үшін мимика мен қимылдарды қолдануды үйренеді.

Шет тілін оқытудың жаңа білім технологияларын меңгеріп сабақты дұрыс жоспарлау мен өткізудің орны ерекше.Олай болса ,шетел тілінің әрбір сабағының мақсаты шетел тілін оқытудың мақсатымен ,яғни тілді терең меңгеру және оны ұлтаралық қатынас құралы ретінде пайдалана білумен тығыз байланыста болуы жан-жақты қарастырылады.Осыған орай ,ауызша фонетикалық ,грамматиклық жаттығу мен жаттаған өлең ,тақпақтарды қайталау,электронды оқулықтағы дикторлардың оқыған мәтіндерді тыңдау ,әртүрлі ойындар ,жұмбақ ,мақал-мәтелдерді еске түсіріп өткенді пысықтау болса,екіншіден олардың шетел тіліне қызығушылығы мен ынтасын күшейте түседі.

Оқушылардың шығармашылық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдер өте көп.Соның ішінде рөлдік ойындардың орны бөлек.Рөлдік ойындарды жүргізу мақсатында өзімнің сабақ беретін сыныптарымда драма үйірмелерін ұйымдастырамын.

Драма үйірмесі ағылшын тілін үйренуде тиімді әдістердің бірі болып табылады. Бұл әдіс оқушылардың тілдік дағдыларын дамытуға, шығармашылық қабілеттерін арттыруға және тілге деген қызығушылықтарын оятуға көмектеседі.

Ағылшын тілі сабағында рөлдік ойындар (role plays) оқу үдерісін қызықты әрі тиімді етеді. Бұл әдіс оқушылардың тілді практикалық түрде қолдануына, сөйлеу дағдыларын дамытуға және өз ойларын еркін білдіруіне көмектеседі. Міне, ағылшын тілі сабағында қолдануға болатын бірнеше рөлдік ойын мысалдары:

1. Дүкенде сатып алу

Оқушылар екіге бөлініп, біреуі сатушы, екіншісі сатып алушы рөлінде болады. Сатып алушы қажетті затты сатып алу үшін сұрақтар қойып, ал сатушы тауар туралы ақпарат беріп, сатып алушыға көмек көрсетеді.

2. Ресторандағы тапсырыс

Бұл рөлдік ойында бір оқушы ресторанның қызметкері, екіншісі қонақ болады. Қонақ мәзірден таңдау жасап, тапсырыс береді, ал қызметкер тағамдар мен сусындар туралы сұрақтарға жауап береді.

3. Дәрігер мен науқас

Оқушылардың бірі дәрігер, екіншісі науқас рөлінде болады. Науқас өз жағдайын сипаттап, дәрігер оған диагноз қойып, емдеу ұсыныстарын береді.

4. Жұмыс сұхбаты

Бір оқушы жұмыс беруші, ал екіншісі жұмыс іздеуші болады. Жұмыс іздеуші өзінің білімі мен тәжірибесін көрсетіп, жұмыс беруші сұрақтар қояды.

5. Саяхатшы мен гид

Бұл ойында саяхатшы жаңа қалада болғанда, гид оған қаланың негізгі көрікті жерлері туралы ақпарат береді.

Рөлдік ойындар арқылы оқушылар өзара пікір алмасып, жаңа сөздер мен фразаларды меңгеріп, ағылшын тілінде еркін сөйлеу дағдыларын қалыптастыра алады.

Қолданылатын жаңа технологиялар:

Шығармашылық қабілеттерін дамыту әдістері:

1. Жобалық жұмыс: Оқушыларды топтарға бөліп, ағылшын тілінде тақырыптық жобалар жасауға бағыттау. Бұл оқушылардың шығармашылық ойлау қабілетін дамытады және топтық жұмыс дағдыларын нығайтады.

2. Рөлдік ойындар: Тілдік жағдайларда шығармашылық шешімдер қабылдауды дамыту. Мысалы, ағылшын тілінде шопинг жасау, саяхаттау, пікірталас жүргізу сияқты ойындар ұйымдастыру.

3. Карталар мен диаграммалар: Оқушылардың ойлау дағдыларын кеңейту үшін ағылшын тіліндегі тақырыптар бойынша ой карта немесе концептуалды диаграмма жасау.

4. Әңгімелесу және жазба жұмыстар: Оқушыларды ағылшын тілінде шығармашылық жазба жұмыстарын жасауға ынталандыру, мысалы, қысқа әңгіме жазу немесе эссе жазу.

Драма әдісінің артықшылықтары:

- Коммуникативтік дағдыларды дамыту: Драма арқылы оқушылар түрлі рөлдерді орындау арқылы сөйлеу дағдыларын жетілдіреді, бұл олардың тілдік қарым-қатынас қабілеттерін арттырады.
- Шығармашылық және сыни ойлауды қалыптастыру: Сахналық қойылымдар мен рөлдік ойындар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытып, сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын қалыптастырады.
- Мәдени түсінікті кеңейту: Әртүрлі мәдениеттер мен дәстүрлер туралы білімді драма арқылы меңгеру оқушылардың дүниетанымын кеңейтеді.

Драма әдісі ағылшын тілін үйретуде қолданылуда. Мысалы «Beauty and the Beast» қойылымын 5 -6 сыныптар арасында мектеп сахнасында Сман.А,Халметов.П,Пердалы .Ж, Балтабай А,Балтабай Н,Ғанибал А,Жарқынов Б,Абдухакарова Н,Ауған И, ертегісін және сатушы ретінде де рөлдік қойылымдар ағылшын тілінде сахналанды. Бұл қойылым көрермендердің жоғары бағасына ие болып, оқушылардың тілдік және шығармашылық қабілеттерін дамытуға үлкен септігін тигізген.

Алдында атап өткендей өз сабақтарымда оқушылардың шығармашылық дағдыларын қалыптастыру арқылы білім сапасын көтеру мақсатында өзімнің сабақ беретін сыныптарымның жалпы жағдайын анықтап алуым қажет болды:

- 5 “Б” сыныбы II тоқсандағы білім сапасы 50 пайыз. Сыныптың жалпы белсенділігі мен пәнге деген қызығушылығы жоғары, бір-бірімен бәсекелестікте жұмыс жасайды, алғыр оқушылар көп;
- 5“В” (б/с-66,7), “Г” (б/с-71,3) сыныптары салыстырмалы түрде қызығушылықтары мен белсенділігі төмен, үнемі жетелеп отыруды талап етеді;
- 5 “Д” белсенді оқушылар саны өзге сыныптармен салыстырғанда аз, б/с 50 пайыз.

Осы көрсеткіштер анықталған соң өз сыныптарыма Шығармашылық қабілеттерін дамыту әдісін және қысқа форматтағы бейнероликтерді жүйелі түрде қолдану үшін тапсырмалар жинағын жасақтап, драма үйірмесінің сабақ жоспарын жасадым.

Драма үйірмесінің бағдарламасы (театр ,қойылымдар мен көріністер арқылы оқушылардың қабілеттерін шыңдау)

Мақсаты	**Міндеті**	**Жаңашылдығы**
Оқушылардың рухани дүниесін байыта отырып,эстетикалық,көркемдік адамгершілік ,азаматтық тәрбие беру Оқырмандық,көрермендік талғамды қалыптастыру Ауызша сөйлеу мәдениетін қалыптастыру	-әдебиеттер өнер табиғатына сай оқи білуге,мән -мағынасын терең түсінуге мүмкіндік туғызу - көркем әдебиетті оқуға деген қызығушылығын ояту - жеке тұлғаның эмоциялық мәдениетін қалыптастыру - актерлік шеберлігін қалыптастыру,дамыту	- бағдарламада театрлық ойын әрекетінің құралдары жүйеленген ,балалар шығармашылығының түрлі жанрлары театрлық көрініске ену арқылы іске асуына негізделген

Драма үйірмесінің сабақ жоспары

№	Сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі	Оқушының аты - жөні
1	About myself	2	10.09-24.09	Сман Ақмарал
2	Describing people	2	9.10-23.10	Халметов Парвиз
3	My family	2	11.11-19.11	Балтабай Нұрай
4	My friend	2	10.12-24.12	Жарқынов Бекасыл
5	My flat	2	14.01-28.01	Ауған Ибрахим
6	“The little turnip”	2	11.02-25.02	Абдухакарова Нурия
7	Beauty and the Beast	2	4.03-18.03	Ғанибал Айназ
8	My favourite subject	2	8.04-22.04	Пердалы Жұлдыз
9	Shop assistant	2	6.05-20.05	Балтабай Айшуақ

Осы драма үйірмесінің сабақ жоспарында көрсетілгендей тапсырмалар рөлдік ойындар арқылы: тілдік жағдайларда шығармашылық шешімдер қабылдауды дамытты. Мысалы, ағылшын тілінде шопинг жасау, саяхаттау, пікірталас жүргізу сияқты ойындар ұйымдастырдым

және де сонымен қатар оқушыларға сөздікпен жұмыс,тыңдау жаттығулары,жазбаша тапсырмалар,жаттығулар жасатып алдыңғы білім мен жаңа білімді ұштастыру арқылы бір жүйемен жинақталады.Өз сабақтарымда рөлдік ойын әдісін байланыстыра отырып өтілген сабақтарымның нәтижесінде сыныптарымда тілді оқуға деген қызығушылығы едәуір өсіп, оқушылар өз бетінше ізденіп, келесі сабақтарға өздері қалап сахналағысы келетін ертегілерін ұсына бастады. Нәтижесінде:

- 5 “Б” сыныбы II тоқсандағы білім сапасы 50 пайыз болса III тоқсанда 53 пайызды, 5 “В” сыныбы 66,7-ден 78,5 пайызды, 5“Г” сыныбы 71,3-тен 74,5 пайыздық өсімді берді. Тіпті белсенділігі төмен деген 5“Д” сынып 50 пайыздан 55,4 пайызға көтерілді.

Алдыңғы сабақтарымда өзге әдіс-тәсілдерді қолданбадым деуге болмайды. Дегенмен нәтиже аз еді. Себебі үнемі түрлі тапсырмалар қолданғанымен ол тапсырмалар мен жаттығуларда, сөздіктерде бір бірімен байланыс бір сөзбен айтқанда бір жүйеге сүйену арқылы емес жалпы оқушылардың қызығушылығын артыру үшін, олардың назарын өзіме аудару үшін қолданғанымды түсіндім. Әрине, жоғарыдағы келтірілген жоспар бір сынып аясында ғана қолдануға келеді. Себебі, алдын айтқанымыздай, әр сыныптың өз қабылдауы, өз қызығушылығы мен материалды сіңіру қабілеті әртүрлі.

Қорыта келе ағылшын тілі сабағында жаңа технологияларды қолдану оқушылардың тіл үйрену үрдісін қызықты әрі тиімді етеді. Сонымен қатар, шығармашылық тапсырмалар олардың зияткерлік дамуына ықпал етеді, себебі олар оқушылардың қиялын ұштауға және ағылшын тілінде еркін сөйлеуге мүмкіндік береді.

ХИМИЯ САБАҚТАРЫНДА САНДЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ ӘДІСТЕМЕСІ МЕН ТИІМДІЛІГІ

Шүйіншалина Айгүл Жылқайдарқызы
Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Жаңақоныс ЖОББ КММ мектебі
химия-биология пәні мұғалімі

Қазіргі таңда білім беру саласында сандық технологиялар оқу үдерісінің құрамдас бөлігіне айналып, дәстүрлі оқыту әдістерін қайта қалыптастырып, тиімді оқытудың жаңа мүмкіндіктеріне бағытталуда. Химия сабақтарында осы цифрлық ресурстарды пайдалану маңызды әрі тиімді болып табылады. Өйткені қазір ғылым мен техника бір-бірімен тығыз байланысты болғандықтан, болашақ химик мамандарды дайындауда жақсы оқу материалдары мен құралдарының қолжетімділігі басты рөл атқарады. Сандық технологиялардың негізгі түрлері онлайн курстар, веб квест, ойын, бұлт технологиясы, мобильді оқыту, презентациялар, вертуалды лабораториялар, электронды кітаптар, видео роликтер, көрнеліктер жинағы т.б. Мектепте оқушыларға эксперименттік тәжірибелерді толық қамтамасыз етілмейді. Сол үшінде эксперименттік тәжірибелерді көрсету үшін цифрлық ресурстарды пайдалану оқушыларға бейнефильмдерді, вертуалды зертханаларды көру арқылы химиялық білім туралы алған әсерін тереңдетуге мүмкіндік алады, әрі бұл білімді есте сақтауды нығайтуға көмектеседі. Заманауи химия сабақтарында сандық технологиялар оқудың маңызды бөлігіне айналып, сабақтарды қызықты, интерактивті және оқушыларға оңай қолжетімді етуге көмектеседі. Химия сабақтарында осындай ресурстарды пайдаланудың әртүрлі әдістәсілдері көрсетілген. Қазіргі таңда оқушылардың мобильді смартфондарды күнделікті өмірде жиі қолдануына байланысты, электрондық оқулықтар және интерактивті оқу материалдары шыға бастады. Электрондық оқулықтарды пайдалану химияны қарқынды және интерактивті оқытуға мүмкіндік береді. Бұнда оқушылардың назарын аударуға және оқу материалын меңгеруді жеңілдетуге көмектесетін химиялық тәжірибелер, бейнелер, әр түрлі тапсырмалар мен тесттерді қамтиды. Электрондық оқулықтар мен интерактивті оқу материалдарын пайдалану химияны оқытудың инновациялық тәсілі болып табылады, ол оқу тәжірибесін дамытады және оны қызықты әрі тиімді етеді. Электрондық оқулықтардың басты артықшылықтарының бірі олардың қолжетімділігі. Оқушылар

оқу материалдарына кез келген уақытта және кез келген жерде компьютерлер, планшеттер немесе смартфондар арқылы қол жеткізе алады. Бұл әр оқушыны оқытуға мүмкіндік береді және әрбір оқушының жеке қажеттіліктерін қанағаттандырады. Сонымен қатар, электрондық оқулықтар мен интерактивті материалдарды пайдалану оқушылардың ақпараттық мазмұндағы дағдыларын дамытуға көмектеседі, бұл заманауи білім беру процесі үшін өте маңызды. Олар оқушыларды білім беру мақсатында цифрлық технологияларды тиімді пайдалануға үйретеді және өз бетінше білім алу және зерттеу дағдыларын дамытады . Әрине бұл электрондық кітаптыңда өзіндік кемшілігі де болары анық. Мысалы, оқушының көз жанарына кері әсерін беруі, бірақ бұл оқулықтарды да оқушы өз деңгейлеріне қарай қабілдайтын шекте болса тіптен жақсы (Захарова, 2021: 8-15). Бұл технологиялар оқушыларға химиялық заттар және жабдықтармен нақты зертханада құралдары жеткіліксіз немесе толық болмаса да, эксперименттер жүргізуге және химиялық процестерді бақылауға мүмкіндік беретін виртуалды зертханалар және симуляциялар. Әсіресе қауіпті болып саналатын эксперименттерді қауіпсіз түрінде көрсетуге, кейбір қымбат немесе аз мөлшерде болған реактивтер жеткіліксіз болғанда, зертханалық жұмыстарды жүргізудің кейде қиын тұстары болып, осы келеңсіздіктерді шешу мақсатында виртуалды зертхана арқылы көре алады. Үлкен қалалар мен аудандарда жақсы қамтылсада, ауылдық жерлерде зертханалық жағдайлары қолжетімсіз болуы мүмкін. Виртуалды зертханалар мен симуляциялар тек оқушыларды ғана емес, оқытушылардың да химиялық процестерді меңгеру қабілетін арттырып, уақыт үнемдеп, химияны оқытуға айтарлықтай үлес қосады. Осы технологиялардың арқасында білім алушылар компьютерде немесе басқа электрондық құрылғыда ойнауға болатын химия эксперименттерінің шынайы модельдеулеріне қол жеткізе алады. Әртүрлі химиялық зерттеулер жүргізуге мүмкіндік бере отырып, қосымша тесттер мен сұрақ жауап видеолар болады. Бұл әсіресе қаржылық немесе қауіпсіздік себептеріне байланысты зертханалық ресурстарға қолжетімділік шектелген кезде өте маңызды. Сонымен қатар, виртуалды зертханалар оқушыларға эксперименттерді кез келген уақытта және кез келген жерде жүргізуге мүмкіндік береді. Бұл білім алушыларға тәжірибелерді қайта қарауға және материалды жақсы түсіну үшін қосымша зерттеулер жүргізуіне септігін тигізеді. Кейде оқушыларды олимпиаларға немесе ғылыми конференцияларға дайындау барысында, тәжірибелік бөлімде еш қорқпастан материалды қайтадан қарап, виртуалды зертхананың деректеріне сүйене отырып, өзіне қажетті мағұлматтарды алуға болады. Жалпы, виртуалды зертханалар мен симуляциялар оқу үдерісін дамытатын, оны оқушылар үшін интерактивті және қолжетімді ететін, олардың практикалық дағдылары мен химиялық процестерді түсінуін дамытуға көмектесетін қуатты құрал болып табылады (Чернобельская, 2018: 336). Қазіргі таңда оқушыларға дәстүрлі оқыту форматында сабақ жүргізу оқушылардың аса қызығушылықтарын танытпайды. Соған қарамастан оқытушылар тақырыпқа мультимедиялық презентациялар және оқу бейнелерін дайындап келеді, бұл бейнелер мен презентацияларды күрделі тақырыптарды түсіндіру және химиялық процестерді көрсету үшін пайдалануға болады. Олар визуализация арқылы күрделі ұғымдарды түсінуге көмектесетін нақты эксперименттердің анимацияларын, графикасын және бейнелерін қамтиды. Презентациялар мен сабаққа қатысты бейнероликтер химияны оқытудың тиімді құралы болып табылады, бұл оқу үдерісін дамытады және оны оқушылар үшін қолжетімді және көрнекі етеді. Бейнефильмдер мен презентацияларды күрделі химиялық түсініктерді түсіндіру және әртүрлі химиялық процестерді көрсету үшін пайдалануға болады. Оларды пайдалану мұғалімдерге интерактивті және динамикалық сабақтар құруға мүмкіндік береді, оқушылардың назарын аударады және олардың оқу процесіне белсенді қатысуын ынталандырады. Бейнероликтер мен презентацияларды сабақта да, сабақтан тыс та, өз бетінше жұмыс істеу үшін де пайдалануға болады, бұл химияны оқыту барысын оқытушылар мен оқушылар үшін ыңғайлы етеді . Негізінен презентациялар мен бейне роликтері оқушыларға химиялық ұғымдар мен процестерді жақсырақ түсінуге және сақтауға көмектесетін тиімді құрал болып табылады. Оқушылар тек презентацияны оқып, карап қана қоймай, оларға оқытушы сабаққа қатысты презентация жасауға тапсырма берсе болады. Бейне роликте өте ұзақ емес, оқушылар қабылдайтындай қысқа, нұсқа және ең маңызды деген ақпараттар қамтылуы тиіс. Сол

бейне роликтерді қолданып, ойын технологиясымен сабақты ұштастырып, оқушылармен тығыз байланыста болып, сабақты қызықты өткізуге болады (Мычко, 2014: 295).

Цифрлық технологияларды қолдану арқылы әзірленген интерактивті оқу ойындары мен жаттығулары білімдерін тексеруге және химиялық есептерді шығару дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Оларға викториналар, кроссвордтар, интерактивті тесттер және оқушыларды қызықтыратын басқа да нысандар кіруі мүмкін. Интерактивті оқыту ойындары мен жаттығулары білімді тексерудің және химиялық есептерді шешу дағдыларын дамытудың тиімді құралы ғана емес, сонымен қатар оқудың тартымды тәсілі болып табылады. Олар белсенді қатысуды ынталандыратын, аналитикалық дағдыларды дамытатын және теориялық білімді практикада қолдануға көмектесетін ойындар мен жаттығулар сияқты әртүрлі форматтарда ұсынылады. Сонымен қатар, егер ойындар топтық тапсырмалар немесе жарыстар түрінде ойналса, олар командалық рух пен бірлікті дамытады. Жалпы сабақ барысында ойындар мен жаттығулар оқушылардың алған ақпараттарын есте сақтап қалуына мүмкіндік береді. Егер жеке не топтық есептер шығару жарысы болсада, оларға осы интерактивті оқу ойын түрінде өткізсе тиімдірек болады, әр оқушы белсенді атсалысады деп ойлаймын. Интерактивті оқу ойындары мен жаттығулары қазіргі білім берудің маңызды элементі болып табылады, оқу процесін қызықты және оқушылардың белсенді қатысуын ынталандырады Интернет ғылыми басылымдар, химиялық элементтер кестелері және химиялық қосылыстар мен реакциялардың дерекқорлары сияқты әртүрлі оқу материалдарына қол жеткізуге білім беру ресурстары және онлайн деректер базалары мүмкіндік береді. Бұл ресурстар оқушыларға білімдерін тереңдетуге және химия пәнінде қызықты тақырыптарды ашуға көмектеседі. Химияны оқыту үшін сандық білім беру ресурстары мен мәліметтер базасы құнды. Олардың көмегімен оқушылар қазіргі ғылыми мақалаларға, химиялық элементтер кестелеріне және химиялық қосылыстар мен реакциялардың деректер қорына қол жеткізе алады. Оқушы үшін тек кітаптан алған білім аздық етеді, егер ол сабақ кезінде берілген тапсырманы екі есе тың мәліметтер мен дайындалып келсе, өзіне де оқуышыларға да пайдалы және оның негізгі көзі осы интернет желісі. Бұл ресурстар білімді кеңейтуге, зерттеулер жүргізуге және химиялық ұғымдарды жақсырақ түсінуге көмектеседі. Онлайн сабақтар, вебинарлар және интерактивті материалдар химияны оқыту үдерісін байытып, оны қызықты әрі тиімді етеді. Мектепте болатын әр түрлі іс-шаралар кезінде, осы ресурсты тиімді қолданса, оқушы өз жұмысын терең меңгеруге, біліп үйренуге қызығушылығы арта түседі. Аталған сандық білім беру ресурстары химия сабағын тек қызықты өтуіне себепші ғана болмай, тың мәлімерттер мен сабақ тәжірибелерін ұзақ уақыт жоғалтпай, қосымша ойын түрінде өту мол білім алуға себепші болады (Құрманалиев, Мырзахметова, 2019: 255). Химия сабақтарында цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану қызықты, қолжетімді және тиімді оқу ортасын құруға көмектеседі. Бұл оқушылардың түсінуін жақсартады және білім алушылардың негізгі дағдыларын дамытуға көмектеседі. Осы мәселе аясында химия сабағында қолдануға арналған қазақ тіліндегі «Химия» қосымшасын айта кеткен жөн. Бұл қолданба жалпы химияның бейорганикалық және органикалық аспектілерін қамтиды. Оның құрылымында химия сабақтарында оқылатын әртүрлі тақырыптар бойынша виртуалды зертханалық жұмыстарды қамтитын бейне роликтер, конспектер және тақырыпқа қатысты тапсырмалар бар. Бұл қолданбаны пайдалана отырып, оқушылар химия сабақтарында түсініксіз болып қалған тақырыптарды қайталау арқылы білімдерін жаңартуға мүмкіндік алады. Сонымен қатар, зертханалық контексте, егер білім алушыларда реагенттер жетіспесе немесе практикалық зертхананы аяқтай алмаса, оқытушы химия ұғымдарын көрнекі түрде көрсету және түсіндіру үшін виртуалды зертханалық бейнелерді пайдалана алады. Химия XXI ғасырдың негізгі ғылымы, сондықтан оның технологиямен байланысы барған сайын айқын бола түсуде. Заманауи білім беру жүйесі оқушының тұлғалық дамуына ерекше мән береді және бұл тұрғыда химия мұғалімдері ерекше рөл атқарады, өйткені олар өз сыныбының қажеттіліктеріне бейімделуі керек. Бұл үдерісте технология мұғалімдерге өз мақсаттарына жетуге көмектесетін таптырмас құралға айналады (Добротин, Журин, 2018: 52-55). 1. Негізгі Бөлім Әлемнің дамыған мемлекеттеріне мысалы, Сингапур, Жапония және Америка елдеріне қарайтын болсақ, басым көпшілігі жаңа технологияны тез игеріп, қолданысқа енгізеді. Әсіресе білім жүйесінде өте

қарқынды даму бар. Осы аталған елдер білім жүйесінде сандық технологияны меңгеруде алдыңғы көш басшы мемлекеттер болып саналады. Сингапур білім беру жүйесі бойынша жан жақтылығымен ерекшелінеді. Сингапурда химия сабағын оқыту ақпараттық технологияларды, интерактивтілікті және онлайн ресурстарды қолдануға арналған. химиялық процестердің модельдерін қолданады, симуляциялар жасайды және лабораторияларда химиялық эксперименттерді оқушыларға ұсынады. Мысалы, бұл елдің 10-12 сынып оқушылары жыл соңында міндетті түрде өндірістік практикаға, оқу практикасына барады екен. Соның ішінде қандай технологиямен сабақ өтілгені және меңгергенін тексеріледі. Сингапурда химия сабағына арналған планшеттік қосымшалардың бірі, Periodic Table. Бұл планшеттік қосымша оқушыларға химиялық элементтердің ережесін түсіндіру үшін қолдау қолжетімді. Олар элементтердің химиялық қасиеттерін, ережелерін, сипаттамаларын және басқа ақпаратты тауып, алдын ала оқу процесін жаңартуға мүмкіндік береді. Жапонияда химия сабағын цифрлық технологиялар арқылы өту үшін көптеген инновациялық әдістер пайдаланылады. Бұл әдістер арқылы оқушыларға химиялық құралдар мен процестерді түсіндіру, интерактивті оқу процесін жаңарту және тәжірибелік нәтижелерді көрсету мүмкіндігі беріледі. VR және AR технологияларын пайдалану арқылы оқушыларға химиялық процестерді және молекулаларды 3D түрде көрсету. Бұл арқылы оқушылар молекуляларды жан-жақты көре алуға болады және химиялық реакцияларды моделдеу мүмкіндігі бар. Дамыған бұл елде цифорлық технология өте кең қолданыста болғандықтан, оқушыларға химиялық реакцияларды және процестерді симуляциялау арқылы оқу құралдарының жұмысын түсіндіруге мүмкіндік беріледі. Осы арқылы оқушылар сабаққа деген ынта жігерлері артып, жаңашылдыққа ұмтылады және осы технологияларды меңгере отырып, мүмкіндіктері де көбірек болып саналады. Жапонияда кеңінен тараған мобильді қосымшаға, Chemistry Apps жатады. Бұл түріндегі қосымша оқушыларға химия сабағына арналған мазмұндарды ұсынады. Олардың ішінде химиялық тақырыптардың түсіндіруші деректері, бақылаулар, тесттер, сағаттар мен өз ойын жеткізуге мүмкіндіктері бар. ChemSpider Mobile қосымшасына тоқтала кетсем. Бұл қосымша химиялық компоненттердің мәліметтер базасына қатынас жасауға көмектеседі. Оқушылар химиялық элементтер, сөйлемдер және қасиеттер туралы мәліметтер алуға болады (Загорский, 2017: 2-7). Америкада химия сабағын қызықты өту үшін көптеген технологияларды қолданады. Бұл технологиялар арқылы оқушыларға интерактивтілік, әділдік және мақсаттылықты қамтамасыз етеді. Американдық оқу орталықтары мен мұғалімдер қазіргі кезде көптеген технологияларды пайдалануда. Мультимедиалық материалдарды қолдану арқылы оқушыларға химиялық процестерлерді және реакцияларды қарауға қолжетімділігі арқылы олардың түсініктерін жаңартуға көмектеседі. Ал мобильді қосымшалардың біріне Molecule World қосымшасы жатады. Бұл қосымша арқылы оқушылар молекулаларды жан-жақты қарау және түсінуге мүмкіндік алады. Олар бұл бағдарламаның көмегімен молекулялардың 3D модельдерін қарау, реакцияларды түсінеді және молекуляларды жасай алады. Тағы бір түрі Chemistry & Homework Help by Meritnation қосымшасы. Бұл қосымша арқылы оқушылар химиялық тақырыптардың түсіндіруші деректерімен, тестермен, сабақтармен және өз ойын жетілдірудің мүмкіндіктерімен ерекше. Оқушылар химия сабағында қажетті кескінділер мен мәліметтерді игеруге болады. Оқушылар үшін барлық мүмкіндіктерді тиімді көрсетуге тырысқан және оқушылар сабақ соңында тапсырмаларды тест түрінде орындап, күнделікті өз бағаларын алуға мүмкіндік алады. Бұл қосымшалар оқушылар үшін тиімді уақыт жұмсауға және сабақтан алған білімді өз бетінше дамытуға мүмкіндік жасайды (Сәдуақасқызы, 2016: 281). Химия сабағының сандық білу беру процесін қолданылуы. Мысалы, 8- сыныптың қышқылдар тақырыбына. Ең біріншіден қышқылдар туралы мәліметтерді видео түрінде ақпарат берілсе, себебі, оқушы одан бұрын қай сабақтан келгені және химия сабағы басталғанда зейінді бір жерге шоғырландыру үшін көрсетілсе. Қышқыл деген не? Қандай қасиеттері бар? Қайда қолданады? - деген сияқты сұрақтардың жауабын оқытушының дайындап әкелген презентациясы арқылы өтіп, оқушылар толық XI Beynəlxalq Türk Dünyası Araşdırmaları Simpoziumu 11-13 İyun 2024 / Bakı 898 жауабын алса. Оқушылардың зейінін алған білімдерімен бөлісу мақсатында, дайындап әкелген химия суреттер жинағымен кері байланыстарға тоқталса, жалпы қалған уақытында оқытушыға

виртуальды зертхананы көрсетіп, сабақты жасғастыру. Сабақ соңында оқушыларға мобильді қосымша арқылы тапсырма беріп, ойын түрінде сұрақ жауап алып сабақты аяқтауға болады. Сандық білім беру ресурсын химия сабағында қолдану арқылы оқу үрдісінің көрнекілік деңгейін артырып, білім алушының ісәрекетін белсендіруге мүмкіндік береді. Бұл технологияны ойын, бұлт, проблемалық және дизайын ойлау т.б. әдістермен сабақты жоспарлап өтсете болады. Барлығында сандық технологияны қолданса сабақты өте нәтижелі түрде өткізіп және оқушыларға пайдалы білім бере алады. 1 Кесте: «Қышқылдар» тақырыбына сандық технологияларды пайдалану Білім саласына оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық қарым-қатынасқа шығу үшінде отандық ғалымдар мен жас мамандарда атсалысуда. Соның ішінде химия сабағының қызықты өтуіне себеп болар мобиьді қосымшалардың қазақ тілінде шығуы. Қазіргі таңда «Химия» атты мобильді қосымша қолданысқа кіріп жатыр. Бұл әсіресе өз еліміз үшін қазақ тілді қосымша болғандықтан қолданылуы қолайлы, әрі қызықты. Соның ішінде бейорганикалық химия бөліміндегі «Алғашқы химиялық ұғымдар» тарауының «Зат және оның түрлері, құбылыстар» тақырыбын «Химия» қосымшасы арқылы талданып көрсе. Қосымшада «Зат және оның түрлері, құбылыстар» тақырыбына кірген кезде, осы тақырыпқа байланысты қысқаша жазылған конспект көрсетілген (1-сурет). 1-Сурет: «Зат және оның түрлері» тақырыбы бойынша конспект Сонымен қатар, осы тақырыпқа байланысты жаттығулар тізімі (2-сурет). және әртүрлі тапсырмалар мен көрсетілімдер берілген (3-сурет). Мәселен, «Сәйкесін тап» тапсырмасында оқушылар өз бетінше берілген құбылыстарды физикалық құбылыстар және химиялық құбылыстарға жіктейді. Тапсырма соңында тапсырманы қаншалықты дұрыс орындағандарын тексере алады.

«Химия» қосымшасы мектепте химияны оқыту үшін айтарлықтай пайдалы. Біріншіден, ол оқушыларға сабақта берілген күрделі ұғымдар мен тақырыптарды жақсырақ түсінуге көмектесетін қосымша материалдарға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Бұған сабақтар, жаттығулар және виртуалды зертханалық бейнелер кіреді. Екіншіден, қосымшаны мұғалімдер оқу үдерісін байыту құралы ретінде пайдалана алады. Ресурстарға қол жеткізу шектеулі болғанда немесе нақты уақыттағы зертханалар мүмкін болмаса, оқытушылар негізгі химия тәжірибелері мен принциптерін көрсету үшін виртуалды зертханалық бейнелерді пайдалана алады. Осылайша, «Химия» қосымшасы оқушылардың оқу тәжірибесін байытады, оларға материалдарды жақсы түсінуге және есте сақтауға көмектеседі және мұғалімдерге күрделі ұғымдарды түсіндіруді және зертханалық жұмыстарды жүргізуді жеңілдетеді. Қорытынды Қазіргі ғылым мен технология дамыған кезде, білім беру жүйесіңінде қатар дамуы заңдылық. Соған байланысты мектепте оқушыларымыздың әр пәнді қызығушылық пен білуге деген талпыныстары өте өзекті деп есептеледі. Ал химия сабақтарында цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану оқу үдерісінде маңызды рөл атқаратынын атап өткен жөн. Интерактивті оқу материалдары мен виртуалды зертханалардан бастап мультимедиялық презентациялар мен онлайн ресурстарға дейінгі сан алуан сандық құралдар химия сабақтарын қызықты етіп қана қоймайды, сонымен қатар әр оқушының қажеттіліктеріне сай оқытудың әртүрлі әдістерін қолдайды. Тек оқушылар ғана емес, ұстаздарда әр түрлі әдістерді сабақ барысында ұштастырып, сабақты тиянақты өткізіп, бастысы оқушылардың сандық білім беру ресурстарын меңгере білуінде. Сонымен қатар, бұл қосымшаның ұстаздар үшін артықшылықтарының бірі – уақыт үнемдеу болып табылады. Осылайша, химия сабақтарында цифрлық технологияларды енгізу білім сапасын арттыруға көмектеседі және оқушыларды ғылыми прогрестің жылдам өзгеретін әлеміне сәтті бейімделуге дайындайды. Атап өткен мемлекеттердің білім жүйесіне қарап олардың дамыған елдер қатарында болуы да заңдылық. Сондықтан жастар біздің болашағымыз, оқушыларға білім беру барысында тиімді технология мен әдістерді қолданып оқытса, оларда пәнге деген сүйіспеншілгі, қызығушылығы артып, болашақта мықты мамандар болуға септігі тиеді. Қазіргі таңда ұстаздардың басты міндеті тек білім беріп қана қоймай, әр оқушыны болашақ өмірге дайындап, бәсекеге қабілетті тұлға етіп шығару.

ӘДЕБИЕТТЕР

Добротин, Д.Ю., Журин, А.А. (2018). “Интернет в обучении химии”. Химия в школе, № 7: 52–55. Загорский, В.В. (2017). “Интернет-ресурсы для учителя”. Химия в школе, № 9: 2–7. Пәрия

БАҒЫДАР, Назгуль АКИМБАЕВА, Нұрбала МЫРЗАХМЕТОВА 901 Захарова, И.Г. (2021). Информационные технологии в образовании: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. М. // Захарова И.Г., с. 8-15. Құрманалиев, М.Қ., Мырзахметова, Н.О. (2019). «Химияны оқыту теориясы мен әдістемесі» оқу құралы. Алматы, – 255 б. Мычко, Дмитрий Иванович (2014). Вопросы методологии и истории химии: от теории научного метода к методике обучения: пособие для студ. учреждений высш.образования //Д. И. Мычко ; БГУ. - Минск: БГУ. С. 295. Пак, Мария Сергеевна (2017). Теория и методика обучения химии : учебник // М. С. Пак. - Изд. 2-е, испр. и доп. - Санкт-Петербург ; Москва ; Краснодар. с. 366. Сәдуақасқызы, К. (2016). «Химияны оқыту әдістемесі» оқу құралы // Қызылорда: Полиграфия БҮ, – 281 б. Чернобельская, Г.М. (2018). Методика обучения химии в средней школе: Учеб. Для студ. высш. учеб. заведений. // М.: Гуманит. изд. центр Владос, с. 336.

МАТЕМАТИКА САБАҒЫНДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

Саттарова Сауле Сейткаримовна
Түркістан облысы Сарыағаш ауданы
№76 ЖББМ математика қосымша физика пәндерінің мұғалімі

2024-2025 оқу жылдары

Функциялық сауаттылық- адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші.Олай болса,функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім,білік,дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол-ұлттың,елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі.Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады.Сондықтан теория мен практиканың байланыста болуын қамтамасыз ету үшін әрбір пән бойынша берілетін білімнің мазмұны мен көлемін анықтағанда теориялық қағидалардың,заңдылықтар мен ережелердің,яғни ұғымдық-ақпараттық материалдардың бала өмірінде кездесетін түрлі проблемалық практикалық маңызы ескерілуі тиіс.Сондай-ақ оқушылардың оқу материалын тек жаттап қана алмай,оның мән-мағынасын терең түсінуін қамтамасыз ету міндетті болып саналады.

«Функционалдық сауаттылық»- ұғымы өткен ғасырдың 60-жылдары ЮНЕСКО құжаттарында пайда болды және жеке тұлғаны қалыптастырудағы әлеуметтік бағдарлануы.

Функционалдық сауаттылық — адамның қоғамда толыққанды өмір сүруі үшін қажетті білім мен дағдыны меңгеруі ғана емес, оны **әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қатынастарда** тиімді қолдана білу қабілеті. Функционалдық сауаттылығы қалыптасқан адам:

- қоғамның әлеуметтік мәселелерін түсінеді, пікір білдіре алады;
- мәдени шараларға қатысады, ұлттық және әлемдік мәдениетке құрметпен қарайды;
- азаматтық позициясын білдіріп, саяси сауатты шешім қабылдай алады (мысалы, сайлау, заңдарды білу, құқықтық әрекеттер);
- қаржылық сауаттылыққа ие болып, табысты басқаруды, тұтынуды, жинақтауды, инвестициялауды түсінеді.

Математика пәні бұл бағыттарды дамытуда үлкен рөл атқарады. Мысалы:

- **Экономикалық:** пайыз, кредит, салық, отбасы бюджеті сияқты тақырыптар.
- **Саяси:** статистика, график, диаграмма арқылы ақпаратты талдау (мысалы, сайлау нәтижелері).
- **Әлеуметтік:** халық санағы, тұрғын үй, көлік, инфрақұрылымға қатысты есептер.
- **Мәдени:** ұлттық үлгілер, өлшем бірліктері, тарихи санада қолданылатын есептеулер.

Математика сабағында функционалдық сауаттылықты дамыту жолдары

1. Өмірмен байланысты тапсырмалар

Сабақ барысында күнделікті тұрмысқа байланысты тапсырмалар енгізу оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырып, оның білімін тәжірибеде қолдануына жол ашады. Мысалы:

- дүкендегі жеңілдік есептері;
- жол жүру уақыты мен шығынын есептеу;
- пәтерді жөндеуге кеткен материал шығынын жоспарлау;
- пайыз бен несиеге байланысты есептер.

2. Жобалық және зерттеу жұмыстары

Функционалдық сауаттылықты дамыту үшін оқушыларға шағын зерттеу немесе жобалық тапсырмалар беру тиімді. Мысалы:

- "Отбасы бюджеті" жобасы арқылы оқушы табыс пен шығынды есептеп, қорытынды жасайды;
- "Мектептегі су шығыны" жобасы арқылы суды үнемдеу жолдарын іздестіреді.

3. PISA тапсырмаларына ұқсас жаттығулар

PISA (Programme for International Student Assessment) зерттеуіндегі тапсырмалар оқушының функционалдық сауаттылығын бағалайды. Мысалы, оқушыдан нақты өмірлік жағдайға сәйкес есеп шығару, дерекпен жұмыс жасау, график оқу, кестемен жұмыс істеу талап етіледі. Сабақта осы форматтағы тапсырмаларды қолдану – әлемдік стандартқа сай ойлауды дамытады.

4. Ақпараттық технологияларды пайдалану

Графиктер құру, статистикалық деректерді талдау, калькулятор немесе математикалық қосымшаларды қолдану – заманауи оқушының цифрлық және функционалдық сауаттылығын қатар дамытуға жол ашады.

Қорытынды

Қазіргі заманда оқушыларға тек білім беру жеткіліксіз, оларды алған білімін өмірде қолдана алуға үйрету – басты міндет. Бұл талап функционалдық сауаттылық ұғымының мәнін ашады. Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамның білімін күнделікті өмірде, нақты жағдайларда тиімді қолдана білуі. Ол тек оқу мен есеп шығару дағдысымен шектелмейді. Бұл ұғым адамның әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық өмірге белсенді араласуын қамтиды.

Математика пәні функционалдық сауаттылықты дамытуда ерекше орын алады. Сабақта күнделікті өмірмен байланысты тапсырмаларды, жобалық жұмыстарды, зерттеу элементтерін, графиктер мен диаграммаларға негізделген тапсырмаларды қолдану арқылы оқушылардың нақты өмірлік дағдылары қалыптасады. Мысалы, бюджет жоспарлау, пайыздық есептеулер, жол шығындарын есептеу, тұрғын үй алаңының сметасын жасау сияқты тапсырмалар – математиканы өмірмен байланыстыра отырып оқыту жолдары.

Сондай-ақ PISA форматындағы тапсырмаларды қолдану – оқушылардың функционалдық және сыни ойлау қабілетін дамытудың тиімді жолы. Бұл тәсіл оқушылардың логикалық, талдаушы және тәжірибеге бағытталған ойлау жүйесін қалыптастырады.

Қорыта айтқанда, функционалдық сауаттылықты дамыту – қазіргі білім берудің басты мақсаты. Әрбір мұғалім сабақта теорияны өмірмен ұштастыруға ұмтылуы керек. Бұл – оқушыны тек білімді ғана емес, сонымен бірге өмірге дайын, саналы азамат етіп тәрбиелеудің негізі.

БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯЛАР: ЦИФРЛАНДЫРУ ДӘУІРІНДЕГІ ЖАҢА БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІ

Данабекова Дамира Жетесовна
Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Аққайтым селосы,
«Жаңақоныс жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үдерісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай білім мен тәрбие беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі — маңызды мәселелердің бірі. Болашақта өркениеті дамыған елдер қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанда дамыған бәсекеге қабілетті елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін ол — білім. Сондықтан қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр. Инновациялық технологияларды меңгеруде мұғалімнің жан-жақты білімі қажет. Қазіргі мектеп мұғалімі: жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын, оқушымен тез тіл табыса алатын, білімді, шебер, іскер болуы тиіс. Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі — оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда мектеп мұғалімдері инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып, сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде. Білім беруде оқушы өзі ізденіп, тақырыпты оқып, түсініп, тақырып аясын кеңейтсе, жолдастарымен ой бөлігіне өз білгенін көпшілікке жеткізе алса, онда ұстаз еңбегінің нәтижесі болғаны, бұрынғы әдепке айналған оқу үрдісінде — оқушы белсенділік көрсетуге тиіс. Бүгінгі нарық заманында "Өмір бойы білім алу» әрбір Қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс», — деп Елбасы жолдауында көрсеткендей, отандық білім беру жүйесінің дүниежүзі білім кеңістігіне енуі білім саласына үлкен өзгеріс, жаңа леп әкелді. Енді «инновация» ұғымына тоқталатын болсақ, ғалымдардың көпшілігі оған әртүрлі анықтамалар берген. Мәселен, Э.Роджерс инновацияны былайша түсіндіреді: «Инновация — нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея». Майлс: «Инновация — арнайы жаңа өзгеріс, Біз одан жүйелі міндеттеріміздің жүзеге асуын, шешімдерін күтеміз»-дейді.\

Адам баласы рух (негізгі әлеуметтік және жеке құндылықтар мен принциптер) пен жанның (барлық психикалық процестер) және осы екі инстанциялар айқындайтын мақсаттарды орындап, бағдарламаларды іске асыратын тәннің ажырамас бөлігі. Психика, өз кезегінде, биологиялық және әлеуметтік, сана мен бейсаналық, зияткерлік және эмоционалды, рационалды және иррационалды бірлік болып табылады. Цифрлық оқыту әлі кеңінен танылмаған керемет байлықтан, жанама түрде осы бірліктің кейбір басқа компоненттеріне әсер ететін, тек интеллектуалды компонентті алады. Бүгінде әлем төртінші – «цифрлық» революцияның алдында тұр, осы орайда жаңа – цифрлық – білім беру технологияларын енгізу қажеттілігі туындайды. Жағдайдың артықшылығы және оның қорқыныштылығы: цифрландыруда шек жоқ. Толығымен «цифрлық форматқа» аударыла алмайтын бірде-бір қызмет саласы жоқ. Біз тек адам мен технология арасындағы, жеке өмір мен қауіпсіздік арасындағы шекараны анықтауымыз керек. «Цифрлық» саяси мәселеге айналуда, және бірнеше жыл бұрын цифрландырудың қызу қолдаушылары болған адамдар бүгінде шектеулер туралы ойлануға міндетті.

Білім жүйесін цифрландырудың негізгі мүмкіндіктерін саралап көрдім, ол дегеніміз:

Тәуелсіз болуға үйрету. Болашақ жүйе өз бетінше жұмыс істеуді көздейтіндіктен, оқушы бала кезінен білімге ұмтылу керектігін түсінеді. Мұндай тәрбие болашақта адамның мінезін берік етеді. Мұғалімдердің шамадан тыс қамқорлығынсыз оқушы жақсы нәтижеге жетеді.

Қағазбастылықтың болмауы. Мектеп оқушылары сөмкеде көп орын алатын және салмағы көп бірнеше оқулық пен дәптерді бірден алып жүрмеуі. Жүктеме соншалықты күшті болса, бұл баланың денесіне үлкен салмақ түсіреді. Цифрлық технологиялар адамды тау қағаз бен кітаптардан құтқарады. Компьютер барлық оқулықтар мен бағдарламаларға сәйкес келеді, ал планшет жұмыс кітаптарын ауыстырады.

Сақтау. Цифрландыру қағаз нұсқасын алып тастағандықтан, ата-аналар дәптер, оқулықтар, қалам және басқа да кеңсе тауарларына ақша жұмсамайды. Оның үстіне мектеп құралдары өте қымбат. Ескі жабдық бұзылған жағдайда ғана электронды нұсқаларды жаңасына ауыстыру қажет болады.

Мұғалімдердің жұмысын жеңілдету. Мұғалім мамандығы ең қиын мамандықтардың бірі болып саналады. Жастарды тәрбиелеуге көп күш пен жүйке жұмсалады. Цифрлық жүйеде мұғалімнің жұмысы тек көмектесу. Мұғалім оқушылардың даму бағытын белгілейді. Оқушылар мұғалімге тек даулы жағдайларда ғана жүгінеді.

Болашаққа қадам. Цифрлық білім беруге көшу – интернет-технологияларды құру жолындағы маңызды қадам. Қазір ғылым жоғары қарқынмен дамуда, күн сайын жаңа құрылымдар пайда болуда. Білім беруді цифрландыру мектеп оқушыларының болашақта ақпараттық әлемде жақсы шарлауына көмектеседі.

Қоғамымыздың қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдына оқыту процесін технологияландыру проблемасын қояды. Оқытудың әртүрлі технологиялары әзірленуде, білім беру мекемелерінің практикасына енгізілуде. Жаңа технологияларды игеру мұғалімнің зияткерлік, кәсіби, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да адами қасиеттерінің қалыптасуына жағымды әсер етеді. Жаңа технологиялар теориялық тұрғыдан дәлелденген және іс жүзінде жақсы нәтиже береді.

Дәстүрлі оқыту технологиясы. Бұл технологияның негізінде сыныптық-сабақтық оқыту жүйесі жатыр, яғни мұғалім білімін баяндайды, оқушылардың біліктері мен дағдылары қалыптасады, оқушылар оларды қайталау арқылы бекітеді, сабақтың қорытындысын бағалайды.

Модульдік оқыту технологиясы. Бұл технология оқу процесін өзгертеді. Білім алушы мұнда мақсатты жеке бағдарлама бойынша толық немесе бөліп-бөліп дербес оқиды.

Жобалық оқыту технологиясы. Осы технология бойынша оқу процесінде: назардың орталығы-оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Жоба бойынша жұмыста әр оқушыға өзінің даму деңгейін арттыруға мүмкіндік беріледі.

Қазіргі XXI ғасырда адамзат дамуының ерекше артықшылығы-ақпараттық өркениетке көшу, адамдардың зияткерлік қабілеттерін арттыратын компьютерлік технологиялар мен ақпараттық технологиялардың жедел дамуы. Қытай философының «Маған жәй айтсаң – ұмытамын, көрсетсең есімде сақтаймын, ал өзімді іс – әрекетке қатыстырсаң үйренемін» деген даналығы білім алушының білімге ықыласын аттыруда ақпараттық – коммуникативтік технологияларды пайдалана отырып, өзіндік ізденіс жүргізуді практикада жүзеге асырудың маңызды екендігін көрсетеді.

Мен қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі ретінде өз сабақтарымда ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, мәдени мұраны жадында сақтаған білікті тұлғаны қалыптастыруға үйретуде жаңа амалдың 7 модулін қолданамын. Бұл тәсілдің басқа технологиялардан айырмашылығы жеті модульде жатыр. «Сабақ - бұл мұғалімнің педагогикалық мәдениетінің айнасы»- деді А.Сухомлинский, осы жеті модульдің ішінен мен өзімнің пәнім үшін пайдалы, оны жарықтандыратын, оқушының қызығушылығын тудыратын, білімін жетілдіретін нәрсе туралы көп ойлағаным рас. Саралау арқылы мен әр сабақта бірден бір немесе бірнеше модульді қолдануға болатындығын анықтадым. Бұл қолданыстан ұтылғанымнан ұтқаным көп болды. Әр мұғалім өз сабағының – көшбасшысы. Ал оқушыны дұрыс бағыттай білу ол мұғалімнің, яғни біздің өз шеберлігімізге байланысты. Жалпы, оқудағы менің міндетім-оқушыларды өз бетінше жұмыс істеуге тәрбиелеу, үйрету, шығармашылық қабілеттерін дамыту, жаңа инновациялық технологияларды пайдалана отырып түсіндіру.

XXI ғасырдағы жаһанда болып жатқан өзгерістер мұғалімдердің біліктілігін арттыру жүйесіне де әсер етеді.Жаһандану жағдайындағы әлемдік білім беру жүйелерінің интеграциялық

білім жүйесікүн сайын жаңарып тұрады. Күн сайын түрлі ашылымдар ашылады. Күн сайын жаңа жобалар жүзеге асырылуда. Сондықтан әр күнімізге жаңа көзқараспен қарауға дайын болуымыз керек. Себебі, бұл - заман талабы. Мәңгілік елдің ұрпағы – біздің болашағымыз! Еліміз аман болсын, аспанымыз ашық болсын. Мыңдаған жылдар көк туымыз көк аспанда мәңгілік желбірей берсін!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. К.Ж. Бұзаубақова. Жаңа педагогикалық технология. (оқулық) Тараз.ТарМУ,2003ж. -12 бет.
4. Қ. Өстеміров, А.Айтбаева, Қазіргі білім беру технологиялары, Алматы, 2006ж. -91 бет.
5. Педагогика жаршысы №4 2010 ж.-177

ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН «ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ» 2-3 СЫНЫП АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ

Аханова Карлыгаш Кажагалиевна
Астана қаласы
ШЖҚ МКК "6 гимназия"
Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

Аннотация. Баяндамада қазақ тілі сабағында 2-3 сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту тақырыбы арқау етіліп, педагогикалық тәжірибе тарату көзделеді. Оқыту өзге тілде жүргізілетін мектептегі қазақ тілі сабағында оқушылардың оқу, жазу, сөйлеу және тыңдау дағдыларын дамытуға бағытталған түрлі әдіс-тәсілдер ұсынылады. Сонымен қатар, шығармашылық тапсырмалар, жобалық жұмыстар, проблемалық жағдайлар, тыңдау және сөйлеу дағдыларын дамыту үшін рөлдік ойындар мен пікірталастарды қолданудың тиімділігі көрсетілген. Технологияларды пайдалану арқылы білім беру процесін жетілдіру мүмкіндіктері де қарастырылған.

Негізгі сөздер: бастауыш сынып, қазақ тілі, функционалдық сауаттылық, оқу дағдылары, жазу дағдылары, сөйлеу дағдылары, тыңдау дағдылары, шығармашылық тапсырмалар, жобалық жұмыстар, проблемалық тапсырмалар, рөлдік ойындар, пікірталастар, технологиялар, мұғалімнің рөлі.

Қазіргі әлемдік білім кеңістігіндегі халықаралық стандарт талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субьектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде «функционалдық сауаттылықты» қалыптастыру мәселесін негізге алудың өзектілігін арттырып отыр.

Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым- қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады.

Сауаттылық тұлғаның тұрақты қасиеті болып табылатындықтан, функционалдық сауаттылық сол тұлға меңгерген белгілі бір білім-біліктерден көрініс табады. Өйткені функционалдық сауаттылыққа адам нақты білім алу кезеңдерінен өткеннен кейін қол жеткізеді. Бұл орайда білім белгілі бір сауаттылық деңгейін қамтамасыз ететін құрал және нақты іс-әрекеттердің нәтижесі ретінде қарастырылады. Ендеше, құзыреттіліктердің біртұтас бірлігі ретіндегі функционалдық сауаттылықтың мәнін, рөлін айқындауда 2-3 сынып оқушыларына арналған курсының маңызы зор.

Курстың мақсаты- оқушылардың сыртқы ортамен қарым- қатынас жасау қабілетін, оқушылардың өзгермелі өмірге бейімделуін, оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамыту, оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамыту, әлеуметтік- мәдени дамуының өлшемі, білім,

білік, дағдыларының құзыреттілікке ұластыру. Ол оқушылардың қатысымдық, ақпараттық, проблемалардың шешімін табу

Курстың міндеттері :

- бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жөніндегі шетелдік тәжірибені зерделеу және қолдану;
- бастауыш мектепті бітірушінің функционалдық сауаттылығының моделін құрастыру.

Өзектілігі: мектептегі берілетін білімді шынайы өмірмен ұштастырып, бастауыш мектепті оқушыларын үлкен өмірге дайындалуы. Бастауыш мектеп оқушыларының меңгеруі тиіс білім, білік, дағдыларының жиынтығы ретінде, яғни оқытудың түпкі нәтижесі ретінде оқушылардың бойында қалыптасатын құзыреттіліктер болуы.

Жаңашылдығы: Бастауыш сыныпта қазақ тілі пәнін оқытуда оқушылардың қарапайым ғылыми зерттеу дағдыларын қалыптастыру, тілдесім әректі, жазу, оқу білік, дағдыларын меңгерту мақсаттары арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда басты рөл атқаратын, басты орында тұратын ұстаным – теория мен практиканың байланыста болуы ұстанымы. Оның мәні – оқушыларға теориялық білім беріп қана қоймай, сол білім, білік, дағдыларын күнделікті жаңарып, өзгеріп жатқан өмірде, кез келген жағдаятта емін-еркін қолдана білуін қамтамасыз ету. Ол үшін күнделікті оқыту үдерісінде әрбір пәннен берілетін теориялық білімді өмірдегі жағдайлармен байланыстырып, практикалық жағына бағытталды.

Ұйымдастыру формалары: қатысымдық, рөлдік ойын, дара тұлғаға бағдарланған оқыту және сұрақ-жауап әдістері арқылы жүзеге асатын жағдаяттық тапсырмалар, рөлдік ойындар, сұхбаттық тапсырмалар.

Күтілетін нәтиже: Бастауыш сынып оқушылары пәндік білім, білік, дағдыларын әлеуметтік-қоғамдық ортада кез келген жағдаятқа сәйкес еркін , алған білімдерін өмірде, тұрмыс- тіршілікіте қолданады, функционалдық сауаттылығы қалыптасады.

Бастауыш сынып оқушыларының жаратылыстану ғылымындағы сауаттылығын қалыптастыруда ерекше орын алатын ұстанымдардың бірі – кіріктіру ұстанымы. Яғни, адам, табиғат, қоғам бөлек қаралмай, адамның іс- әрекеті үнемі табиғи ортада, қоғамда (отбасында, мектепте, қоғамда, табиғатта, т.б.) бір-бірімен байланыста қарастырылады.

Оқытудың нәтижелілігін арттырып, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда басшылыққа алынатын негізгі ұстанымның бірі – білімнің беріктігі ұстанымы. Бұл ұстанымның мәні – оқушылардың меңгерген білімдерінің берік әрі тиянақты болуы. Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда диалогты таңдауымыздың себебі ол күнделікті өмірде қолданылатын ауызша сөйлеу тілінің ең көп тараған және тілдік қатынастың табиғи түрі. Диалогтың жағдаяттылығы, алдында және артындағы айтылған жалпы ойға байланыстылығы, алдын ала дайындықсыз іске асатын сөйлесім әрекетінің түрі екені ескерілді. Диалогтік сөйлеуге үйретуде дайындық жаттығулары мен шартты сөйлеу жаттығулары ұсынылады.

Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыруда қатысымдық әдіс функционалдық сөйлеудің грамматикалық жағы мен лексикалық бірліктерді меңгертудің негізі ретінде алынды. Қатысым әдісі бойынша оқушыларды бірінші сабақтан бастап сөйлесім әрекетіне баулу, тілді үйретуді күнделікті өмрде жүзеге асыру, сабақты практикалық жағынан жан-жақты қамтамасыз ету ескерілді.

Өйткені кез-келген тақырыптағы тілдесім үдерісі сөйлеу, жазу, оқу, тыңдау әрекеттері арқылы іске асады. Бұл қатысымдық бағытта дайындалған тапсырмалардың мәні оқушыларды ана тілінде қарым-қатынас үдерісіне дайындау, сыныпта қарым-қатынас жасауға жағдай тудыру болып табылады. Қатысымдық әдіс ұсынылған тапсырмалардың бәріне ортақ, әсіресе жағдаяттық, рөлдік ойын, сұхбаттық тапсырмаларда басым болады. Осы әдістің функционалдық сауаттылықпен байланысы жағдаяттық, сұхбаттық тапсырмалардағы тілдесімде ерекше басымдылыққа ие болады. Рөлдік ойын әдісінде 2-3 сыныптағы балалар қарым-қатынасқа тез түседі де, кез-келген рөлді ынтамен орындайды. Рөлдік ойындар оқушыға өзін танытуға, жолдастарының пікірімен санасуға, дұрыс сөйлеу қабілетін жетілдіруге, жан-жақты білімін көрсетуге мүмкіндік береді.

